Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғамтуралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әрадамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

М. Жұмабаев: «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз [3].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың дәтілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

*Әдебиеттер*

1. Төлеубекова Р.К. *Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед. ғыл. канд. дисс. ... авторефераты* / Р.К. Төлеубекова. – Алматы. 1994. – 24 б.
- 2.. Бәшірова Ж.Р. *Адамгершілік тәрбиесінің әдістемесі* / Ж.Р. Бәшірова // *Қазақстан мектебі*. – 1991. – №7.
3. Жұмабаев М. *Педагогика* / М. Жұмабаев. – Алматы: Рауан, 2002.
4. Аймауытов Ж. *Халық мұрасы* / Ж. Аймауытов. – Алматы: Қазақстан, 2004. – 237 б.

*Нравственное воспитание*

К.К. Нурсарина  
учитель начальных классов Енбекшинской СОШ Железинского района,  
Павлодарская область, Казахстан

## Аннотация

В статье рассматриваются проблемы нравственного воспитания учащихся. Раскрыты особенности и условия нравственного воспитания, рассмотрены приемы педагогической работы по формированию духовно-нравственных качеств детей.

Ключевые слова: воспитание, нравственное воспитание, анализ, культура, национальное воспитание.

*Moral Education*

K. Nursarina  
Primary school teacher Yenbekshinsk Secondary school Zhelezinsk district  
Pavlodar region, Kazakhstan

## Summary

In this article, the problems of moral education of student are considered. The features and conditions of moral education are opened, the methods of pedagogical work on the formation of spiritual moral qualities of children are considered.

Keywords: education, moral education, analysis, culture, national education.



ӨОЖ 372.52

АНА ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
СӨЗ ҚОРЫН БАЙЫТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ  
ТӘСІЛІ

***А.Ш. Тлеулесова***

*педагогика ғылымдарының кандидаты, ПМПИ доценті,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан*

***Г.Б. Ракишева***

*Павлодар қаласы №21 ЖОББМ  
Бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар қаласы, Қазақстан*

***С.Қ. Айтуарова***

*№36 жалпы білім беру орта мектебінің қазақ тілі және қазақ  
әдебиетінің мұғалімі, Павлодар қаласы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Мақалада ана тілі сабақтарында бастауыш мектеп оқушыларының сөз қорын байыту бойынша жүргізілетін жұмыстардың тәсілі баяндалды.*

*Ана тілі сабағы жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының жүйесі және бастауыш сынып оқушылардың сөздік қорын байытудағы жүргізілетін жұмыстардың моделі жасалды.*

*Сонымен қатар сөз қорын дамыту бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстардың мазмұны, ана тілін оқытудың ерекшеліктері мен сөздік қорын дамыту жолдары жазылып, көрсетілген.*

*Тірек сөздер: сөздік қор, ана тілі, әдіс, даму жолдары, даму құралы, жүйе, моделі, тіл дамыту.*

*Ел басының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», – деген дана сөзі бар.*

*Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байытуда сөздерді үйретудегі ұстанымдары:*

- сөздің балалардың күнделікті өмірмен байланыстылығын ескерту;*
- үйретілген сөздің жеңілділігі;*

- балалардың ұғымына сөз мағынасының сай келуі;
- сөздерді оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алу;
- сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ескерту;
- сөздердің тәрбиелік, ізгілік ұғымына сәйкестілігін есепке алу және т.б.

Сөйлеуге байланысты мынадай талаптар қойылады: мазмұнды сөйлеу, дәл сөйлеу, жүйелі сөйлеу және мәнерлі сөйлеу.

Сөздік қорының ең маңызды міндеті балалардың ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөздер қорын толықтыратын сөздікті белсенді ету.

*Жаңа сөздерді есте сақтаудың тәсілдері мен жаттығулары да бар. Олар мыналар:*

1. Тақтаға сөз жазып, оны буынға бөлу;
2. Сөз мағыналарын анықтауда ұғымның белгілерін санайтындай жаттығулар (жаттығу жұмыстары);
3. Жаңа сөзді кірістіре сөйлем құрастырып, мағынасын ашу;
4. Жаңадан үйренген сөздерге байланысты шығармашылық жұмыстар (әңгіме эссе, мазмұндама, шығарма т.б.) жүргізу;
5. Орфографиялық жаттығуларға жаңа сөздер енгізу;
6. Сөздік жасату.(түсіндірмелі, алфавиттік немесе тақырыптық сөздер, бала сөздігі т.б.);

Бастауыш сынып оқушыларының сөз қорын байыту мақсатын шешуде біріншіден, балалардың меңгерген сөзі, сөз байлығы қаншалықты дәрежеде екендігін; екіншіден, сөз байлығының, сөз қорының аз болуының себебін, өзіндік ерекшелігін; үшіншіден, тілін байыту мен дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерін алдын ала анықтап белгілеу керек.

*Балалар сөздігін мынадай жолдармен байытуға болады:*

- Қоршаған органы байқату, аңғарту (табиғатпен, адамдардың қоғамдық және өндірістік еңбегімен таныстыру);
- Үлкендермен қарым – қатынас әңгіме өткізу, кездесу ұйымдастыру;
- Арнаулы тілдік жаттығулар жүргізу.
- Сыныпта және сыныптан тыс оқу (әңгіме мазмұнын талқылау және талдау) барысында т.б. жағдайларда.

Ана тілі сабағында тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру-балалардың ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырудың бірден-бір тиімді жолы. Олай болса, тіл дамыту дегеніміздің өзі-балалардың сөз байлығын арттырып, әр сөзді орынды қолдануы, сөйтіп, ойын жүйелі түрде білдіре алуы.

*Тіл дамыту үнемі жүйелі түрде жүргізіліп отыратын оқу жұмысы.*

*Балалардың сөздік қорын сабақта және сабақтан тыс уақыттарда дамыту мәселесі өзекті жұмыстардың бірі.*

Бастауыш сыныпта ана тілі сабағында жүргізілетін тіл ұстарту жұмыстары кітап оқу, мәтінмен жұмыс істеу, сұраққа жүйелі жауап жаздыру, табиғат көрінісін суреттеу, суретпен жұмыс істеу, жоспар жасату, мазмұндама, мақала, шығарма, өлең жаздыру арқылы жүзеге асырылады.

Ана тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітап пен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері.

Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып жүрміз. Жаңа технологияны, әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтерді.

Бастауыш мектепте оқытылатын әр пәннің оқушы тілін дамытуға қосар үлесі болғанмен, бұл үлкен міндетті жүзеге асыруда «Ана тілі» пәнінің атқаратын қызметі зор. Пәннің негізгі мақсатының өзі – оқушының сөздік қорын дамыту. Сөздік қормен қоса оқушының тіл мәдениеті нормаларын меңгеруіне түрткі болады. Оқушылардың таза, жатық, түсінікті сөйлеуін қалыптастыру – осы пәннің міндеттерінің бастысы.

Бастауыш мектепте ана тілі сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- сұрақ – жауап;
- әңгімелесу;
- әңгімелеу;
- түсіндіру;
- зерттеу;
- іздендіру;
- түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.

Жаңа технологияны, әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтерді.

Мақсаты:

– оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер туралы мәлімет беру;

- әдіс-тәсілдер туралы теориялық ұғым беру;
- әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету;
- ана тілінде таза сөйлеу дағдысын дамыту;
- жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру;
- қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздер арқылы қазақ халқын сыйлауға,

ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- сөздікті дамыту.
- сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру.

- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- диалогтік сөздің қалыптастыру.
- түсінгенін айта білу.
- көркем мәтінмен таныстыру.
- сауатты жазуға дағдыландыру.

*Ана тілі сабағының ең басты міндет* – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сол әдістерді ұсынып отырмыз.

*Түсіндіру әдіс* – жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданылды. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

*Көрнекілік әдіс* – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, екі немесе үш түстен болуы керек.

Бастауыш сынып оқушыларымен түрлі әдеби – музыкалық ойындар өткізу олардың әдеби тілде сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет. Оқушылар сөз тіркесі, сөйлемдерді оқығанда сөйлеу екпінін дикциясы, яғни сөзге, буынға екпінді дұрыс түсіруге үйренеді. Рөлге бөліп ойнайтын ойын баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі.

*Интерактивтік әдіс.* Интерактивтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың, өзара біріккен әрекетке бір – біріне алма – кезек әсер етуі. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді.

Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Қандай әдіс болсын мұғалім өз сабағына икемдеп қолдануы керек.

*Оқу материалдарын тез меңгертудің және ұзақ уақыт есте қалдырту әдістерінің жеті шарты бар:*

1. Әдіс шеберлігін үнемі жетілдіріп, сабаққа оқушылардың барлығын қатынастыру үшін баланың зейінін, ықыласын аудару білу қажет.
2. Сөздік қорды байытуға берілетін шағын мәтінді түсініп оқу, сонда ол бала ойында ұзақ сақталады.
3. Білімді меңгертуде шәкірт оның өмірде қажет екенін сезінсе, тез де жақсы меңгереді.

4. Оқу материалдарын жақсы игерту және оны есінде тұрақтандыру үшін баланың сабақ үстіндегі ойлау қабілетін жаңа білімді меңгертуге жұмылдырудың маңызы зор. Ол үшін сұрау тапсырманы түрлендіріп, баланың ой-қиялына бағыт беретін проблемалық ой ситуация шешуге жетекші болатындай етіп құрылуын қарастырған тиімді.

5. Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруда оқу материалының түрі, көлемі, жеңіл және күрделілігі ескерілсе, тәрбиеші шәкіртіне дұрыс нұсқау берсе тиімді болады.

6. Оқушылардың байқағыштық қасиетін тәрбиелеу ісі үнемі тәрбиешінің назарында болса, қабылдау мен бақылаудың дәлелдігін тәрбиелей алады, оқу үрдісі үстіндегі шәкірттерінің белсенділігін аңғарымпаздығын және жауапкершілігін күшейтеді.

7. Білімді есте қалдырудың ең өнімді жолы – еңбек. Бұл оқу материалын игерудің маңызды шартына жатады да, адамның адамгершілік тәрбиесімен тығыз байланыста дамиды. Мұнсыз ой еңбегінің нәтижелі болуы мүмкін емес.

*Ана тілі сабағында оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі әдіс-тәсілдерді сабақта қолданамыз:*

1. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.
2. Ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау.
3. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.
4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.
5. Табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастыру.
6. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу.
7. Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы).
8. Өлең, мақалдар құрастыру.
9. Шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу.
10. Кейіпкерге мінездеме беру.
11. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу.
12. Рөлге бөліп оқыту.
13. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус).

*Бастауыш мектеп оқушылары мен жүргізілетін сөздік қорды дамыту жұмысы негізінен мынадай мақсаттарды көздейді:*

1. Баланың ойлау қабілеттері мен тілін, дүние танымын дамыту, әр нәрсені

салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ажырата білуі және оларды жинақтап өз беттерімен қорытынды жасай білу.

2. Баланың тіл нормасына сай өз сөзімен, ойын дұрыс айтып бере алатындай дәрежеге жетуі тиіс.

3. Қосымша тапсырмалар арқылы балаларды өз Отанына шын берілген патриот, бір-біріне достық, бауырластық сезімге саналы да, белсенді еңбек етуге тәрбиелеу.

4. Баланың ана тілін сүйеге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдануға және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Бастауыш мектепте жүргізілетін сөздік жұмысы ауызша, жазбаша болып екі түрге бөлінеді.

Ауызша тіл дамыту жұмысы негізінде кітап оқу, көрген-білгенді әңгімелеп айтып беру арқылы орындалса, жазбаша тіл дамыту мазмұндама, шығарма т. б. с. жазу жұмыстары арқылы іске асады. Бұл жұмыстардың қай-қайсысы болмасын, сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретуге, оның шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады.

*Бастауыш сыныпта жүргізілетін сөздік жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:*

1. Өз ойын тыңдаушысына білдіру, ұғындыру үшін оқушының ұғымы да кеңейе береді, әрі тілі орамды болып пікірін толық жеткізе алады. Ал сөздік қоры тапшы бала сөйлегенде көңілінде сайрап тұрған ойын дәл білдіруге қажетті сөз таба алмай, сасқалақтап, қиналып қалады.

2. Баланың сөзі грамматикалық құрылысы жағынан дұрыс, мінсіз болуға тиіс. Грамматика сөздердің тұлғаларын, олардың өзара бір-бірімен байланысын анықтаумен қатар, жаңа сөз тудыруды да қарастырады.

Ендеше сөйлеу барысында қолданылған сөздер тілдің заңдарына сай болуы қажет. Дұрыс, мінсіз сөйлеуге үйрету жұмысы грамматика сабақтарында соған байланыстыра жүргізіледі. Сонымен қатар бұл жұмыс грамматика сабақтарынан тыс, өз алдына бөлек сабақ ретінде ұйымдастырылады.

3. Дұрыс сөйлеу мәдениетін тәрбиелеуде, алдымен бала тілдің дыбыстық құрылымын толық меңгеруге тиіс. Бала үлкендерге еліктеу арқылы ана тілінің сөз екпіндерін, интонациясын дұрыс сақтауға үйренеді.

Баланың сөзі анық, мағынасы дәлме-дәл келетін сөзді таңдап теріп алып сөйлеуге қазақ тілінің сөз байлығы жеткілікті.

4. Балалар ойын тәртіппен бір жүйеге түсіріп айтуға тиіс. Бұлай дағдыланбаған оқушы әңгімедегі оқиғаларды еске түсіруіне қарай байланыссыз, шашыратып айтады да, оның мағынасы мүлде түсініксіз болып шығады.

5. Балалардың сөздері таза болуға тиіс. Яғни балалар ойды білдіруге көмегі жоқ, артық сөздерді қолданбай, таза сөйлеуге дағдыланатын болуы керек.

Дұрыс ұйымдастырылған сабақ балалардың белсенділігін арттырады. Мектептегі тәртіптілікке үйретудің құпиясы – осы. Туған өлкесі, өз халқының озық дәстүрі мен әдет – ғұрпы жайында мағлұмат беру. Балаларға сәби үнінен бастап атадан – балаға мұра болып келе жатқан ұлттық мәдениетімізді олардың санасына сіңіре беру керек, қазақ халқының өзіне тән ерекшелігі бар қолөнерін көрсете отырып, балалардың эстетикалық талғамын арттыруға болады.

Сабақ кестесін құру. Бастауыш мектеп мұғалімінің жұмысындағы негізгі бір мәселе – сабақ кестесін дұрыс жасау, сабақ жоспарын жан – жақты ойластыра отырып құрастыру, сонымен қатар әр топтағы сабақ уақытын орынды пайдалану.

Бастауыш мектеп мұғалімі ана тілі сабағы арқылы тіл ұстарту тапсырмаларын дұрыс жоспарлап өткізе білуі – аса маңызды жайт. Бастауыш сынып мұғалімі төмендегі талаптарды ескерген дұрыс:

- 1) Оқушының деңгейіне байланыста тапсырма дайындау;
- 2) Бағдарлама талабына сәйкес, сабақты алдын ала жоспарлау.
- 3) Күнделікті өткізетін сабақтардың әр бөлігін жете ойластыру.
- 4) Уақытты үнемдеп, дәлдікпен пайдалана білу.
- 5) Сабақтың мазмұнына қарай жылжымалы кестемен жекелей жұмыс жүргізуге мән беру.

- 6) Күнделікті сабаққа қажетті көрнекілікті, слайд, үлестірмелі материалдарды, алдын – ала дайындап қою.

- 7) Баспадан жарық көрген педагогикалық еңбектерді үнемі қадағалап, қажеттісін дер кезінде пайдаланып отыру.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту, олардың жоспарлау және ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруда оқу-зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Танымдық іс-әрекеттің шығармашылыққа ұмтылу арқылы сипатталады. Өз бетімен білім алуға ұмтылу танымдық ізденімпаздықты қажет етеді.

#### *Әдебиеттер*

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2004.

2. Сарбаев Ш.Х. Ана тілін оқыту әдістемесі / Ш.Х. Сарбаеваі. – Алматы, 1997.

3. Рахметова С. Ана тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (I–V сыныптар / С. Рахметова). – Алматы, 2004.

4. Қабатаева Б.Т. Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі: пед. ғыл. канд. дис. автореф. / Б.Т. Қабатаева. – 2005.

5. Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш класта текспен жұмыс істеудің әдістемесі: әдістемелік оқу құрал / Т.М. Әбдікәрімова. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.

***Использование эффективных методов и приемов  
для обогащения словарного запаса на уроках казахского языка***

Г.Б. Ракишева

учитель начальных классов СОШ №21, г. Павлодар, Казахстан

С.К. Айтуарова

учитель казахского языка и литературы, СОШ №36, г. Павлодар, Казахстан

А.Ш. Тлеулесова

кандидат педагогических наук, доцент,

Павлодарский государственный педагогический институт, Павлодар, Казахстан

**Аннотация**

В данной статье говорится об использовании эффективных методов и приемов для обогащения словарного запаса у учащихся на уроках казахского языка. Создана система и модель для развития речи учеников начальных классов. Указаны пути развития речи с содержанием и особенности словарного запаса на уроках родного языка в начальных классах.

Ключевые слова: словарный запас, родной язык, методика, пути развития, инструменты развития, система, модель, развитие речи.

***The use of effective methods and techniques for enriching  
the vocabulary on the lessons of the Kazakh language***

G.B. Rakisheva

Teacher of secondary school №21, Pavlodar, Kazakhstan

S.K. Aytuarova

Teacher of the Kazakh language and literature, secondary school №36

Pavlodar, Kazakhstan

A.S. Tleulessova

Associate professor of the Pavlodar state

pedagogical institute, Pavlodar, Kazakhstan

**Summary**

In this article talked about method of done work at mother language lesson. At the mother language lesson did model dictionary resource. And also mother language word resource to is conducted language develops workmaintenance, teaches feature and dictionary resource develops line is written, is shown.

Keywords: mother language, dictionary resourcethod, development lines, development develops means, system, model, language rich.



УДК 372.857: 004(=111)

КОНЦЕПЦИЯ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНИКА ПО БИОЛОГИИ  
НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ  
ДЛЯ ШКОЛ С РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

***З.К. Темиргазина***

*доктор филологических наук, профессор кафедры русского языка и литературы,  
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан*

***Т.И. Дягилева***

*учитель гимназии №3 для одаренных детей, г. Павлодар, Казахстан*

***Г.К. Хамитова***

*учитель гимназии №3 для одаренных детей, г. Павлодар, Казахстан*

***Ж.Б. Абильдинова***

*кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков,  
Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, Казахстан*

*Аннотация*

*В статье излагается концепция электронного учебника по биологии на английском языке, разработанная с целью внедрения полиязычного обучения в средние школы с русским языком обучения Республики Казахстан. Определены основополагающие методологические принципы электронного учебника: обучение предмету через английский язык; модульно-тематический принцип построения учебника; минимизация теоретического текстового материала, акцент на озвучивание и визуализацию контента; техническая доступность для основных пользователей – учителей-предметников и учащихся.*

*Ключевые слова: электронный учебник, полиязычное образование, биология, модульно-тематический принцип, модуль, тестовые задания, анимация.*

**Введение**

Создание электронных учебников (ЭУ) по биологии на английском языке для средних общеобразовательных школ является сегодня одной из самых актуальных проблем казахстанского образования, в решении которой самое активное участие должна принять высшая педагогическая школа Казахстана и учителя-практики.

Актуальность этой проблемы обуславливается несколькими социально значимыми факторами:

– во-первых, необходимостью реализации в учебном процессе изложенного в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» культурного проекта «Триединство языков» [1] и Концепции полиязычного образования, принятой в РК [см. об этом: 2];

– во-вторых, особым вниманием к преподаванию предметов естественно-математического цикла в средних школах Казахстана;

– в-третьих, требованием компьютеризации учебного процесса в средней школе, которое было заявлено в казахстанском образовательном проекте «e-learning».

Однако, несмотря на позитивные изменения и определенные достижения казахстанской средней школы, во внедрении полиязычного образования возник ряд трудностей, касающихся, прежде всего, педагогических кадров, способных осуществлять преподавание предметов естественно-математического цикла на английском языке, и учебно-методического сопровождения преподавания этих предметов на английском языке. Так, например, насущная потребность обучения биологии на английском языке в средних школах до сих пор не обеспечена учебно-методическими комплексами, созданными с учетом казахстанских Государственных стандартов образования, типовых программ и, что немаловажно, с учетом казахстанских традиций преподавания этого предмета в средних школах. Существующие учебники биологии на английском языке, используемые, к примеру, в казахско-турецких лицеях, не в полной мере отвечают перечисленным выше требованиям.

В связи с острой необходимостью в казахстанских школах учебников по предметам естественно-математического цикла (в т. ч. биологии) на английском языке, соответствующих ГОСО РК, а также потребностью в электронных учебниках разработка данных ЭУ обеспечивает возможности для прорывных результатов в среднем образовании в сфере полиязычного обучения и выхода его на новый качественный уровень – уровень электронного обучения.

### **Концепция учебника**

Разрабатываемые электронные учебники призваны осуществить научно-методическое сопровождение преподавания на английском языке такого важнейшего предмета естественно-математического цикла, как биология для учащихся 7–8 классов средних общеобразовательных школ с русским языком обучения. Предлагаемые учебники составлены на основе действующей учебной программы по предмету «биология», утвержденной Министерством образования и науки РК, с учетом возрастных особенностей учащихся.

Авторская группа, работающая над созданием учебников, включает опытных учителей-биологов, специалистов по IT-технологиям, которые имеют большой опыт в создании электронных оболочек для различных учебных пособий, специалистов английского языка, занимающихся переводом и адаптацией контента. Предлагаемый проект имеет большой задел и предварительные результаты, полученные в ходе проведения эксперимента по внедрению полиязычного обучения в рамках опытно-экспериментальной площадки, созданной ПГПИ на базе гимназии №3 г. Павлодара в 2012 г. Так, учителями биологии 7–8 классов апробирован содержательный модульно-тематический принцип по отбору теоретического материала на русском языке и его переводу на английский язык, разработана система заданий и упражнений по биологии с учетом полиязычного подхода к ее изучению.

Предлагаемые электронные учебники по биологии на английском языке для учащихся 7–8 классов опираются на методологический принцип – обучение биологии на английском языке, а не обучение английскому языку через предмет «биология», как это нередко наблюдается в сегодняшней практике полиязычного образования в средних школах РК с тем или иным языком обучения. Эта практика приводит к тому, что приоритетом для учителя становится знание английского языка в ущерб предметным компетенциям по биологии. Иными словами, учащиеся должны в полном объеме усвоить знания, умения и навыки по биологии, овладевая биологической терминологией и учебно-научным стилем на английском языке. Этот принцип позволяет учащимся приобрести прочные знания и необходимые компетенции по предмету «биология». Глубокое осознание указанного принципа должно лежать в основе концепции учебника – английский язык есть средство овладения предметом «биология» учащихся, основным языком обучения для которых является русский, т.е. учебник должен быть построен с учетом двух языков: английского, на котором ведется преподавание отдельного предмета, и русского – основного языка обучения. Учет этого принципа проявляется в выборе и формулировке заданий и упражнений, многие из которых основаны на переводе терминов с одного языка на другой, а также в том, что текстовый материал на английском языке сопровождается его переводом на русский язык и т.п.

Еще одним принципиальным подходом к созданию ЭУ по биологии на английском языке является модульно-тематический принцип структурирования контента – теоретических сведений и комплекса упражнений, тестов и заданий. Третий принцип, на который опирается разработка ЭУ, – это принцип минимизации в пределах необходимости текстовых теоретических сведений, излагаемых на английском языке. В соответствии с этим принципом значительная нагрузка по усвоению знаний и формированию умений приходится на разнообразные мультимедийные средства аудизации, визуализации и анимации. И четвертый принцип – это

техническая доступность для основных пользователей – учителей-предметников и учащихся.

Авторская группа опиралась на основополагающие казахстанские государственные стандарты [3] и типовые программы [4] в области образования, касающиеся содержания учебника и требований к ЭУ, а также на достижения зарубежных исследователей в создании электронных образовательных ресурсов [5; 6].

### **Содержание учебника**

Если говорить детальнее о содержании каждого модуля, то отметим, что первая часть каждой темы содержит общую характеристику рассматриваемой систематической группы, вторая часть характеризует разнообразие видов живых организмов представленного таксона и особенностей их жизнедеятельности, распространённости и экологии. По завершению изучения блока учебного материала предлагаются контрольные тестовые задания, лабораторные работы. Учитель имеет возможность осуществить проверку и оценку знаний после каждой темы и после каждого модуля. Учебник может быть использован как на уроке, так и для самостоятельной работы учащихся, поскольку в учебнике предусмотрены проверочные работы с ответами.

Предлагаемый учебник рассчитан на разный уровень владения учащимися английским языком, поэтому помимо доступности лексических и синтаксических конструкций английского языка каждая тема сопровождается русскоязычным переводом, который может быть использован учителем в аудитории с недостаточно высоким уровнем владения языком [см.: 10]. Русскоязычный контент может быть задействован в процессе объяснения нового материала, в процессе закрепления новых знаний и для контроля различных умений и навыков, полученных учащимися.

Электронный учебник будет удобен учащимся и учителям тем, что он имеет большое количество иллюстраций, цветных схем, флеш-анимаций, видеороликов, поясняющих смысл теоретического материала. Они способствуют целостному восприятию информации, более углубленному знакомству учащихся с темой. Для решения этой же задачи в рубриках «Это интересно», «Глоссарий» содержится дополнительный материал, который рассчитан на наиболее любознательных учеников. Учебник ценен тем, что в нем после каждой темы урока предлагаются комплексы разноуровневых заданий, направленных на развитие интеллектуальных умений в соответствии с таксономией Блума.

Авторской группой была осуществлена структуризация отобранного контента на разделы, состоящие из модулей, минимальных по объёму, но замкнутых по содержанию, а также составлен перечень понятий, необходимых и достаточных

для овладения предметом. Тексты источников были переработаны в соответствии с оглавлением и структурой модулей; исключены тексты, не вошедшие в перечни, и добавлены тексты, отсутствующие в них; определены связи между модулями и другие гипертекстовые связи. Таким образом, был подготовлен проект гипертекста на русском языке для перевода и последующей компьютерной реализации. В результате была создана рабочая версия электронного издания на русском языке, адаптированная в учебных целях и ставшая основой для перевода на английский язык.

Электронные учебники сопровождаются инструкцией для пользователей по применению интеллектуального ядра ЭУ, которая должна облегчить учителям и учащимся его интенсивное интерактивное использование.

### **Заключение**

Принципы создания электронных учебников по естественно-гуманитарным предметам на английском языке, адаптированных для казахстанских школ, могут быть использованы для создания в дальнейшем ЭУ по физике, химии, математике и т.п. на английском языке для школ и с казахским языком обучения. Соответственно, эти принципы требуют распространения и популяризации в научно-методическом сообществе прежде всего Казахстана, а затем и стран СНГ и мировой научной общественности.

### *Список литературы*

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» от 28 февраля 2007 г. Электронный ресурс: точка доступа: [http://akorda.kz/ru/page/page\\_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-28-fevralya-2007-g\\_1343986887](http://akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-28-fevralya-2007-g_1343986887)*
2. *Жетписбаева Б.А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования: дисс. на соискание ученой степени докт. пед. наук / Б.А. Жетписбаева. – Караганда, 2009.*
3. *Электронный ресурс: точка доступа: [https://e.edu.kz/72/-/document\\_library\\_display/Fj6e8E7LN9PK/view/4796479](https://e.edu.kz/72/-/document_library_display/Fj6e8E7LN9PK/view/4796479)*
4. *ГОСТ РК 34.017-2205 «Электронное учебное издание. Требования к составу, функции, содержанию, оформлению и документации». – Астана, 2005. – 22 с.*
5. *Теоретические основы создания образовательных электронных изданий / М.И. Беляев, В.М. Вымятин, С.Г. Григорьев и др. – Томск: Изд-во Томского ун-та, 2002.*
6. *Демкин В.П. Принципы и технологии создания электронных учебников / В.П. Демкин, В.М. Вымятин. – Томск, 2002. – 64 с.*
7. *Franklin Derek, Patton Brooks. Flash 5! Creative Web Animation.*
8. *Franklin Derek, Patton Brooks. Expert Flash Tips and Tricks. Peachpit. Feb.16 2001. Электронный ресурс: точка доступа: <http://www.peachpit.com/articles/article.aspx?p=20711>*

9. Мейнджер Д. *Java Script: Основы программирования* / Д. Мейнджер. – Киев: Издательская группа BHV, 1997.

10. Andrew Littlejohn, Diana Hicks with Olga Vinogradova. *Cambridge English for Schools in Russia. Students Book Four*. – Cambridge University Press and Drofa Publishers, 2002.

***Орыс тілінде оқытатын мектептерге арналған биология пәні бойынша ағылшын тіліндегі электронды оқулық тұжырымдамасы***

З.К. Темиргазина

филология ғылымдарының докторы, орыс тілі және әдебиет кафедрасының профессоры, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., Қазақстан

Т.И. Дягилева

дарынды балаларға арналған №3 гимназия мұғалімі, Павлодар қ., Қазақстан

Г.К. Хамитова

дарынды балаларға арналған №3 гимназия мұғалімі, Павлодар қ., Қазақстан

Ж.Б. Абильдинова

филология ғылымдарының кандидаты, шет тілдер кафедрасының доценті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада биология пәні бойынша электронды оқулығының ағылшын тіліндегі тұжырымдамасы баяндалады, ол Қазақстан Республикасындағы орыс тілді орта білім беретін мектептерде көптілдікті енгізу мақсатында жасалған. Электронды оқулықтың негізгі әдістемелік қағидалары анықталды: пәнді ағылшын тілінде оқыту; оқулық құрылымының модульдік-тақырыптық қағидасы; контентті көрсету мен дыбыстауға басымдық беріп, теориялық мәтіндік материалды азайту; негізгі қолданушыларға-пәндік мұғалімдерге мен оқушыларға техникалық қолжетімділік.

Тірек сөздер: электронды оқулық, саяси білім, биология, модульдік-тақырыптық қағидат, мәтіндік тапсырмалар, анимация.

***Concept of english version of electronic textbook on biology in secondary schools with russian as a language of tuition***

Z.K. Temirgazina,

Doctor of Philological Sciences, Professor of Russian Language and Literature Department Pavlodar state pedagogical institute Pavlodar, Kazakhstan

T.I. Dyagileva

Teacher of gymnasium #3 for gifted children, Pavlodar, Kazakhstan

G.K. Khamitova

Teacher of gymnasium #3 for gifted children Pavlodar, Kazakhstan

Zh. B. Abildinova

Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of Foreign Languages Department Pavlodar state pedagogical institute Pavlodar, Kazakhstan

#### Summary

In this article the concept of English version of the electronic textbook on Biology is set forth. It is developed with the purpose of the multi-language teaching implementation in the secondary schools with Russian as a language of tuition in the Republic of Kazakhstan. Foundational methodological principles, such as subject study through English; module-and-theme based principle of the electronic textbook structure; minimization of theoretic text matter and emphasis on content to speech and visualization; technical accessibility for main users that is for subject teachers and pupils are specified in this article.

Keywords: electronic textbook, multi-language education, Biology module-and-theme based principle, module, test assignments, animation.

ӘОЖ 372. 46

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

***Н.М. Байбала***

*Еңбек ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Ақсу қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан*

#### *Аңдатпа*

*Аталмыш мақалада оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру жолдары қарастырылған. Тіл дамыту жұмыстарының түрлеріне талдау жасалған. Тіл дамыту жұмыстарының әдістемелері көрсетілген.*

*Тірек сөздер: байланыстырып сөйлеу, тіл дамыту, әдістеме, көрнекіліктер, талдау, мәнерлеп оқу.*

Көркем әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне балалардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни тәрбиеші осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс – тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек.

Кез келген адамзат баласын өзін қоршаған өзге адамдармен қарым-қатынас жасайды. Ал, қарым-қатынас тіл арқылы, сөз арқылы жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі кішкене балалар сөйлеуді ата-анасының, туған-туыстарының және тәрбиешісінің көмегімен сонымен қатар құрбыларымен тілдесу арқылы үйренеді.

Әдістемелік еңбектерде (А. Қыдыршаев, Н.Ж. Құрманова, Т.М. Әбдікәрім, Т.А. Ладыженская, Г.С. Щеголева т. б.) баланың мәтінді құрастыру білігін оның тілдік қатысымдық білігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Әдіскер-ғалымдар тілдік білік қалыптасу үшін мынадай кезеңдерді бөліп көрсетеді:

- дайындық кезеңі;
- біліктің қалыптасу кезеңі;
- оны практикада қолдану кезеңі;
- қалыптасқан білікті басқа оқу материалын оқу кезінде қолдану кезеңі.

Міне, осы кездерде баланы дұрыс дыбыстауға, сөйлемді дұрыс құрастыруға, яғни, дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйрету керек. Ал, байланыстырып сөйлеу дегеніміз айтылған сөздерді игеріп – оның компоненттерін – сөйлемдерді, сөздерді бір бірімен дұрыс байланыстырып сөйлеуді айтамыз, яғни, бұл қатесіз дұрыс сөйлей білу. Әңгіме сөйлемдерден тұрады, ал сөйлем сөздерден құралады.

Сөзден әдемелеп шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға түрлі зат керек. Ол зат топырақ болса оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Ал, сөзден құрастырылып көркем әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Дыбыстан құралып сөз жасалған, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен әсіресе, қалауынан болатын сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, өзінен, әсіресе, сөздің тізілуінен.

Дыбыс жаман болса, дыбыстың немесе сөздердің байланысуы жақсы бола ма, сөз құлаққа жағымды болып шықпайды. Әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының сөздерді дұрыс қолданыла білуінде. Үй салушының қиялы бай болса, үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым сөйлеуші қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым айтылған ой пікірлі, әсерлі, әдемі болып шығады. Балалар, ересектердің байланыстыра айтылған сөздерін түсінуден, естілген дыбыс ағынын ұғудан бұрын жекелеген сөйлемдерді сөз тіркестерін, сөздерді, морфермаларды үйренеді, яғни оларды айтылып жатқан әңгіме ағынынан бөліп ұғынады. Байланыстыра айтылған сөздерді игертіп үйрету үшін алдымен жекелеген сөздерді дұрыс түсінуге үйреткен жөн. Содан соң сол сөздерден сөйлемдер құратқызу керек.

Бірақ морфермаларды сөздер, сөздерден сөз тіркестерінен сөйлем жасау-кезіндегі жеке сөздердің мәні, элементтердің мағынасы интеграцияға ұшырауға байланысты кішкене балалар көп шатасады және сөйлем құрау кезінде қосымша-



ларды дұрыс жалғай алмайды немесе тіпті қосымша жалғамай-ақ құр морфемалардан сөйлем құрап шығарады.

Ал осыны болдырмау үшін балаға тілдік белгілердің байланысуының нәтижесінде қолданылатын тілдік белгілердің әрқайсысы өзінің бастапқы мағынасынан өзгеше жаңа мағынаға ие болатындығын түсіндіре білу керек. Мысалы, балаға қой деген сөзді үйретсек, сол сөзден сөйлем құрастыруда бұл сөз басқа сөздермен байланысқа түсуі үшін бұл түбір морфемаға қосымшалы, -ға, сияқты жұрнақтар жалғанатынын үйретеміз.

Мысалы: Қой-ға су бердім. Қой-ды қораға қамадым. Сонымен қатар, қазақ тілінде көп мағыналы сөздер көп болғандықтан мектеп жасына дейінгі балалар сол сөздердің қайсысы қандай жағдайда айтылатынын білмейді, соның салдарынан сөздерді бір бірімен дұрыс байланыстыра алмайды. Балаларда сөздің көп мағыналылығын түсіну тек байланысты текстермен жұмыс жүргізу кездерінде дамиды.

Көп мағынаны түсіндіру үшін көпмағыналы сөздер кездесетін шағын мәтіндерді оқып сол мәтіндегі көпмағыналы сөздермен түсіндірме сөздігін өткізуге болады. Мысалы «ара» деген сөзді алсақ бұл сөздің кесуге арналған құралдың атауы екендігін, сонымен қатар жинайтын жәндіктің атын білдіретінін және тағы да екі заттың ортасындағы орынды ара деп айтатындығын жекелеп, мысалдар келтіре отырып, түсіндірген жөн. Сәбидің дұрыс сөйлеуін қалыптастыру үшін, ата-ана мен тәрбиеші оған үнемі жаттығулар беріп, онымен әңгіме немесе сұхбат жүргізіп және осы іс-әрекеттер кезінде оның сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалап, оған түзету, ескерту жасап отыруы керек.

Байланыстыра сөйлеудің екі типі, яғни екі түрі бар. Оладың бірі – диалог, ал екіншісі – монолог. Бұларды диалогтық сөйлеу және монологтық сөйлеу деп те атайды.

Диалог – екі не оданда көп адамның сөйлесу барысында туындайтын әңгіменің мақсаты, әдетте, бір нәрсе жайында сұрап, оған жауап беруге, белгілі әрекетке түрткі болуға шақыру. Міне, осы себепті де байланыстыра сөйлеуге үйретуде әңгімелесу әдісі көп қолданылады. Диалог сұрау мен баяндау, баяндау мен мәжбүрлеу барысында түзіледі.

Ал, монолог мүлде басқаша. Ол, әдетте, кітаби стилге жатады. Себебі, монолог қоршаған ортаға әдейі әсер ету болып саналатын ойды жеңілдетіп сөздік формаға келтірген жүйе.

Сонымен монолог – бір адамның байланыстыра сөйлеген сөзі. Монологтың мақсаты – белгілі бір факт жөнінде баяндау.

Бір нәрсені суреттеу, баяндау кезінде бір нәрсе жөнінде пікір білдіруде тілдің монологтық формасы пайдаланады. Монолог нақты фактілер жөнінде хабарлайды,

ал нақты фактілер бір-бірімен әрқашан мезгілдік немесе себеп-салдарлық байланыста болады. Мезгілдік байланыс немесе кезектесіп келуі мүмкін.

Балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретудің мақсаты мен міндеті оларды дұрыс дыбыстауға, сөздерден сөйлем құрастыра білуге, сөз тіркестері мен сөйлемдерді мағынасына сай дұрыс байланыстырып әңгіме айта білуге үйрету болып табылады. Мектепке дейінгі кішкене балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретуді ерте жастан бастап қолға алған жөн.

«Қына тасқа бітеді, ақыл жасқа бітеді», – деп дана халқымыз айтқандай әлі мектеп жасына толмаған балаларды есі толық жетілмеген, толыспаған деп салғырт қарамай, сол кезден бастап дұрыс, мағыналы, ең бастысы жүйелі сөйлеудің қаруымен жарақтандырған жөн болады. Ал, олардың байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру тікелей ата-ана мен балабақша тәрбиесінің қолында. Ата-ана баламен көбінесе диалог түрінде сөйлеседі. Осылайша олардың сұрақ пен жауап арасын байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру тәрбиесінің жемісі.

#### *Әдебиеттер*

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді қалыптастыру тұжырымдамасының жобас // Егемен Қазақстан. – 2010.*

2. *Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау. – 2010.*

3. *Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері: оқу құралы / С. Әбенбаев. – Алматы: Дарын, 2005.*

4. *Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін қалыптастыру / Қ. Әбдібекқызы. – Алматы: Рауан. – 2004.*

#### *Пути и способы формирования у учащихся навыков связной речи*

Н.М. Байбала  
учитель начальных классов, Енбекская СОШ,  
г. Аксу, Павлодарская область, Казахстан

#### *Аннотация*

В данной статье представлены пути развития связной речи учащихся младших классов. Рассматриваются основы методики развития речи, дается характеристика работы по развитию речи в начальной школе.

Ключевые слова: связная речь, развитие речи, наглядность, анализ, выразительное чтение.

*Ways and means of formation of students ' skills of the coherent speech*

N. Baibala  
Primary school teacher, Yenbeksky Secondary school,  
Aksu, Pavlodar region, Kazakhstan

## Abstract

In this article, the ways of development of the coherent speech of primary school students are presented. The basics of the methodology of speech development are covered, the characteristic of work on the development of speech in primary school is given.

Keywords: coherent speech, development of the speech, presentation, analysis, expressive reading.

ӘОЖ 373.291

ЕРТЕГІЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ  
ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

*A.P. Жакитова*

*Успен ауданы №3 Успен ЖОББ мектебі бастауыш мектеп мұғалімі,  
Успен ауданы, Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Осы мақалада ертегілер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін арттырудың жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, зерттеуші ғалымдардың ертегілер туралы ой-тұжырымдыры туралы айтылған. Ертегілердің түрлеріне талдау жасалған.*

*Тірек сөздер: ертегілер, таным, қабілет, белсенділік, қызығушылық, табиғат, тәрбие.*

Ұлы Мұхтар Әуезов: «Біз бір кезде әдебиетті жақсы оқыған халықпыз. Әсіресе қазақ поэзиясы, дастаны және ертегісі, кешегі Абай, Ахмет, Мағжандарды қоса, осы бүгінге дейін, қазіргі тамаша ақындарымыз бар: кәрісі бар, жасы бар – солардың поэзиясын сүйіп оқып, ертегіні тыңдайтын халықпыз. Бұл біздің рухани өміріміздегі бір жетістігіміз [2].

Халық ерте кезде-ақ әрқашан зұлымдықты әділеттілік жеңеді, адам табиғатының асау сырларын біліп, амалдар қолдана алатын болады деп сен-

ген. Жақсы өмірді аңсаған, қашықтарға тез жетуді, ғажап күшті болуды, көкке ұшуды, жер астына түсіп, асыл қазынаны алып, пайдалануды армандаған. Соның бәрі ертегілерге арқау болған. Сондықтан да ертегілерде халық қиялы, арманы, даналығы, ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі бар.

Ертегілердің танымдық-тағлымдық рөлі К. Ушинский Д. Макаренко, В. Сухомлинский еңбектерінде ерекше көрініс тапқан.

Аса көрнекті педагог В. Сухомлинский: «Өзінің педагогикалық қызметінің өн бойында мектеп оқушыларын тәрбиелеу және дамыту мәселелерімен шұғылданды. Ол ертегілерсіз шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәнінде тәрбие жүзеге аспайды», – деп саналады.

Жалпы қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып баспаға шығуы ХІХ ғасырдың ІІ жартысына басталады деуге болады. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Т. Потанин, В. Радлов, Э. Диваев, И. Березин, А. Алекторов және т.б аталуға болады.

Кейінгі кезеңде қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Садырбаев, С. Қасқабаяв және басқалардың қосқан үлесі елеулі болды.

Белгілі қазақ жазушысы академик М. Әуезов қазақ фольклористерінің арасында алғашқылардың бірі болып ертегілерге былай деп анықтамасын берді: «Ертегі – деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, ия сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін онан соң, елдің белгілі санатын білдіретін арнаулы үлгі айтатын жамандықты жерлеп жақсылықты айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады. Баланы еңбекке тәрбиелеуде отбасы мүшелері үлкендерінің еңбекке деген көзқарасы, еңбек істеу әрекеті әсер етеді. Бала бойына тамаша қасиеттер мен адалдықты, мейрімділікті, имандылықты қалыптастыратын да», – осы.

Ертегілер көбінесе қара сөз түрінде айтылады. Кейде өлең сөз түрінде де кездеседі. Қара сөзді әңгіме күйіндегі ертегілерде тақпақтап айту жиі қолданылады. Олардан «Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деген сияқты ұйқасымда келетін сөздерді көптеп табуға болады.

Ертегілердің, әдетте, бастаулары ұқсас: «Баяғы өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты т.б деп басаталды. Бұл ертегінің өзіне тән кіріспесі, алдын ала дайындалатын құлақ күйі». Олар сөйтіп мұратына жетіпті деп үнемі жақсылықпен аяқталады.

Ертегілердің хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер сияқты түрлері бар.

Ертегілер адам баласының жазу өнері болмаған кезде ауызша шығарған көркем әдебиет шығармасы болып табылады. Ол ауыз әдебиеттің ескі түрі. Ертегілерден адамдардың дүние және жаратылыс түрі, табиғат құбылыстары жайлы, қай дәрежеде болғанын айқын көруге болады. Ертегілер бір ғасырдың ғана

жемісі емес. Ол талай ғасырдың, талай тарихи жемісі, әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі.

Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы т.б. бейнеленген.

Академик М. Әуезов: «Ертегі – рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», – деген.

Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адамгершіліктік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала – үздік бала, себебі жоғарыда аталғандар – жақсы үлгілердің негізі. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ.

Демек, бала тілін дамыту – қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі. Оның үстіне еліміз егемендік алғалы бері мемлекеттік тілде сөйлеу соны оқыту әдістемесін жетілдіру, соның ішінде, бала тілінің дамуы мен сөздік қорының молаю мәселесі әдіскер ғалымдардың зерттеуінен түспей, назардан тыс қалмай жүрген мәселелердің бірі.

Ертегі туралы анықтаманы М. Әуезов: «Ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң елдің белгілі салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын, жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады».

С. Қасқабасов ертегідегі қияли идеялық қызмет атқарады, бірақ сюжеттен гөрі композицияның рөлі күшті болады деп есептейді. Ол ертегіні: хайуанаттар жайындағы, қиял – ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық деп бөледі.

М. Әуезовтың ертегі түрлерін талдасақ қиял – ғажайып ертегілерінде «Керқұла атты Кендебай», «Аңшы бай» «Ұшқыш кілем» жатады деп есептейді. Бала осындай ғажайып достарының көмегімен мейірімді, адал дос адамын ардақтайды, оның күшіне мол сенім білдіреді. Бала барлық заттарға көзқарасы өзгеріп, кішіпейілдікке, мейірімділікке, дос болуға ішінен ой қорытады.

С. Қасқабасовтың айтуынша ертегілердің ішінде хайуанат ертегілерінің алатын орны зор. Жануарлар туралы мифтер мен әңгімелердің жануарлар тура-

лы ертегіден айырмашылығы тура мағына мен ауыспалы мағынаның, шын образ бен оның тұспалы арасында болады. Ертегіде адамдар мен олардың әрекеттерді тұспалдап көрсетеді. Оларда таптық қоғамның көрінісі байқалады. Жануарлар жайындағы ертегілерді 3 топқа бөлуге болады:

1. Мифтік қасиетін жоғалтқан этиологиялық ертегілер.
2. Дүние жүзі халықтарының жануарлар жөніндегі эпосын құрайтын классикалық ертегілер.
3. Мысал ертегілер.

Этиологиялық ертегілерде синкреттік қасиет басым, тұрақты композициялық құрылым жоқ. Олар этиологиялық мазмұны жағынан мифке жақын. Оған айтушы да, тындаушы да сенбейді. Бірақ адамгершілік тәрбиесі сақталады. Жануар – кейіпкерді суреттеу, мінез-құлқын бағалау жағынан ертегілік қасиеті байқалады. Жануарға берілетін меніздеме көбіне құбылмалы болып табылады. Сол арқылы әр түрлі адамдық проблемаларды айдаһар, дию тағы басқа суреттеле береді. Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Маса неге ызыңдайтын болып қалған?» деген сияқты үш сұрақ бірдей жауап беріледі.

Балаларға қатысты мысал ертегілер жатады. Ә. Дүйсенбаев «Құйрық», «Алатаудың бауырында», М. Әлімбаев, Х. Ерғалиев «Қоянның ерні неге жырық?», Б. Ысқақов «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тағы сол сияқтылар.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – шыншыл ертегілер. Бұл ертегілер өмір шындығына жақын, ішінде реалдық адам бейнелері басым. Олар кейде өмір шындығынан алынып, бас қаһармандары патша, уәзір хан болып келеді. Бізге шыншыл-реалистік ертегілердің қазақ өмірінен алынған нұсқалары мәндірек. Мұндай ертегілердің бас қаһармандары ақылды қарт, тапқыр жігіт, қаңбақ шал, тоғыз Тоңқылдақтан зорлық көретін Шіңкілдек, айлалы тазша, қойшы, кедей, жауыз, бай, сұғанақ молда, тойымсыз ұры болып келеді.

Олардың көбісі – халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Көптеген ертегілердің рухында сын-сықақ сарыны бар. Олардағы жамандық пен жақсылықтың аңғарынан біз түрліше реалдық адам мінездерін ғана емес, қоғам өміріндегі теңсіздік суретін, халықтың әділет, жақсы өмірді іздеген арман-мүдделерін де жақсы байқаймыз.

Қазақтың реалистік ертегілерінің ең маркаларының бірі – «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» сюжеті болуға тиіс. Бұрын жұрт өзінің алпысқа келген әкесін өлтіретін болса, бұл ертегілердегі ақылды қарт елдің ең қадірлі адамына айналды. Бұл аталық қоғам салтының нығаюын көрсететін құбылыс.

«Жақсылық пен жамандық», «Үш ауыз сөз» ертегілері мінез, мораль тақырыптарына құрылған. Жамандық жаяу келе жатып, жақсылықтың атын мініп

өзін жаяу қалдырып кетеді. Бірақ табиғатынан ақылды Жақсылық бай қызын иемдеп, мұратына жетсе, ақылсыз жамандық қасқыр мен арыстанға жем болады.

«Үш ауыз сөз» ертегісінде жас жігіт ақылды қарияға бір үйір жылқы беріп «суын ішкен құдыққа түкірме», «оң қолың ұрысса, сол қолың арашашы болсын», «ертеңгі асты тастама» дейтін үш ауыз өсиет үйренеді. Бала елден кетіп, бір ханға қызметке тұрады. Оған хан әйелі ғашық болып, мазасын алады. Бала әйелдің дегеніне көнбеген соң, әйел баланы ханға жамандайды. Хан баланы ертеңгісін от жағарларға жұмсап: «Кім бұрын келсе, соны пешке тығып жіберіңдер» деп әмір береді. Таңертең қабын арқалап бара жатқан балаға бір кемпір жолығып, ертеңгі асты татып кет дейді. Сол екі арада баланы көргісі келіп пешханаға келген ханымды от жағарлар өртеп жібереді. Сөйтіп бала бір өлімнен аман қалады, мұрат-мақсатына жетеді.

«Екі жетім» ертегісінде өгей шешенің қиянаты, «Ұр тоқпақ» ертегісінде ұрылардың өзі ұратын тоқпақтың астында қалғаны суреттеледі. «Ұрлық түбі – қорлық» деген ғибрат осыдан келіп шығады.

Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі – Аязби». Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамның жаманына Аязби ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсұлуға үйленіп хан болады. Ол кісі болғанда да асып-таспайды, «аяз әлінді біл» деп өзіне-өзі ақыл салып отырады. Сондай ақылды да әділ адамға ханың қырық уәзірі қарсы болады. Аязби ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулығы мен ақылсыздығын әжуа еткен.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру бағытында СТО стратегияларын қолдана жүргізіп отырған жұмыстарға талдау жасасам:

Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау.

Пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарында орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, жасына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылуға тиіс. Сондықтан да, дамытушы ортаны ертегілер кейіпкерлері арқылы жасақтау балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлап, өздерін ертегі әлемінде жүргендей сезіндіреді. Дамытушы ортаны ұйымдастыруда театр түрлері ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану. Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, ертегілермен балаларды таныстыру, олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі ертегі кейіпкерлерін табиғи күйінде қабылдайды.

Ең бастысы ертегіні сахналау – балалардың кейіптендіру дағдыларын қалыптастыруға, танымдық белсенділігі мен іс-әрекетке қызығушылығын арттыруға ықпал ететіндігімен маңызды.

#### *Әдебиеттер*

1. Алпысбаев Т. *Ертегіле* / Т. Алпысбаев. – Алматы, 2005. – 135-184 б.
2. Айдашаев А. *Қазақ халық әдебиеті* / А. Айдашаев. – Алматы, 2009.
3. Ахметов Ш. *Қазақ балалар әдебиеті* / Ш. Ахметов. – Алматы, 1994.
4. Бердібаев Р. *Сарқылмас қазына* / Р. Бердібаев. – Алматы: Мектеп, 2003.
5. Фабдуллин М. *Қазақ халқының ауыз әдебиеті* / М. Фабдуллин. – Алматы, 1991.

#### *Развитие познавательных способностей детей через сказки*

А.Р. Жакитова  
учитель начальных классов, СОШ №3 Успенского района  
Павлодарская область, Казахстан

#### *Аннотация*

В статье описываются пути формирования познавательной деятельности учащихся с использованием сказок. Рассмотрены разные точки зрения ученых на данную проблему, представлен обзор сказок.

Ключевые слова: сказки, познание, способность, активность, интерес, природа, воспитание.

#### *Cognitive abilities of children through fairy tales.*

A. Zhakitova  
Primary school teacher, Uspensk Secondary school №3  
Pavlodar region, Kazakhstan

#### *Summary*

In the article, the ways of formation of cognitive activity of students with the use of fairy tales are described. The different points of view of scientists on this problem are considered and the review of fairy tales is submitted.

Keywords: fairy tales, knowledge, ability, activity, interest, nature, education.



ӨЖ 371.388

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРЫНА ЖАҢА МАТЕРИАЛДАРДЫ  
МЕҢГЕРТУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ ӨЗДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ  
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Б.К. Каримова**

*Бастауыш сынып мұғалімі, Екібастұз қаласы  
Қарасор ЖОББ мектебі, Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Аталмыш мақалада бастауыш мектеп оқушыларына жаңа материалды меңгерту шарты ретінде өздік жұмысты ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері баяндалған. Өздік жұмыстары қарастырылған.*

*Тірек сөздер: оқу, әдіс-тәсілдер, меңгерту, баяндау, балалардың өздік жұмысы.*

Білім беру және оқыту теориясы оқыту барысындағы оқушылардың саналылығы, белсенділігі, өздігінен білім мен біліктерінің беріктілігі, ұғынықтылығы және әрекеттілігі талаптарын қамтиды. Бұл талаптардың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге, пайдалануға, өз пікірлерін дәлелдеуге ұмтылысынан көрінеді. Оқу үрдісі оқушылардың танымдық іс-әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Өздік жұмыс – оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінен орындайтын, өз қабілетін, мүмкіншілігін көрсететін іс-әрекет.

Бұл пікірлерге сүйенсек, ортақ пікір: өзіндік жұмыстың ең басты қажеттілігі оқушыны ойға жетелеуінде, ойланта отырып, өзіндік қадам жасауында болмақ.

Е.В. Гурьянов: «Өз бетінше жұмыстың көріністерін оқушылардың іс-әрекетімен анықтайды. Оқушылардың өз бетінше әрекет етуі басқа адамның көмегінен, қадағалауынсыз жұмыс істеуі деп біледі. Бұл әрекет оқушыларды өзін қоршаған ортада ұстай білуге, өз жұмысын ұйымдастыра білуге, өзінің пікірін қорғай білуге үйретеді», – деген.

Үнемі тануға, білуге деген құштарлықтың болуы адамның болмысының басты ерекшелігі, сол ұмтылысының арқасында ол өзінің рухани жан-дүниесін байытып, дами береді.

Бұл оқу әрекетіндегі бір-бірімен өзара тығыз байланыста туындап жүзеге асатын танымдық, әлеуметтік-мотивациялық компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асады. Выготский: «Егер біз ойды сөз жаңбырын төгетін бұлтқа теңесек, онда осы образды салыстыруды ары қарай жалғай түскенде мотивацияны сол бұлтты айдап отыратын желге теңер едік» – деп көрсетеді. Себебі бұл екеуі де сол оқу әрекетін ұйымдастырудың алғы шарттары. Оқу әрекеті бір жағынан бала не біледі, не істей алады, қандай танымдық негізі бар, екінші жағынан оның оқуға қатынасы қандай, не үшін, не мақсатпен оқиды, білімді қандай дәрежеде меңгеруді қалайды деген тұрғыда анықталады. Сондықтан баланың оқуға қабілетін көрсететін танымдық жағын да, оқуға деген, қатынасын білдіретін мотивациялық жағын да ажырата білуі қажет.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері – олардың ықыласы және өз еркімен әрекет жасауына байланысты.

Бастауыш саты – оқушыда оның интелектісі дамуының іргетасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылады. Осы тапсырма түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағытта жүйелі «арнамен» орындалуын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламада мұғалімге педагогикалық үрдісті жаңаша ұйымдастыру талабы қойылған Осыған орай сабақ сапасын арттырып, оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін дамытып, жүйелі тәрбие беру, оқушыларды ізденімпаздыққа тәрбиелей отырып, өз бетінше білім алу жұмыстарына жұмылдыра білу – бастауыш оқыту сатысының басты мақсаттарына айналып отыр. Оқудағы өз бетінше жұмыс – өзін-өзі оқыта білу, оқушыда оқу әрекетінің бастауыш мектеп жасындағы баланың танымдық іс-әрекеті оқыту үрдісінде жүзеге асады. Оқу арқылы баланың таным үрдісі, қабылдау, зейін, ес, қиял, ойлауы дамиды. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың негізгі әрекеті – оқу. Оқу арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойына жинаған асыл мұрасын, дағды тәжірибесін береді. Демек, оқыту – таным үрдісі. Өйткені, онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отырады. Оқытудағы міндет – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы және негізгі заңдарымен қаруландыру.

Ғалым педагог С. Қалиев: «Оқыту оқушылардың жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет» десе, көрнекті іс-әрекеті. Оқыту процесінің логикасы оның құрылымын анықтайды, ол құрылымға оқыту процесінің звенолары – танымдық іс-әрекетінің кезеңдерін енгізеді:

- таным міндеттеріне жете түсіну;
- жаңа материалды қабылдау;
- ұғыну – жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі;
- білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдана білу;
- оқушылардың жетістіктерін талдау, білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру, бағалау [3].

Бұдан шығатын қорытынды: таным міндеті түсінікті болса, оны оқушылар өз бетімен ізденіп, шешуге тырысады, оқыту процесінің әрбір звеносына жеке-жеке дайындалады. Енді оқыту процесінің звеноларына тоқталайық.

Қабылдау – адамға тікелей әсер ететін заттардың я құбылыстың адам санасында бейнелену процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік – сананың сыртқы әлеммен байланысы. Сезім мүшелеріне әсер етіп, оның мида бейнелеуін түйсік деп атайды.

Ұғыну – бұл саналы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. Ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және бекітіледі.

Бекіту – бұл оқушылардың білімді берік ұғынуының тиімді тәсілі. Сабақта жаңа материалды алғашқы бекіту қолданылады. Өткен оқу материалын еске түсіру үшін мұғалім күнделікті қайталау жүргізіп отырады.

Оқушылардың жетістіктерін талдау, білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру, бағалау бұл оқытудың кері байланыс процесі. Таным іс-әрекетінің бұл кезеңінде оқушылардың сабақ үстінде тек қана белгілі сұрақ бойынша білімін тексеріп бағалаумен шектелуге болмайды. Сондықтан оқушылардың барлық жетістіктерінің дәрежесін ескеріп, талдау жасап отырған жөн. Оның негізінде білім мазмұны анықталады, әділ баға беріледі.

Белсенділік процестің (түйсік, қабылдау, зейін, сөйлеу, ойлау т.б.) дамуымен бірге баланың психикалық қасиеттері де (қабілет, бейімділік, мінез) қалыптаса бастайды. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштық, бақылағыштық, білімге құмарлық, тапқырлық сияқты болымды жақтары да жетіле түседі.

Р. М. Қоянбаев жаңа сабақты меңгерту туралы: «Мұғалім баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, заттар немесе көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді, ал оқушылар сол кезде тыңдайды, қызығады, қабылдайды, бақылайды, ойланады және т.б. таным әрекеттерін жасайды» – деп танымның оқушы өміріндегі маңызына тоқталған [5].

Белсенділік – танымдық іс-әрекеттің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды.

Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыруды оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажет.

Адам белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Бастауыш сынып балалары ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді.

Әрбір жаңа материалының практикалық және перспективалық маңызын, сонымен қатар оның ғылыми негізін мұғалімнің терең аша білуі – оқушылардың таным белсенділігін арттырудың басты шарты.

Жеке адам санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей талаптанып әр түрлі әрекет жасайды. Баланың мұндай талаптанушылығын қостап, мұғалім оған үнемі көмек және бағыт беріп отыруы қажет. Оқушы – өсуші, дамушы организм, ол шамшырақ, оның тұтанып жарық беруі мұғалімнің тікелей басшылығымен ұйымдастырылатын өзін-өзі тәрбиелеу ісіне байланысты.

Демек, бала тәрбиенің әрі объектісі, әрі субъектісі болуы тиіс. Бала айналаны қоршап тұрған дүниеге көз жіберіп, үстіртін қарап қоймай, өзінің, соған қатысын, өзінің ішкі дүниесін тани білуі қажет.

Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті. Осыған байланысты мектепке ойсыз атқарушыларды емес, қайта әлеуметті жағынан белсенді, жасампаз әрі еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа білімді меңгере және бағалай білетін, саналы түрде таңдау жасай алатын, салмақты, барабар шешімдер қабылдай алатын адамдарды тәрбиелеу талабы қойылады.

Қазіргі жағдайда мектеп алдына өткір қойылып отырған маңызды міндеттердің бірі-оқушылардың танымдық әрекетінің уәждемесін қалыптастыру. Өмірдің барлық кезеңдерінде жеке тұлғаның дамуы жеке адамның дербес әрі саналы әрекет субъектісіне айналу процесі ретінде қаралуы керек. Осыған орай, мектеп оқушысын оқытудың бастауыш сатысында-ақ бұл мәселенің табысты шешілуі

әлдеқайда өзекті болып отыр, себебі оқушының жеке тұлғалық қасиеттері дәл осы уақытта қалыптасады.

Оқыту процесінде мектеп оқушысының жеке тұлғасының дамуы төмендегі жағдайда өтеді:

– мектеп оқушысының әрекеті сыныптас оқушылармен бірлестікте жүзеге асады;

– әрекет негізінде уәждемелік негіз (танымдық, әлеуметтік, адамгершілік, көркемдік) қалыптасады;

– құбылыстың заңды, жүйелі түрде өзгеру, оның басқа құбылыстарға ауысу (даму) процесі жүзеге асады;

– педагогикалық процесс барысында мектеп оқушылары әрекетінің сипаты (атқару, белсенді әрекет ету, шығармашылық) өзгереді;

– әрекет сипатының өзгеруіне байланысты оқушының ұстанымы да өзгереді (атқарушыдан белсенді дербестікке дейін);

– оқу-танымдық әрекеттегі оқушы ұстанымының өзгеруі мұғалім мен оқушы арасындағы субъект аралық қатынастарға ықпал етеді.

Оқушының өзін-өзі реттеуін, жеке тұлғалық жасамдардың – белсенділік, дербестіліктің, қалыптасуын тудырады. Мектеп оқушысының оқу әрекетіне субъектілі-субъектілік қатынастары – бұл оқушылардың өздерінің мүмкіндіктерін көрсете алуы, табысына қанағаттану, ерік-жігер шиеленісінен белсенді ойлауға көшуі болып табылады.

Белсенділік дегеніміз білімді саналылықпен белсене қабылдап, оның өмір және практикамен байланысын тереңдету, оқылатын фактілер мен құбылыстардың мәнін түсіну болады. Сабақ үстінде берілген тапсырмаларды оқушылардың саналылықпен орындауы олардың белсенділігін арттырады. Әрбір іс-әрекетін орындауда оқушылар оның теориялық және практикалық мәніне жете түсінуі қажет.

Белсендірудің қандай да бір тәсілі мен әдістерін пайдалануда оқушының қабілет дәрежесін ескеру керек. Оқушыға оның таным күшіне сәйкес келмейтін, мүмкіндігінен жоғары, білім деңгейінен анағұрлым асып түсетін міндеттер жүктеу білім беруде оңды нәтиже бермейді. Қазіргі қалыптасқан оқыту жағдайында белсенділікті қалыптастыру – оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру барысында жүзеге асады.

Қазіргі кезде оқушының оқу әрекетінің жемісті, нәтижелі болуына, танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін өз бетіндік оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістерін, тәсілдері мен нысандарын іздестіру – аса маңызды міндет.

*Әдебиеттер*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2011.
2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2009.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы / С. Қалиев. – Алматы: Білім, 2007.
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы / Ә. Табылдиев. – Алматы: Санат, 2001.
5. Қоянбаев Р.М. Педагогика / Р.М. Қоянбаев. – Астана, 2005.
6. Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері / С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смаилова. – Алматы: Рауан, 1995.
7. Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. – Алматы: Ана тілі, 1992.

*Усвоение нового материала через самостоятельные работы учащихся начальных классов.*

Б.К. Каримова  
учитель начальных классов, Карасорская СОШ  
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются формы и методы организации самостоятельной работы, способствующие усвоению нового материала учащимися начальных классов. Раскрыты основные особенности работы с младшими школьниками.

Ключевые слова: учение, методы, принципы, усвоение, самостоятельная работа детей.

*The assimilation of new material through independent work of primary school students.*

B. Karimova  
Primary school teacher, Karasorsk Secondary school  
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

In this article the forms and methods of the organization of independent work promoting the assimilation of new material by primary school students are considered. The main features of work with younger students are revealed.

Keywords: doctrine, methods, principles, assimilation, independent work of children.

ӨОЖ 372.4:39

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ХАЛЫҚ АУЫЗЕКІ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТӘРБИЕ  
ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ*****Г.С. Касымова****Абай Құнанбаев атындағы №2 ЖОББМ, бастауыш сынып мұғалімі,  
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан**Аңдатпа*

*Аталмыш мақалада бастауыш мектепте халық ауызекі шығармаларын тәрбие құралы ретінде қолдану тәсілдері баяндалған. Ауыз әдебиеті үлгілерін бастауыш сынып оқушыларына оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық тәлім-тәрбие беруде қолданудың тиімділігі атап көрсетілген.*

*Тірек сөздер: тыйым сөздер, ұлттық тәлім-тәрбие, ауызекі әдебиеті, ертегі, жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілер, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, адамгершілік қасиеттер, дүниетаным.*

Халық ауыз әдебиеті – халық шежіресі. Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Оның үлгілерінен халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымызды танимыз. Ауыз әдебиетіндегі қиял дүниесінен туған ғажайып ертегілер, батырлар жырлары, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы-мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, аңыз-әңгіме, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ-жаңылтпаштар, санамақтар, ұлттық ойындар-бәрі халықтық мол байлық.

Сондықтан ұстаздардың осы мол байлықтың қайнар бұлағынан жас жеткіншектерді сусындатып, оның педагогикалық, дидактикалық, тәрбиелік міндеттерін оқу-тәрбие үрдісінде орайластыра кеңінен пайдаланғаны абзал.

Себебі жас жеткіншектердің дүниетанымының, адамгершілік қасиеттері мен мәдениетінің негізін қалыптастырушылардың бірі – мұғалім.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетін бойына сіңіру арқылы ғана жалпы адамзат мәдениетін игере алады. Халық зердесіне тереңірек үңілсек, ұрпақ тәрбиесі қай елдің, қай кезеңнің болсын толғақты мәселесі болып отыр. Бұл көкейтесті мәселе ғасырлар бойы тек халықтың мол мұрасында ғана сәтті шешімін тауып отырған. Халық мұрасының танымдылық тәрбиелік мәні-ұланғайыр. Қазақ халқының да бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан жиып-терген мол тәжірибесі бар.

Халық мұрасының танымдық-тәрбиелік мәні орасан зор. Ол тек ұрпақтың тәрбиесінде ғана емес, жалпы адамзат өмірінде рухани қуаттың байлығы ретінде

үлкен орын алады. Бала тәрбиесі-тәрбиенің барлық түрлерін, сан-саланы қамтитын әрекет. Оны жүзеге асыру үшін ата-ана, мектеп, қоғам бірлесе отырып ат салысатыны белгілі.

Халықтық тәрбие туралы осы салада іргелі зерттеу жүргізген ғалымдардың жасаған өзіндік тұжырымдары да бар.

Қ. Жарықбаев: «Ауыз әдебиеті-халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы педагогикалық білімдерінің жиынтығы», – деп түйін жасайды [1].

А.Ш. Гашимов: «Ауыз әдебиеті кең мағынада алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, салттарының, дәстүрлерінің жиынтығы» дейді.

Қ. Бөлеев: «Ауыз әдебиеті-халық бұқарасының тәрбиелеу және оқыту туралы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелері мен білімдері. Өйткені, қазақ халқы «ғылым негізі-тәжірибе, даналық негізі-білім» деген» тоқтамға келеді [2].

Бұлардан басқа халықтық педагогика түсінігіне анықтамалар жасағандар аз емес. Олардың барлығын салыстыра отырып, түйіндейтін негізгі ой-халықтық педагогика талай уақыттың сынынан өткен, бабалардың тағылымды дәстүрімен өз қорын байытқан, ұрпақ тәрбиесінде өзіндік қомақты үлесі бар, жеткіншектерді қалыптастырып, дамытудағы басты тәрбиелік құрал болып табылады.

Ауыз әдебиеті – тәрбиенің қайнар бастауы болып табылады. Өмірдің талай-талай кезеңдерінен өтсе де маңыздылығын жоймай келе жатқан халықтық тәрбиенің негізін алу ата-ананың да, мектептің және жалпы тәрбие беруші мекемелердің де басты міндеті.

Соңғы жылдары көп қозғалып жүрген «Ғаламдастыру» мәселесін есте ұстай отырып, балалардың халқымыздың асыл қазыналарын-тілін, тарихын, ата-дәстүрін ұмытпай, керісінше, оны ұтымды пайдалану да жауапты нәрсе. Әрине, әр халықтың өзінің ертеден келе жатқан бала тәрбиесіндегі өзіндік дәстүрлері жеткілікті. Бізде басқа халықтардың бала тәрбиесіндегі озық үрдіс пен тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланудың да жолдарын жан-жақты қарастыруға тиіспіз. Осы тұрғыда әдістемелік құралдарда халық педагогикасының материалдарын сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында: «Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру», – деген түсінік береді. Анықтамада берілгендей тәрбиеде көзделген мақсат біреу-ұрпақ пен ұрпақты байланыстыру, сабақтастыру,



тәжірибеде шындалған тәрбие түрлерін, әдістерін келесі ұрпаққа жеткізу, солар арқылы тәрбиелеу болып табылатындығын айғақтайды.

Ұлттық салт-сананың қалыптастыруының екі негізі бар: игі әдеттер көп қолданыстан әдет-ғұрыпқа, яғни өмір қолданысына айналады да, ол ұлттық әдеп болып (этика, этника) қалыптасады. Мұның барлығы балалардың ұлттық сана-сезімін ояту үшін ұлтжандылық сезіміне түрткі болуға бағытталған іс-әрекеттер.

Көп уақыт бойы қазақтың халықтық тәрбиесіндегі ерекше қасиеттерді пайдаланып, оны ұрпақ бойына дарытуға мүмкіндік болмағаны тарихи шындық. Ал қазіргі кезде тәрбие жұмыстарының бағыттары толығымен өзгерді. Қазақтың халықтық педагогикасының ерекшеліктері, мүмкіндіктері жан-жақты зерттеліп, көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар, оқу-әдістемелік құралдары жарық көріп, сандаған мақалалар жариялануда.

Бұл тұрғыда заман ағымымен бірлесе этнопедагогика проблемаларына ден қойған бір топ қазақстандық этнопедагог ғалымдардың еңбектерін жұртшылық қызығушылықпен пайдалануда.

Атап айтқанда, Қ. Жарықпаев, Ә. Табылдиев, С. Қалиев, С. Ұзақбаев, К. Қожахметов, М. Смайылов, Қ. Бөлеев және тағы басқаларының еңбектері. Осы сияқты халықтық педагогиканың қыр-сырын ұғындыратын еңбектер қазіргі үлкен бетбұрыстар кезеңінде ауадай қажет, деп айтуға болады. Аталған авторлардың, сонымен қатар басқа да ғалымдардың, мектеп мұғалімдерінің, ізденушілердің үлкен жұмыстарының нәтижесінде көптеген құралдар дайындалып қолданыс табуда.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Ол үшін тақпақ, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел үйретіп, баланың бөбек, балдырған кезіндегі адам болып қалыптасуы 1–5 жастың арасы десек, 6–10 жаста бала әдептілік негіздерін үйренеді, оның бойынан тектік қатиеттерді көруге болады. Адам өмірінің «алтын бесігі» – мектептің есігін ашқан балдырған бала жарығымол жаңаша өмірде адамдық қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарына үйренеді.

Халық салтында үлкенге жол беру, орын ұсыну, үлкен алдында әдеп сақтап, ізетті болу, жеке адамның парызы болып табылады. Халықтық дәстүрді бойына сіңірмеген, қадірлей білмеген бала әдепсіз бала.

Қорыта келе, бастауыш сыныптарда біз жалпы негізінен осы «халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолдану арқылы оқушыны тәрбиелеу» әдістерінің керек екендігін білдік. Қиял-ғажайып ертегілер, батырлар жырлары, санамақтар, жаңылтпаштар оқушы бойында елжандылық, патриоттық, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуде таптырмас құрал деп ойлаймыз.

*Әдебиеттер*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан мұғалім. – Алматы, 2008. – №4. – Б.1-8.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2010–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2010 қазан.
3. Алтынсарин БІ. Таңдамалы шығармалары / БІ. Алтынсарин. – Алматы, 1995. – 259 б.
4. Тілеужанов М. Ел әдебиеті / М. Тілеужанов. – Алматы, 1992. – 3–17 бет, 57 бет.
5. Танашев М. Халық ақындар мұрасының ауыз әдебиетімен байланысы / М. Танашев. – Алматы, 1995. – 259 б.
6. Темірбаева Б. Батырлар жыры-тәрбие көзі / Б. Темірбаева // Бастауыш мектеп. – 2004. – 72–73 бет.
7. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие / С. Ұзақбаев. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

*Использование устного народного творчества на уроках с целью воспитания нравственных чувств у учащихся начальных классов*

Г.С. Касымова

учитель начальных классов, СОШ №2 имени Абая Кунанбаева,  
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В данной статье рассматривается использование жанров устного народного творчества на уроках как средство воспитания нравственных чувств и формирование духовных ценностей у учащихся начальных классов. Описана актуальность и эффективность использования жанров фольклора в воспитательном процессе начальной школы.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, устное народное творчество, скороговорки, сказки, эпос, пословицы-поговорки, моральные качества, самопознание.

*The use of folklore in lessons with the aim of educating the moral senses among primary school students*

G. Kassymova

Primary school teacher, Secondary school №2 named after Abai Kunanbayev,  
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

In this article, the use of folklore genres in lessons as an educational tool of moral senses and the formation of cultural wealth among primary school students is considered. The relevance and effectiveness of use of folklore genres in the educational process of primary school is described.

Keywords: spiritual and moral education, folklore, tongue twisters, fairy tales, epos, proverbs and sayings, moral character, self-knowledge.

ӨОЖ 372.4

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖОБАЛАУ  
ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗЫ*****А.А. Сембаева****Комсомол ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар обл., Екибастұз қаласы, Шикылдақ ауылы, Қазақстан****А.К. Мухамеджанова****Комсомол ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар обл., Екибастұз қаласы, Шикылдақ ауылы, Қазақстан****Ж.А. Темирханова****№3 УЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар обл., Успен ауданы, Успен ауылы, Қазақстан**Андатпа**Мақалада бастауыш мектепте білім сапасын арттыруда жобалау әдісінің маңызының ерекшелігі қарастырылып, оны тәжірибеде қолдану аясы анықталған.**Тірек сөздер: жобалау технологиясы, жұптық, топтық жұмыс, жаңа форматы сабақ.*

Жобалау әдісі – мәселені жете зерттеу арқылы, нақтылы нәтиже бере алатын, рәсімделген дидактикалық мақсатқа жету тәсілі. Жобалау әдісі – барлық кезде қандай да бір мәселенің шешімін жорамалдайды. Жобалау әдісі – жеке басқа бағытталған оқыту әдісі. Ол оқудың мазмұндық бөлігі мен тапсырма кешені арқылы шеберлік пен дағдыны дамытады. Ол оқытудың мазмұндық бөлігін тапсырма жиынтығы арқылы балалардың зерттеу іс-әрекетін болдыруға себепші, оқытылатын мағлұматтарды қандай да бір іс-әрекет немесе продукция ретінде алып шеберлік пен дағдыны дамытады.

Әдістемеге қарағанда педагогикалық технологияның артықшылықтары көп:

Біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.

Екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін атқарылатын жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.

Үшіншіден, мұғалім дайындықсыз оқыту үдерісін жүзеге асыра алмайды.

Төртіншіден, әдістемеді сабақ жоспарлары – мұғалімнің жоспары, оқыту үдерісінде жұмыс істейтін мұғалім. Ал, технологияда оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлері мен мазмұны көрсетілген жобада жасалады. Әдістеме бойынша әр мұғалім сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақта оқушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.

Соның ішінде жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы.

Жоба технологиясының ерекшелігі – баланың алдағы іс-әрекетті жобалай алуы мен оның субъекті бола білуі.

Жоба – ол баланың мақсатқа жетуде қоршаған ортасын кезеңді үрдістер мен алдын-ала жоспарланған тәжірибелік іс-әрекет арқылы қабылдайтын педагогикалық әдіс.

Жобалау әдісі түсінігінің негізгі тезисін танып жатқанымыздың барлығын не үшін қажет екенін және бұл білімді қайда және қалай пайдалану керектігін білеміз.

Жобалық іс-әрекеті біріккен оқу танымдық іс-әрекеттің ортақ нәтижесіне бағытталған, ортақ мақсаты, қиыстырылған әдісі, іс-әрекет тәсілдері бар, балалардың шығармашылық және ойын іс-әрекеті.

Жобалап оқытудың артықшылықтары: логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау, балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы, жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады және ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады. Сонымен бірге даму деңгейі әр түрлі балаларды оқыту мүмкіншілігі артады.

Жобалау әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға жауап береді.

1. Оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;

2. Тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариациялық бөлімімен сай келуі мүмкін;

3. Балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;

4. Жақын даму аймағында орналасуы тиіс;

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әр түрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады. Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады.

Жобалар әртүрлі белгілеріне қарап бөлінеді. Ең елеулісі іс-әрекеттің басымдық түрі болып табылады. жобалардың мына түрлері пайдаланылады:

1. Эмпирикалық: тірі және өлі табиғат әлемінде өздік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу. «Қар бүршіктері қайдан келеді?», «Неліктен бәйшешектер бәйшешек деп аталады?». Нәтижелер өсімдік сақтайтын бұктемелер, тәжірибе картотекалары ретінде рәсімделеді.

2. Зерттеу: ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әр түрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

3. Рөлдік ойындар жобасы: бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді. Нәтижесінде: – Мазмұнды ойын, бала мерекелері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейіптендіре біледі. Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Балалар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

Жобалаудың негізгі қызметі – бағдарламаны белгілеп, арнаулы іс-әрекеттердің жалғасуына құралдар таңдау. Жобалық әдіс – айқын іс-әрекеттер кезеңінен өтетін айдың пайда болуынан бастап жүзеге асуы болып табылады.

Жалпы бастауыш сынып мұғалімінің жобалау құзыреттілігіне мыналар жатады: педагог жұмыстарының нәтижелерін жобалай білу; педагогикалық ықпал студия жолдарын жоспарлау; тәрбие мен оқытуда кездесетін қиыншылықтардың нәтижелерін болжау; нақты педагогикалық тапсырмаларды бөліп көрсету, оларды шешу шарттарын анықтау; балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін басқару жұмыстарын жоспарлау және тәрбие мен оқыту жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін, құралдарын таңдай білу.

Педагогтердің жобалау құзыреттілігін қалыптастырудағы негізгі мақсат – ұсынылған мәселе бойынша жоба жасауға үйрету.

*Әдебиеттер*

1. Веракса Н.Е. Проектная деятельность школьников / Н.Е. Веракса. – 2006.
2. Давыдова О.И. Проекты в работе с семьей / О.И. Давыдова, А.А. Майер, Л.Г. Богословец. – 2000.
3. Проектный метод в начальной школе / Л.С. Киселёва, Т.А. Данилина, Т.С. Лагода, М.Б. Зуйкова. – 2001.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика / Ф.Н. Жұмабекова. – 2012. – Б. 100–108.

*Значение метода проектирования в начальной школе  
в повышении образования*

А.А. Сембаева  
учитель начальных классов, Комсомольская СОШ,  
Павлодарская обл., г. Экибастуз, с. Шикылдак, Казахстан

А.К. Мухамеджанова  
учитель начальных классов, Комсомольская СОШ,  
Павлодарская обл., г. Экибастуз, с. Шикылдак, Казахстан

Ж.А. Темирханова  
учитель начальных классов, №3 УЖОББМ  
Павлодарская обл., Успенский район, с. Успенка, Казахстан

*Аннотация*

Рассмотрены особенности метода проектирования в начальной школе, о его применении в учебно-педагогическом процессе.

Ключевые слова: технология, проектирование, парная, групповая работа, новый формат занятий.

*The value of the design method in primary school  
in improving the quality of education*

A.A. Sembaeva  
Komsomolskaya school Elementary school teachers,  
Pavlodar region, the city of Ekibastuz village Shield

A.K. Mukhamedzhanov  
Komsomolskaya school Elementary school teachers,  
Pavlodar region, the city of Ekibastuz village Shield

Zh.A. Temirkhanov  
№3 SOSh Elementary school teachers  
Pavlodar region, Uspensky district, village Uspenka

## Summary

The features of the design method in elementary school, about its application in educational and pedagogical process.

Keywords: technology, design, steam room, group work, the new format classes.

ӘОЖ 371.2

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН  
АРТТЫРУДА БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*А.М. Кабдылова*

*№25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалім,  
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан*

*А.С. Скокова*

*№25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалім,  
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан*

*Андатпа*

*Осы мақалада оқушылардың білім сапасын бағалаудың маңыздылығы туралы айтылған. Оқушының оқуға деген ынтығасы мен қызығушылығын арттыруда топпен жұмыс орындаудың түрлеріне талдау жасалған.*

*Тірек сөздер: бағалау, өзін-өзі бағалау, топпен жұмыс, кері байланыс, оқыту.*

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Қазіргі кезде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда [1].

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру және білім сапасын көтеру. Сондықтан да осы салада батыл қадамдар жасалып, өзгерістер енгізілуде. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа

педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеке еніп, нәтиже беруде.

Жаңа бастамалардың бірі – Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін педагогтер біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары. Бұл курс бағдарлама-сында оқытудың 7 модулі төңірегінде, яғни білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, білім беруде АКТ-ны пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту оқыту, оқушыларды жас ерекшелеріне сәйкес білім беру, білім берудегі басқару және көшбасшылық жүйеленген. Жалпы білім білім беруде әр мұғалім көздеген мақсатына қол жеткізу үшін оқыту үдерісін жоспарлап, қолданысқа енгізгенде оқушы жетістіктерін бағалауды басты назарда ұстау керек.

«Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау, жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылау болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Мұғалімге арналған нұсқаулықта бағалау – одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин болып табылады делінген. Сондықтан оқушылардың өз білімін өзі бағалауы маңызды. Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Қазіргі бағалау түрі нысанда түсінікті, психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды: жиынтық және формативті болуы керек.

Оқытудың бағалау мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп бағалайды. Формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Формативтік бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді.



Оқыту үшін бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі қорытындылау сатысы. Формативті бағалауды пайдалану тиімді оқытудың негізі болып табылады. Оқытуда бағалаудың екі түрі бар екенін білеміз. Оқытуды жақсартуға бағытталған бағалау – формативті де, ал оқытудың қорытындысын шығару – жиынтық бағалау болып табылады.

Оқыту үшін бағалауда оқушы өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, ұсыныс, пікірлерін білдіру, мұғалім оқушымен кері байланыс орнатуы маңызды екенін ұғындық [2].

Өз тәжірибемізде формативті бағалауды қалай қолданамыз? Бағалау барысында «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау өте ұнайды. Мұндағы мақсат – өзгені бағалау баланы мақтап, мадақтап, көтермелеп отырудың маңызы зор. Өйткені бала қашанда мақтағанды қалап, сол мақтанғанға лайық болуға тырысады. Мадақтау оқушының көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларына арқылы өзіне жоқты табу және өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау. Бұл сабақтарда «Сыныптастармен өзара бағалауға көмектесу» атты қосымша материалды басшылыққа алдым. Ол қосымшада «Оқушылардың өздерінің немесе біреудің жұмысын жай ғана бағалауға қарағанда өзара бағалау және өзін-өзі бағалаудың мәні анағұрлым зор. Бұл үдерістің мақсаты олардың назарын өз жұмысының сапасына аудару және жақсартуға болатын жақтарын талдауға көмектесу болып табылады. Нәтижесінде бұл оқушыларды оқытуды дамытуда жауапкершіліктің жалғыз мұғалімге ғана жүктелмейтіндігін көруге мүмкіндік беріп, мұғалімнің жұмысын жеңілдетуі тиіс. Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бір сынауға мүмкіндік береді. Өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді. Ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады» делінген.

Баға оқушының кемшілігі емес әрі қарай дамуына ықпал ету үшін қойылады. Баға қою бағалаудан туады және де бала келесі балаға баға қоймайды, тек бағалайды. Бағалау шынайы және барлығына көрінетіндей болуы үшін сабаққа негізделген бағалау критерийлерін құру керек. Ол критерий сабақты жақсы меңгергендігі, берілген тапсырманы орындауы сияқты меңгеру қажеттіліктеріне негізделеді. Оқушылар берілген критерийлерге сүйене отырып, өздерінде өзгені де шынайы бағалауға тырысып жатады. Бірақ осындайда оқушыларға әділ баға қою қиын. Себебі тапсырманы барлығы бірлесіп орындап отырса да, оқушының білімін анықтау қиын. Сондықтан баға беруде кім қаншалықты жұмысқа қатысты, нені істей алады, нені әлі білмейтінін айтады, неде қиналатынын айтады. Мұнда сабақтың әр кезеңінде орындалған тапсырмалар бойынша балалардың өздеріне

қойған бағаларын, топтық жұмысқа қатысқан бағамен қоса өзімнің бағамды қойып отырдым. Осыдан оқушы оқып білгені үшін бағалағанын түсінеді.

Сабақта оқушыларды терең ойлатуға және шығармашылық сипаттағы тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізуге көңіл бөліну қажет. Сабақты жоспарлауда нақты мақсат қоя отырып, күтілетін нәтижені анықтауға басты назар аударамыз. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен оқыту үшін бағалауды енгізе отырып, мынандай мақсат қойылды: Оқушыларының пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын оқыту үшін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін ұйымдастыру арқылы арттыру және сабаққа деген көзқарастарын өзгерту. Осыдан «Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін оқыту үшін бағалаудың түрлері мен тәсілдерін ұйымдастыру арқылы қалай арттыра аламын?» – деген сұрақ туындады. Осы сұрақ негізінде жұмысымның нысанын «Оқыту үшін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін ұйымдастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыру және сабаққа деген көзқарастарын өзгерте отырып, табысты оқуға қол жеткізуге бағыттау» деп қарастырып келемін.

Осыдан күтілетін нәтиже: Мұғалім бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқытуды өзгертеді, оқытуда заманауи әдіс-тәсілдердің мүмкіндіктердің өз тәжірибесінде қолданады, оқушылардың өзін-өзі бағалай алуына жағдай тудырады. Оқушының оқуға көзқарасы, сабаққа ынтасы, қызығушылығы, белсенділігі артады және сыныптағы әр оқушы сабаққа белсене қатысады, топпен бірлесе жұмыс жасайды, бірін-бірі сыйлайды, қолдау көрсетеді, тыңдап үйренеді, ұйымшыл болуға қалыптасады. Білімді бірлесіп алуға немесе пікір алмасу барысында тең құқылы болады.

Әр сабақта ең алдымен оқушыларды ойландырып, әр түрлі тәсілмен 4–5 топқа топтастырудан бастап және топ мүшелері арасында атқаратын міндеттерін бөліп алады. Мысалы топқа сандарды табу арқылы бөлуде, бірінші болып топтасқан топты «Жарайсыңдар!», «Керемет!» деп мадақтап, бағалап отырудың артығы жоқ. Топ ережесін сақтап отыруға да оқушыларды дағдыландыра бастады. Сабаққа қызығушылықты ояту мақсатында сабақтың 1–2 минутын қызықты тренингтер мен сергіту сәттеріне арнауды естен шығармау, кейде қызықты логикалық есептерді шешуді ұсынған жөн.

Оқушылардың жаңа тақырыпты қаншалықты игеріп, меңгергендігін анықтау үшін және сабақтың әр кезеңінде тапсырмаларды орындауда оқыту үшін бағалаудың түрі «бағдаршам» арқылы бағалауды қолданған ыңғайлы. Мысалы: Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карташалар бар. Оны өз парталарының үстіне қояды. Түсіндім – жасыл, сенімді емеспін, әліде сұрақтарым бар – сары, түсінбедім – қызыл түсті белгілермен көрсетіледі. Жаңа сабақты қаншалықты түсінгенін «бүгін сабақта не үйрендің?, не білдің?, толық түсіндің бе?» деген

сұрақтар қоя отырып, басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейі тексеріледі.

*«Басбармақ»*

*Басбармақ жоғары қарай = Мен түсіндім*

*Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін*

*Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім*

Оқушылар бағдаршамның түстерін қолдана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделігіне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршамның түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды. Алғашқы кезде балалардың барлығы жасыл түсті көрсетуі мүмкін. Содан кейін өз қателерін тауып, дұрысын дәлелдей алмағандар сары немесе қызыл түсті көтеріп жатады. Бағалаудың өзіндік қиындықтары да байқалып жатады. Басында балалар өздеріне жоғары баға береді. Ол жағдайда оқушыларға бағанын шын болу керектігін айта отырып, яғни шын баға өзінің қаншалықты түсінгенін көрсететінін айтып өткен жөн. Бармақпен бағалауды да қолданған оқушының сабаққа қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Сыныпта кейбір оқушылар оқыту үшін бағалау кезінде кейде өз – өздеріне сенімсіз болды. Сондықтан бағалаудың түрлерін мейлінше тиімді пайдалана отырып, бағалаудың түрлерін түсіндіру жұмыстарын жасау керек. Сынып оқушыларын бағалау барысында оқушылардың білімін тексеру оңай жұмыс емес.

Оқушының өзін-өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қиыншылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

Қорыта келе, баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін арттырады. Оқыту үшін бағалаудың тиімді жақтары мынадай:

- оқушылардың білім сапасы өсті;
- сабаққа деген қызығушылықтары артты;
- бір-біріне ұсыныс, тілек айту, жауапкершілік дағдылары қалыптасты;
- өз ойларын еркін жеткізе алады;
- топ ішінде бір-бірін сыйлауға, тыңдауға дағдыланды.

Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс жасау қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Көрсету, түзету, оқытуды бағалау сияқты әдіс – тәсілдердің көмегі оқушыларға білім беруде жаңаша идеяларды ұсынады.

Сабақ соңында ұсынылатын кері байланыс арқылы (рефлексия, эссе жазу) оқушының сабақта не үйренгенін, алдағы уақытта нені білгісі келетінін анықтап отыруға, келесі сабақты жоспарлауға септігін тигізетіндігі айдан анық.

*Әдебиеттер*

1. Әбдиева О. *Комплексен оқыту жолдары* / О. Әбдиева. – Алматы: Қазақстан, 2001.
2. Аймауытов Ж. *Психология* / Ж. Аймауытов. – Алматы: Рауан, 2009.
3. Выготский Л.С. *Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся* / Л.С. Выготский. – М., Просвещение, 1988.

***Роль оценивания для обучения в повышении мотивации учащихся***

А.М. Кабдылова  
учитель начальных классов, казахская женская гимназия №25,  
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

А.С. Скокова  
учитель начальных классов, казахская женская гимназия №25,  
г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В данной статье говорится о значении оценивания качества знаний учащихся. Работа в группе мотивирует и повышает интерес у учащихся к учебе.

Ключевые слова: оценивание, самооценка, работа в группе, обратная связь, обучение.

***The role of assessment for teaching in order to rise motivation at pupils***

A.M. Kabdylova  
The Kazakh girl's gymnasium №25, Teachers of Junior forms  
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

A.S. Skokova  
The Kazakh girl's gymnasium №25, Teachers of Junior forms  
Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

This article refers to the importance of evaluating the quality of students' knowledge. Group work motivates and enhances student interest in learning.

Keywords: evaluation, self-esteem, work in groups, feedback, training

ӨОЖ 37.035.6

**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА  
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ****З.Б. Калиева***бастауыш сынып мұғалімі, Қалқаман ауылы ЖОББ мектебі,  
Қалқаман селолық округі, Ақсу қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан**Аңдатпа**Қазақстанның патриоттық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінде көкейкесті болып табылады. Аталмыш мақалада көркем әдебиет негізінде бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру тәсілдері көрсетілген.**Тірек сөздер: патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм*

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси даму жағдайымен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықта нарықтық экономикалық мемлекет ретінде танылып, жылданжылға зор құрмет пен беделге қол жеткізіп отыр. Мұның өзі егемен Қазақстанның алға қарай нық сеніммен дамуына жол ашып, осы заманғы және болашағы зор экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылымының берік іргетасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының ролі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беру саласының жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуін және экономиканың даму қажеттіліктеріне сай болуын талап етіп, оны үнемі жетілдіруге тікелей ықпалын тигізіп отырады.

Қазақ халқының патриоттық тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктерін кезінде көптеген саяхатшылар, этнографтар мен тарихшылар (А. Левшин, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А. Янушкевич және т.б.) атап өткен.

Патриотизм, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм проблемаларына көптеген философтар (М. Қозыбаев, Ә. Нысанбаев, А. Қалмырзаев, Л. Ахметова, К. Меңлібаев және т.б.) жазушылар мен филолог-ғалымдар (М. Әуезов, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Ә. Нұршайықов және т.б.) аса назар аударды.

Педагогика ғылымында патриоттық тәрбиенің бірқатар салалары, атап айтсақ: оқушылардың саяси-мәдениетін қалыптастыру (К.К. Жанпейісова, Ю.Г. Науымова, Е.З. Батталханов), жас жеткіншектерді революциялық ерлік және еңбек дәстүрі

рухында тәрбиелеу (К. Қонантаева, Ә. Жұмақанова, Ш. Әмралиев, С. Ешимханов, А. Щербатов, Д. Құсаинова және т.б.), оқушылардың адамгершілік құқықтық (А.А. Колужный, В.В. Трифонов, Л.К. Керімов және т.б.) азаматтық (С.Б. Омарова, Ж. Мақатова) тәрбиесін жүзеге асыру, болашақ мамандардың патриотизмін қалыптастыру (А.Қ. Халимолдаева) сияқты салалары зерттелген.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» – деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты-наным – сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парастатты ел игілігіне жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмуд Қашғари т.б. еңбектерінде келелі, пікірлер айтылған.

Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, Махамбет Өтемісұлы да өз әдебиетімізге арқау етті.

Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай әдебиеттарынан дабайқауға болады.

Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуді, қуаттап

қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев, – патриотизмді «эр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» – деп белгілеген.

Бауыржан Момышұлы өз әдебиетларында патриотизмге анықтама берген. Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

Қазақстанның тәуелсіздік алып, егеменді ел ретінде жаңа даму жолына түсуі қоғамның жалпы адамзаттық құндылыққа бағдарланған жаңа идеологиясын қалыптастыруды қажет етеді. Бұған патриотизмді де жатқызуға болады.

Патриотизм – жаңа түсінік емес, ол – қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи және таптық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады, ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау «патриотизм» ұғымына көптеген анықтамалар берілгендігін айғақтайды.

Келтірілген анықтамалар адамгершілік қасиет ретінде патриотизмнің мәні неғұрлым дәл ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Мәселен, философиялық түсіндірмеде: «патриотизм (грекше *patris* – Отан) мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» делінсе, лексикалық мағынада – патриотизм «Отанға сүйіспеншілікті, өз Отанына, өз халқына берілгендікті» білдіреді. Ұлттық энциклопедиялық сөздікте патриотизм (грекше *patris* – Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі деп қарастырылады.

Патриотизм, жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің, ал, жекелей алып қарағанда, саяси мәдениеттің элементі болып табылады. Патриотизмнің мазмұнына мыналарды жатқызған жөн: адамның өзі туып өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі; ана тіліне құрметпен қарау; Отан мүдделеріне қамқорлық жасау; азаматтық сезімдердің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау; әлеуметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш; Отанның тарихи өткеніне және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу.

Отан сүйгіштік сана халықты топтастырушы рухани күш бола тұра, халықтың күш-жігерін тәуелсіздікті нығайтуға бағыттайды. Сондықтан елдегі тәлім-тәрбие идеологиясы мен ақпарат жүйесі халықтың бойында өзін республиканың төл азаматы ретінде сезінетіндей көңіл-күй қалыптастыруы тиіс.

Отаншылдық, елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Демек, Отан сүйгіштіктің қайнар көзі адамгершілік қасиеттері болмақ. Отансүйгіштіктің іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отансүйгіштікті рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен, биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес. Тәрбиеге қатысы бар барлық білім беру жүйесіндегі мекемелер мақсатты, әрі нәтижелі жұмыс істегенде ғана отансүйгіштік қасиет санаға сіңеді.

Ғылыми әдебиетерде «Отан» ұғымының мән-мағынасына бірқатар анықтамалар берілген. Бұл анықтамаларда жеке адамның Отанға түрлі көзқарастарына баса назар аударылады. Әйтсе де бұл көзқарастарды тек адамгершілік сезімдерге ғана жатқызуға болмайтыны белгілі. Олардың мағынасы неғұрлым кең жене өзіне жеке адамның тиісті қажеттілік – себептікқыр-сырын, оның патриоттық сана-сезімі мен мінез-құлқын қамтиды, олар болашақта өзінің бірлігінде патриотизмді моральдық қасиет ретінде сипаттайды. Олай болса, патриотизмді адамның Отанға берілгендігі, сүйіспеншілігін білдіретін, Отанның құдіретін, өзінің онымен рухани байланысын, қажеттігіе сезінетін, қандай жағдайда болмасын елін қорғаудағы даярлығын көрсететін адамгершілік қасиеті ретінде айқындау қажет.

Парыз сезімі қиындықтан қаймықпай, қарсы келген дұшпанмен тайсалмай шайқасып, Отан үшін ақтық демің біткенше қызмет етуге даяр болу сезімімен туады, нәтижесінде бұл тікелей ерлік істерге итермелейді, «Ерлік» Б. Момышұлының сөзімен айтқанда, – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысында және азаматтық абройыңды ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімімен қорғай отырып, адамның ең ұлысезімін, азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жан, қанға-қан аяусыз деп кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу».

Қазақстандық білім беру жүйесі үнемі жастардың бойында еркіндікті, бірлікті, татулықты, теңдікті, туысқандықты дамытуды көздеп, патриотизмді қалыптастыруды ұлтаралық келісім мәдениетімен, барлық халықтардың жалпыадамзаттық ынтымақтастығымен тығыз байланысты жүзеге асырып отырады. Жастарға патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер басты роль атқарады



*Әдебиеттер*

1. Бекмағамбетов А.Ж. Өлкетану құндылықтары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктері / А.Ж. Бекмағамбетов, Б. Әбдікәрімұлы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2007. – №1. – Б. 134-140.

2. Жарылқасымов Т. Батырлардың ерлігі арқылы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру / Т. Жарылқасымов // Ұлт тағлымы. – 2007. – №1. – Б. 5-8.

3. Куанышов М. Туған өлкеге сүйіспеншілікті қалыптастырайық / М. Куанышов // Қазақстан мектебі. – 2006. – №2.

4. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әлеуметтік-педагогикалық мәні / А.Ж. Бекмағамбетов // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2007. – №4 (48). – Б. 71-76.

***Патриотическое воспитание учащихся начальных классов  
средством художественной литературы***

З.Б. Калиева

учитель начальных классов, Калкаманский сельский округ,  
СОШ с. Калкаман, г. Аксу, Павлодарская область, Казахстан

**Аннотация**

Патриотическое воспитание подрастающего поколения – залог стабильного развития страны в будущем и является одним из актуальных проблем воспитания младших школьников. В статье рассмотрены методы патриотического воспитания младших школьников посредством художественной литературы.

Ключевые слова: художественная литература, патриотизм, казахстанский патриотизм, национальное воспитание.

***The patriotic education of primary school students by means of fiction***

Z. Kaliyeva

Primary school teacher, Kalkamansky rural district Secondary school,  
Kalkaman village, Aksu, Pavlodar region, Kazakhstan

**Summary**

The patriotic education of younger generation is the pledge of stable development of the country in future and is one of the actual problems of education of younger school students. In article, the methods of patriotic education of younger school students by means of fiction are considered.

Keywords: fiction, patriotism, Kazakhstan patriotism, national education.

ӨОЖ 372.461.2.

## ОҚУ-ӘРЕКЕТІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ИНТОНАЦИЯЛЫҚ МӘНЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*Ж. Сайм*

*Бастауыш сынып мұғалімі, №16 ЖББМ, Солнечный ауылы,  
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Осы мақалада оқушыларды мәнерлеп оқуға үйретудің әдіс-тәсілдері қарастырылған. Мәнерлеп оқытуға үйретуге бағыталған жұмыс түрлері айтылған. Мәнерлеп оқытудың түрлеріне анықтама жасалған.*

*Тірек сөздер: тіл мәдениеті, тіл дамыту. Сөйлеу мүшелері және оның дыбыс жасаудағы қызметі, формаға түсіру.*

М. Жұмабаев: «Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда тілді дамытып оқытуды «өне бойы, өмір серік» етіп алғанымыз жөн.

Тіл дегеніміз – адам сапасының тікелей шындығы десек, тіл арқылы адам ойы материялық сезіммен қабылданатын формаға түседі, осының арқасында адамдардың ойлары хабарланып, бір адамнан екінші адамға жеткізе алады. Тіл адам баласының бүкіл материалдық және рухани мәдениетінің дамуымен бірге жетіліп отырады», – деп көрсетеді [3].

Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы жанұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жеткізілуі тиіс.

М. Әуезовтың пікіріше: «Баланың тілін дамытуда халық қазынасы – ауыз әдебиетінің орны ерекше. Аз сөзбен көп мағына беретін мақал-мәтел, ертегілер, эпостық шығармалар ғасырлар бойы ауыздан-ауызға таралып, жинақтала келе, бүгінгі ұрпақтың рухани азығына айналуы тиіс, – деген» [4].

Мектепке дейінгі педагогика мен психология ғылымы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздің дыбыстық құрамын меңгерту мәселелеріне жан-жақты көңіл бөліп, бұл жұмысты ақыл-ой тәрбиесімен бірлікте қарастырады. Өйткені ойлау процесі заттар мен құбылыстардың жалпы сипатын, заңды байланыстары мен кейбір ерекшеліктерін бейнелесе, сол заттардың шындық болмысы ойда сәулеленіп, яғни ұғым сөз арқылы танылып, ой сөйлеу арқылы білдіріледі [5].

Баланы мектепке даярлау, мектептегі оқу ісінің сапасын арттыру жұмысы – педагогика ғылымында басты мәселелерінің бірі. Сондықтан да көрнекті психолог-педагог ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму, қалыптасу ерекшеліктерін эксперимент арқылы зерттеп, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған сөздік минимум жасау мәселесіне ерекше назар аударуда.

Өйткені мектепке дейінгі тәрбие ісінің ең жауапты кезеңі – баланың бес-алты жастағы шағы. Бұл жастағы балалардың дене құрлысы жетіліп, тез өсе бастайды. Түрлі іс-әрекеті дамып, ой-өрісі, дүние танымы кеңейеді. Күнделікті өмірді тануы, оларды салыстырып, бір-бірінен түрлі ерекшеліктеріне қарай топтай, жалпылай ажырата білулері, көрген-білгендері жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасау қабілеттілігі жетіле түседі. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Тілдің, сөйлеудің немесе жалпы сөздің әсерінен баланың қабылдау сипаттамасы өзгереді. Сөздердің ауызша көрсетілуі мен мән-мағынасын түсіне бастағанда, бала қоршаған құбылысты басқалай қабылдайды түседі.

Дыбыстардың шығу, жасалу орнына айрықша көңіл бөлінеді. Сөйлеу мүшелері және оның дыбыс жасаудағы қызметі баса айтылады.

Мәтінде мәнерлеп оқушы, әңгімелеуші сөйлеу техникасына ұдайы, үздіксіз жаттығып, дағдылануы тиіс. Сонда ғана интонациялық мәнерлігін жетілдіреді, сөйлегенде дұрыс тыныс алуға әбден машықтанады, әдеби тілдің дұрыс дыбысталуына төселеді. Сөйлеу аппаратының дұрыс болуы мәнерлеп оқу мен оның техникалық дұрыс ұйымдастырылуының негізгі шарты болмақшы.

Сөйлеуді меңгерген бала ең бастысы заттардың мән-мағынасын түсіне бастайды, демек, сөйлеу арқылы қабылдаудың сенсорлық типі мән-мағыналық, заттық типке ауысады. Сөйлеудің әсерінен баланың жадында қайта өзгеру немесе жаңару үдерісі болады. Алғашында алған әсерді жаңғырту барысында сөйлем құрап отырып, сол сөздің әрмен қарай дамуы тек сыртқы жағдайлардың нәтижесінен ғана болмай, оның орнын ауыстыратын сөз арқылы да бола алады. Сөйлеудің әсерінен бала іс-әрекетінің сипаттамасы да өзгеріске ұшырайды.

Өйткені мектепке дейінгі тәрбие ісінің ең жауапты кезеңі – баланың бес-алты жастағы шағы. Бұл жастағы балалардың дене құрлысы жетіліп, тез өсе бастайды. Түрлі іс-әрекеті дамып, ой-өрісі, дүние танымы кеңейеді. Күнделікті өмірді тануы, оларды салыстырып, бір-бірінен түрлі ерекшеліктеріне қарай топтай, жалпылай ажырата білулері, көрген-білгендері жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасау қабілеттілігі жетіле түседі.

Ана тілін қастерлеген адам өз халқының тарихын, тұрмыс жағдайын, тыныс-тіршілігін жақсы біледі. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы оның тілінен көрінеді, ал тілдің өзі адам психологиясын байқататын

құрал. Сондықтан балабақшадан бастап өз ана тілімізде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиетін, рухани құндылығымызды біліп өсек, болашақ ұрпақта өз тілін қадір тұтады. Тіліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады.

Халық ауыз әдебиеті балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүюге, елін қорғауға, өнерді игеруге уағыздайды. Оның үстіне ертегілер, мақал-мәтелдер жоғарыда аталғандармен қатар баланың сөздік қорын да молайтады. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала – үздік бала себебі жаңағы айтылғандар жақсы үлгілердің алғышарты. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, бала тілін дамыту – қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі. Оның үстіне еліміз егемендік алғалы бері мемлекеттік тілде сөйлеу соны оқыту әдістемесін жетілдіру, соның ішінде, бала тілінің дамуы мен сөздік қорының молаю мәселесі әдіскер ғалымдардың зерттеуінен түспей, назардан тыс қалмай жүрген мәселелердің бірі.

Атақты психолог Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, оларды мектепке даярлау мәселесіне ерекше назар аударды. 5–6 жастағы баланың ойлау, сөйлеу дәрежесі жөнінде ғылыми деректерге сүйене келіп, құнды пікірлер қалдырды [7].

Ол мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау, ес, зейін ерекшеліктеріне тоқталады. Мектепке дейінгі балалардың өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара байланысы жөнінде өздерінше ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі басым болатынын айтты. Өйткені 5–6 жастағы баланың көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі жетіледі.

Балалар жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалатынын, қалай пайда болатынын түсінуге тырысатындығын да көрсетті.

Сондықтан бақшада оқыту, білім беру жүйесіне арналған бағдарлама қандай жүйеде жасалу керектігін айқындау қажет. Себебі ол бағдарлама табиғатта болып жататын физикалық, биологиялық, қоғамдық құбылыстар жөнінде мағлұмат бере отырып, мектепте оқытудың басты шартын орындауға тиісті. Өйткені балаларға адам қоғамы, табиғат, өнер туралы мағлұмат мектепке дейін-ақ берілуі керек.

Баланың табиғат сыйға тартқа. Барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, онда да мектепке дейінгі кезде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды. Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге методика теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

1. Дауыс ырғағы-дауыс бедері ретінде.
2. Дауыс ырғағын анықтау.
3. Шағын мәтіндер, оның түрлі дауыс ырғағын табудағы орны.
4. Тыныс белгілеріне сай дауыс ырғағын анықтау.

Логикалық екпін. Балаларға қалай оқып беру және айтып беру керек: қатты оқу керек пе әлде жай оқу керек пе? Бұл жөнінде үзілді-кесілді бір мағыналы жауап болуы мүмкін емес, дауысты жайлап немесе қатты шығару оқылатын шығарманың мазмұнына байланысты. Балаға кейде бәсеңдетіп орташа дауыспен ғана оқыған дұрыс. Мүлдем шуылдақ балалар да әңгімешінің даусы белсендеген сәтте тыныштала қалады. Сөздің дәлдігі мен мәнерлілігі оқып берушінің өз даусын керек жерінде бір тоннан екінші тонға ауыстыра білуімен анықталатын логикалық екпіндерді дұрыс қоя білу жәрдемдеседі.

Мәнерлеп сөйлеу үшін мына төмендегі шарттарды ескеру қажет: Сөйлеу қарқыны Пауза жасау Логикалық екпін қою. Дауыстың (оның тембрінің) эмоциялық бояуы Оқу-графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу – ауызша сөйлеу әрекетінің басты мәселесі.

Оқу, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты. Үшіншіден мұнда осы таңбалардың ішкі мән мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай деректер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып, оқушының ауызша сөйлеу әрекетіне жақындай жасалады. Тіл дамыту сапалы болу үшін оқу үдерісі мен дауыстап оқуды ажырата білген жөн.

Оқу-берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалана білу. Ал дұрыстап оқу акустикалық мақсаттың шеңберінен шығып, сөз тіркесі, сөйлемдердің мағынасын түсінуге, оны сана арқылы қабылдауға, мәтіннің ішкі мазмұнын баяндауға бағытталса, онда ол оқылымның тиімділік жағын арттырып, оның негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

Танымдық оқу дегеніміз – тіл үйренушінің кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалдарды оқып-түсінуі. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалдарды зерттейтін деген мақсат бола бермейді. Мұндай оқу белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі.

*Әдебиеттер*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 1999.
2. Мемлекеттік жалпы міндетті 5-тен 6-жасқа дейінгі мектепалды дайындық жастағы балаларға білім беру стандарты. Ресми басылым. – Астана, 2007.
3. Жумабаев М. Педагогика / М. Жумабаев. – Алматы: Ана-тілі, 1992.
4. Әуезов М. Шығармалары / М. Әуезов. – Алматы: Рауан, 1991.
5. Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика / А.К. Меңжанова. – Алматы: Рауан, 1992.
6. Сәтімбекова М.С. Отбасында баланы мектепке дайындау / М.С. Сәтімбекова. – Алматы: Шартарап, 2004.
7. Выготский Л.С. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся / Л.С. Выготский. – М.: Просвещение, 2000. – 288 с.
8. Меңжанова А.К. Балаларды көркем шығармалар арқылы адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу / А.К. Меңжанова. – Алматы: Рауан, 1997.

*Этапы и виды работ по формированию интонационной выразительности речи*

Ж. Сайм

учитель начальных классов СОШ №16,  
п. Солнечный, г. Экибастуз, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В статье рассматриваются методика и приемы обучения учащихся выразительному чтению. Дается определение методического аппарата и описываются виды работ по формированию интонационной выразительности речи.

Ключевые слова: культура речи, развитие речи, средства устной речи, элементы звучащей речи, формы звуковой речи.

*Stages and types of works on formation of intonational expressiveness of the speech.*

Zh. Saim

Primary school teacher, Secondary school №16  
Solnechny village, Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

In the article, the methods and techniques of training students of expressive reading are considered. The definition of methodological apparatus is given and types of works on formation of intonational expressiveness of the speech are described.

Keywords: culture of speech, development of speech, means of oral speech, elements of sounding speech, forms of sound speech.

ӘОЖ 372.03

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ  
ОЙЫНДАР-БАЛАНЫҢ ОЙЫН ДАМУДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ**

***А.С. Туленова, А.Ж. Шафигуллина,  
К.К. Рамазанова, Ж.М. Жақсынбетова***

*№1 Чернорецк ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Бұл мақалада баланың ойын дидактикалық ойындар жұмысына баулып, олардың ойынға белсенділіктерін, қызығушылығын дамытуға әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болатыны. Ойлауын дамытатын түрлері айтылған.*

*Тірек сөздер: әдіс-тәсілдер, ойынның түрлері, атаулары, өткізілу шарты, жұптық, топтық жұмыс.*

Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық мегергенінше жалғасады. Ал оқыту процесінде жаңа технологияның маңызды бөлігі б.т. Адамның ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан, бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойынға дейін ауысады. Іс-әрекеттің айрықша түрлерінің бірі ойын болып табылады. Ойын оқу әрекетіне тән бірқатар қасиеттерге ие екендігі белгілі. Мұны мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттауына мақсатталуы айқын көрсетеді.

Сонымен қатар ойын оқушыларға қозғау салуға, оларға түрткі болуға да бағытталған. Ол төмендегідей бірқатар қайталанбас қасиеттерге ие: балалар мен жасөспірім жеткіншектер үшін оның оңайлығы мен игерімділігі, демократиялылығы («ойын барлығын да қабылдайды»), игерілуі тиіс шынайы ақиқаттың барынша әралуан қырларын модельдеуге мүмкіндік беретін ойындық құралдардың бейімділігі, ең бастысы – балалар үшін ойынның тартымдылығы [1].

Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті атқарады. Ойынның мақсаты-бағдарламада анықталған пәндер бойынша білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту.

Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады.

Баланың ойын дидактикалық ойындар жұмысына баулып, олардың ойынға белсенділіктерін, қызығушылығын дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануға болады.

Олар мыналар:

1. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (құрастырмалы ойындар, қозғалмалы ойындар, сергіту ойындары тағы басқалар).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытта жұмыс, қиялдау ой арқылы сурет салғызу, ролге бөліп ойнату, ойын балалардың ойлау қабілеттерін арттырады.

3. Әр бөлімінде халқымыздың ұлттық ойындарын қолданамыз.

4. Осы сабақтарды қызықты өткізу үшін математика сабағынан есеп шығару ойындары, әліппеден әріптер жайлы ойындар, дене шынықтыру сабағынан қимыл-қозғалыс ойындарын, яғни әр пән де дидактикалық ойындарды қолдандық.

5. Венн диаграммасын, үлестірмелі карточкаларды, сөзжұмбақтарды, ребустар, дидактикалық ойындарды қолданып, сабақты қызықты жүргізумен балалардың сабаққа қызығушылықтарын, ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды сабақтың әралуан буындарына енгізу:

1. Түрткі ретіндегі дидактикалық ойындар.

2. Материалды игеруге даярлық кезінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар.

3. Материалды пысықтау кезінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар.

4. Игерілген материалды қайталау кезінде қолданылатын дидактикалық ойындар.

5. Есептік дидактикалық ойындар баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу береді.

Ойынның мақсаты: Баланы пәнге қызықтыру, логикалық ойлауын дамыту

Таным әрекетін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау, алған білімді тексеру, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Міндеті:

1) Танымдық: баланың тану, іздену әрекетін дамыту.

2) Тәрбиелік: айналасымен қарым-қатынас жасауға, қажетті дағдыны, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.



Дидактикалық ойындарды құру мына негіздерге сүйенеді:

1) Балалардың іс-әрекетіне ойын түрлерімен оқуды байланыстыру, біртіндеп қызықты жеңіл ойындардан ойын-тапсырмалар арқылы берілген оқу-тәрбие мәселелеріне көшу.

2) Шарты мен міндеттерін біртіндеп күрделенуі.

3) Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.

4) Оқу-тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Дидактикалық ойын мектеп оқушыларының белсенділігін арттырып, қиын оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетуі және көлемі бойынша үлкен оқу материалдарды есте сақтауға мүмкіндік беруі тиіс.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін мыналарды жүзеге асыру қажет:

1. Жағдайға қарай шығармашылық белсенділікті іске қосу;

2. Төмендегідей шығармашылық белсенділіктің жүйелі циклдарын іске қосудың алғышарттары ретінде шығармашылық жағдайларын жүзеге асыру:

а) шығармашылықтың Мен – субъектісінің рольдік образын игеру;

б) шығармашылықтың жетекші ішкі орындаушы механизмдерін игеру;

в) шығармашылықтың әралуан түрлерін игеру;

г) ойын ұжымының шығармашылық бағытталушылығын дамыту;

д) ойын арқылы шығармашылық нәтижені елеулі түрде сезінетін жағдайларды қарастыру.

Белсенділікті дамыту үрдісіне ықпал етуі тұрғысынан келесі ойын типтері мен ойындық формаларды айқындауға болады:

а) оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытатын ойын формалары (шығармашылық белсенділікті дамытудың жалпы немесе спецификалы емес шығармашылық ойындық құралдары).

Дидактикалық ойындардың сапалылығы:

Олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажеті материалдарды алдын-ала дайындап алуына, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруына байланысты болады [3].

Дидактикалық ойын түрлері:

1) Заттық дидактикалық ойындар.

Бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2) Үстел үсті ойындары: Лото, домино, қарлы кесек т.б.

3) Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындар:

Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Ойын-саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас фактілер немесе оқиғаларды бейнелейді, қарапайым жұмбақ арқылы беріледі;

2. Ойын-тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды.

3. Ойын-болжамдар. Бұл ойындар «не болар еді...?», «Мен не істер едім, егер...» деген сұрақтарға негізделеді.

Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен ситуацияны қоюмен ерекшеленеді.

4. Ойын-жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі-логикалық астарының болуында. Олар баланың ой әрекетін белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді.

5. Ойын-әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа негіз болады. Ойынның құндылығы балаларды эмоционалдық түрде белсендіруге, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойнауға мүмкіндік туғызады.

Халық ойындарының педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар.
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар.
5. Диагностикалық ойындар.

Халық ойынының келелі бір мақсаты – баланы жан-жақты тәрбиелеу болғандықтан, бір ойын түрліше ойналуы мүмкін, сондай-ақ, ойнауға берілген сұрақтың түрліше жауабы болуы мүмкін.

#### *Әдебиеттер*

1. Макашева А. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда дидактикалық ойындардың ерекшеліктері / А. Макашева. – Алматы, 1998.

2. Жапбаров А. Ана тілін арқылы тіл дамытудың әдіснамалық / А. Жапбаров. – Алматы: Рауан, 2005. – 252 б.

3. Махмудова С. Сабақта ұйымдастыру дидактикалы ойындарды қолдану жолдар / С. Махмудов // Бастауыш мектеп. – 2009. – № 2.

*Дидактические игры, применяющиеся в начальных классах, –  
главный инструмент в развитии мышления ребенка.*

А.С. Туленова, А.Ж. Шафигуллина,  
К.К. Рамазанова, Ж.М. Жаксынбетова  
учителя начальных классов Чернорецкой СОШ №1, Павлодар, Казахстан

Аннотация

В этой статье говорится о различных методах, которые помогают выявить активность, интерес к дидактическим играм. Эти методы развивают мыслительную деятельность у детей.

Ключевые слова: методы, типы игр, виды игр и их условия проведения, парная и групповая работа.

*Primari school educational games – the main instrument  
for the development of the a child's thinking*

A.S. Tulenova, A.J. Shafigullina,  
K.K. Ramazanova, J.M. Zhaksynbetova  
Teacher of primary education the Chernoretsk secondary school №1, Pavlodar, Kazakhstan

Summary

This article describes the various methods that help vyevit activity, interest in didactic games. These methods develop the mental activity of children.

Keywords: methods, types of games, types of games and their modalities, pair and group work.

ӘОЖ 372.03 (574.25)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН  
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ  
ОЙЫНДАРДЫҢ РОЛІ

*М.А. Темиралина*

*Шақат ОЖББМ бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*Ж.М. Камариденова*

*Камарицын бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*Ж.А. Сурумбетова*

*№2 Песчан ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*З.С. Тулеуова*

*Зангар ОЖББМ бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыруда дидактикалық ойындардың ролі туралы жазылған. Қызығушылықты дамытудың жолдары қарастырылған. Дидактикалық ойынның түрлеріне талдау жасалған.*

*Тірек сөздер: қызығушылық, дидактикалық ойындар, тиімділік белсенділік, жүйе.*

Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалақ ізденісін, оқушылардың белсенділігін мен қызуғышылығын арттыруды талап етеді.

Әдістемелік әдебиеттерде берілген және бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдаланып жүрген дидактикалық ойындар өте көп. Алайда олардың барлығы бірдей бүгінгі күннің талаптарынан туындап отырған білім мазмұнының

өзгерістеріне, сондай-ақ оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай келе бермейді деп ойлаймыз.

Жас бала не нәрсені болса білу құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардық қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан әр-бір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру қажет.

Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, және сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны өндіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді. Дидактикалық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезіндегі орны мен міндетін, мақсатын дәл ашуға, оны қолданудың теориясы мен практикасын бастауыш сынып мұғалімінің жетік меңгеруіне, шеберлік танытуына, ойынға қажетті материалды алдын ала дайындап алуға, ойын үрдісіне оқушыларды белсенді қатыстыруға байланысты.

Василий Александрович Сухомлинский ойынды қолдану жайында былай деп жазады: «...Ойын – бұл үлкен жарық әйнек, ол арқылы баланың өміріне қоршаған орта туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасады. Ойын – бұл білгіштік пен тырысу отын жағатын шоқ». В.А. Сухомлинскийдің пікірін жалғастыра отырып, Даниил Борисович Эльконин «Психологиялық ойындар» еңбегінде «Ойын мағынасы балада жаңа өзіндік мазмұны бар түрткі әрекеті мен оған байланысты міндеттермен шектелмейді. Ойында түрткілердің жаңа психологиялық формалары пайда болады» – деп ойын психикалық процестердің дамуына әсер ететінін айтқан.

Дидактикалық ойындар оқушылардың қабілетін, танымын, шығармашылық дербестігін дамытады. Оқыту үрдісінде ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артады. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында олардың оқуға деген қызығушылығы мен түрткілерін арттыруда дидактикалық ойындарды дұрыс іріктеп қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Оқыту барысында дидактикалық ойындар оқушылардың мақсатқа жету жолындағы мотивтерін қанағаттандырып, оның басқа психикалық қабілеттерін дамуына ықпал етеді. Дидактикалық ойындарды сабақта дұрыс қолдану арқылы оқушылардың оқуға, ізденуге деген түрткілері тәрбиеленеді. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзін-өзі тәрбиеленуіне, ішкі ынтасы мен талпынысын реттеуге мүмкіндік береді.

Ойындар психикалық қабілеттердің ішінде қиялды ерекше дамытады. Қиял адамдарды шығармашылықпен жұмыс істетіп, өмірде болмаған нәрселерді болдырады, жаңа нәрсені болжатады, адамның ойлау шекарасын кеңейтеді, іздендіреді. Дидактикалық ойындардың әдіс-тәсілдерден артықшылығы-ол оқушыларға еркіндік береді, өз ойларын жасқанбай айтуға үйретеді.

Мұғалім оқушыға сапалы білім беру дәрежесі сабақты ұйымдастыру жолдарын, оқушылардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту әдіс-тәсілдерін білуімен тікелей байланысты.

Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды оқушылардың сабаққа деген құлшынысын, оқу мотивтерін туғызуда кеңінен пайдалануы керек. Ұстаз әрбір сабақта дидактикалық ойындарды жаттығуларға, тақырыпқа байланыстырып кіріктіруі, оларды өзара біріктіруі тиіс. Бұл – дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие берудің негізгі бағыты.

Осы бағыттағы бірден – бір ұтымды жол – оқу процесінде дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану. Ол сабақтың әсерлілігін, қызығушылығын, танымдылығын арттырып, оқушының танымдық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Мектеп реформасы талаптарына сай балаларды алты жастан бастап оқуда дидактикалық ойындардың мазмұндылығы бұрыннан да арта түсті. Бұл жастағы балалар үшін ойын- оқу, еңбек әрі тәрбие құралы. Сөйтіп, ойын сабақта жаңа мазмұндық сипатқа ие болуда. Ойын балаларды сабақта зерігіп, шаршаған кездерде мақсатына ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып өткен материалды берік меңгерту. Сондықтан да ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы тиіс. Сонда ғана ол оқушының ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жеткізеді.

Дидактикалық ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт. Мұғалімдер сабақта ойын түрлерін ретсіз және төпелеп қолданбауы керек. Ойынға қажетті дидактикалық материалдар мен көрнектіліктерге де жете көңіл бөлуіміз тиіс. Мұның да ойын процесінде көп мәні бар. Алдымен сабаққа лайықты түрі мен оны қолданудың мөлшерін анықтау керектігі ұмытылып қалмауы керек.

Дидактикалық ойынның ырғағын сақтау мұғалімнің шеберлігін танытады. Ойын тым тез қарқынмен жүргізілсе, оған көпшілік балалардың ойы ілесе алмай, басқалардың сөз бен ісін түсінбей қайталайтынын, ал ойын жай, сылбыр жүргізілінгенде оған деген ынта-ықылыстың күрт кеміп кететінін көрсетеді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығушыларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды тілдік материалдарға қызықтыруымен қатар тіл білімінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденпаздылығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. дидактикалық ойындар барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі. бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді.

Дидактикалық ойындар оқушылардың қабілетін, танымын, шығармашылық дербестігін дамытады. Оқыту үрдісінде ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артады.

Қорыта айтқанда, ойын элементтері араласқан сабақ оқушыларға әсерлі болып, олардың білуге деген құмарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

#### *Әдебиеттер*

1. Исламгулова С. Оқыту мазмұнын түрлендіру / С. Исламгулова. – Алматы, 2008.
2. Турғанбекова Ж. Дидактикалық тапсырмалар жинағы / Ж. Турғанбекова. – Алматы, 1999.
3. Жанпейсова М. Модульдік оқыту техникасы / М. Жанпейсова. – Алматы, 2000.
4. Досмұхамедұлы Х. Ана тілін оқыту әдістемесі / Х. Досмұхамедұлы. – Алматы, 2007.

#### *Роль дидактических игр в начальных классах для развития интереса к урокам*

М.А. Темиралина  
учитель начальных классов, Шакальская СОШ, Павлодарский район,  
г. Павлодар, Казахстан.

Ж.М. Камариденова  
учитель начальных классов, Камарицынская НШ, Павлодарский район,  
г. Павлодар, Казахстан.

Ж.А. Сурумбетова  
учитель начальных классов, Песчанская СОШ №2, Качирский район,  
г. Павлодар, Казахстан.

З.С. Тулеуова  
учитель начальных классов, Зангарская СОШ, Павлодарский район,  
г. Павлодар, Казахстан.

#### Аннотация

5. Синтез (продуктивті, шығармашылық жұмыстар құрастырады);
6. Бағалау (бағалайды, талқылайды).

Бірінен-бірі туындайтын аталған әр шағын мақсаттың нәтижесіне жету үшін олардың өздеріне сәйкес мазмұны, әдіс-тәсілі, оқытудың түрі мен құралы және тиісті дидактикалық процестер анықталады. Мысалы, танып білу мақсатына сәйкес нәтиже болып шәкірттердің білімді «оқушылық» 1-деңгейде меңгеру саналады да, мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды, бұл жағдайдағы білім санасының көрсеткіші оның «дұрыстылығымен» сипатталады.

Ал «түсіну» 2-деңгейде оқушылар білім элементтерін еске сақтаумен қатар талдау жасап, түсіндіре алуы, алған білімді стандарттан тыс, өзгерттілген жағдайда қайталап орындай алуы, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмысты түрлендіре білуі қажет. «Түсіну» мақсатына сәйкес нәтиже – оқу материялын 2 – «алгоритімдік» деңгейде меңгеру болып табылады.

Синтез бен бағалау 3 – «эвристикалық» деңгейдің мақсаты болып табылады да ой қорытуға арналған тапсырмалар беріледі. Мақсат анық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Бұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өздігінен ала алады.

Аталған үш деңгей мемлекеттік стандарттың міндетті сатысын құраса, біздің жағдайдағы 4-деңгей мемлекеттік стандарттың мүмкіндік деңгейінің талаптарына сәйкес келеді. Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Шығармашылық деңгейге жету оңай емес. Қазіргі технологияда «миға шабуыл», дебат, модель, проект жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі пайдаланып келеді. Деңгейлік тапсырмаларға, мысалы математика пәнінен, томендегідей талаптар қойылады.

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықты болу керек;
- 2) сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беру;
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болу керек.

Математика пәнінде мұндай талаптар және тақырыпты игеру соңында шығарған есептерге ұқсас тапсырмалар құру арқылы орындалады және олар оқушының өзі шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады. Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызықтылық жақтарына ерекше көңіл аударған жөн.

Екінші деңгейдегі тапсырмаларға: өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйлеуге бағытталу керек. Бұлар өзгерттілген жағдайларда тапсырмалар, яғни, бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет болады. Математикада мұндай іс-

әрекетке келтіретін тапсырмалар: мәтінмен берілген кері есептер; кері байланыс функциясын атқаратын тексеру тапсырмалары, т.б.; 2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады.

Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды төмендегідей топтастыруға болады:

1) танымдық-іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.б.) жетілдіріп тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұндай жұмыс-анализ бен синтез және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылар жаңа есептерге тап болады да, проблемалық жағдай туындайды. Оны шешу үшін оқушы жаңа әдістер ізеу керек;

2) әр түрлі әдіс – тәсілдермен шешілетін есептер;

3) өздігімен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өнімдеріналынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

Төртінші шығармашылық деңгей тапсырмалары:

1) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесімен қалыптастырғани ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген (теорема дәлелдеу, заңдылықтарды оқулыққа сүйенбей мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару);

2) олимпиадалық есептер шығару мен ғылыми жобалар жазу;

3) берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау болып табылады.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны өз бетімен бағалау деңгейі болады және тек осы төртінші деңгейге жете алған оқушының ғана білім нәтижесі жаңа тақырапты меңгеру барысында анықталған басты оқу мақсатының орындалған түрі болып табылады. Бұл жағдайда оқушы өз қатесін өзі тауып, түзете алатын және өзін-өзі басқарып, бағалай алатын дәрежеге жетеді.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

*Әдебиеттер*

1. Жанәбілова А. Шығармашылық қабілетті дамыту / А. Жанәбілова // Қазақстан кәсіпкері. – 2004. – №5. – Б. 42-44.

2. Кобдикова Ж.У. Деңгейлік тапсырмалар / Ж.У. Кобдикова, Б.О. Қуанбаева // Білім берудегі менеджмент. – 2003. – №3. – Б. 41-49.

3. Назирова А. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру тапсырмалары / А. Назирова // Бастауыш мектеп. – 2004. – №1. – Б. 33.

***Технологияларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту***

Ж.К. Абильдинова,

Т.Б. Тулеутаева,

А.Е. Кенжебаева

№10 школа-лицей для одаренных детей, г. Павлодара, Казахстан

**Аннотация**

В статье рассматривается обучение учеников начальных классов через использование инновационных технологий в развитии творческих способностей.

Ключевые слова: образовательная технология, инновация, действия, творческий, эвристический способности, алгоритм.

***Технологияларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту***

Z.K. Abildinova,

T.B. Tuleutaeva,

A.E. Kenzabayeva

No. 10 school-Lyceum for gifted children, Pavlodar, Kazakhstan

**Summary**

The paper training of primary school pupils through the use of innovative technologies in the development of creative abilities.

Keywords: educational technology, innovation, action, creativity, the ability of the heuristic algorithm.

ӨОЖ 37.014.3

**ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН  
КӨТЕРУДЕГІ РӨЛІ*****С.Т. Айтуғанова****Лебяжі ауданы, Жаңатан жалпы негізгі білім беретін мектебі,  
бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар облысы, Қазақстан****А.К. Алимова****Екібастұз қаласы №11 ЖОББМ  
бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар облысы, Қазақстан****К.М. Қожабекова****Лебяжі ауданы Зор-Октябрь жалпы негізгі білім беретін мектебі,  
бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар облысы, Қазақстан****Б.М. Кусманова****Лебяжі ауданы, Бесқарағай ЖОББМ,  
бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар облысы, Қазақстан**Аңдатпа**Аталмыш мақалада сабақта қолданылатын жаңа технологиялар туралы айтылған.  
Қазіргі кезде қолданылатын жаңа технологиялардың ерекшеліктеріне талдау жасалған.  
Білім сапасын артыруды жаңа технологиялардың ролі туралы жазылған.**Тірек сөздер: деңгейлік тапсырмалар, сын тұрғысынан ойлау, стратегиялар, білім беру, жүйе, мазмұны жаңарды, инновациялық білім беру, танымдық қабілеттер.*

Ел президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Бұл салада атқарылатын жұмыстар жетерлік.

Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің



ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр, сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде іске асыру үшін оны технологияландыру қажеттігі туындайды.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекет жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толық жету.

Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білімде, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын.

Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады».

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды.

Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін.

*Жаңа технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:*

- Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді;
- Қосымша мәліметтер береді.

*Жаңа технологияны пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:*

- Барлық баланы оқыту;
- Оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;

- Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын басшылыққа алдық. Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Бұл технологияның негізгі ұстанымдары: әлсін – әлі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тіректерді пайдалану, келіспеушіліктің болмауы, оқушының жетісіктерінің жариялығы, қателерді түзеуге мүмкіншілік жасау, барлық балалар дарынды, табысқа жетуге жағдай жасау, оқытумен тәрбиенің бірлігі.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі процес болып келеді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез – келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет. Мұнда әр оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады.

*Сыни тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы:*

- Нақты мақсат қоюға дағдыланады;
- Өзіне деген сенімі артады;
- Оқу процесіне белсенді қатысады;
- Жолдастарының пікірін сыйлайды;
- Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі;
- Сараптауға, бағалауға дағдыланады;
- Пәнге деген қызығушылығы артады.

*Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:*

- Қызығушылығын ояту;
- Мағынаны тану;
- Ой толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек.

Жаңа технологияның принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамитын, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұланы қалыптастыру. Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы қандайда болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап

тәсілдерді үйрену керек. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім, оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Жаңа технологияларды енгізу кезінде

Мұғалім нені білуі керек:

- 1) Жаңа технологияның көмегімен шешілетін мәселелерді;
- 2) Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
- 3) Оқушылардың жұмыс әдісін;
- 4) Оқушыларды жаңа тех-да жұмыс істеуге үйрету әдісін;
- 5) Жаңа технология мәнін алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
- 6) Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру;
- 7) Әр сабақты жоспарлау;
- 8) Топтық жұмыс үшін тапсырмалар дайындау;
- 9) Таратпалы материалды дайындау;
- 10) Жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау;
- 11) Жаңа технология пайдаланатын жекелеген әдістермен тәсілдерді қолдану;
- 12) Әртүрлі типтегі сабақтар өткізу;
- 13) Өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтау.

Сондықтан, мектеп мұғалімінің сапасын соңғы нәтижеге бағыттау керек. Көздеген мақсатымыздың нәтижесін көреміз, мұғалімнің кәсіби шеберлегін дамытуға қажетті жағдай жасау арқылы білімнің жаңа парадигміне өту тәртібі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады». Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

- 1) Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
- 2) Сабақты түрлендіріп өткізу;
- 3) Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
- 4) Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
- 5) Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, О. Бальзактың «Ұдай еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңеді.

#### *Әдебиеттер*

1. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: оқу құралы / Қ. Қабдықайырұлы. – Алматы: РБК, 1999.

2. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау / Ә. Қабдешова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – №10. – Б. 35-45.

3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту / А. Ташенова // Білім-Образование. – 2006. – №2. – Б.15-18.

4. Закиров Ф. Жаңа технология – сапалы білім негізі / Ф. Закиров // Қазақстан мектебі. – 2010. – №3. – Б. 26-27.

#### *Роль повышения качества знаний при обучении новых технологий*

С.Т. Айтуганова  
учитель начальных классов, Жанатанская ООШ,  
Лебяжинский район, Павлодарская область, Казахстан

А.К. Алимova  
учитель начальных классов, СОШ №11, г. Экибастуз, Казахстан

К.М. Кожабекова  
учитель начальных классов, Зор-Октябрьская ООШ,  
Лебяжинский район, Павлодарская область, Казахстан

Б.М. Кусманова  
учитель начальных классов, Бескарагайска СОШ,  
Лебяжинский район, Павлодарская область, Казахстан

#### *Аннотация*

В данной статье говорится об использовании новых технологий. Рассмотрены особенности новых технологий, применяемых на уроках. Отмечено немаловажное значение использования новых технологий для повышения качества знаний учащихся.

Ключевые слова: разноуровневые задания, стратегии, критическое мышление, систематизация заданий, инновационное обучение, познавательные способности.

*The role of improving the quality of knowledge  
in the training of new technologies*

S.T. Aytuganova

Teacher of primary school, secondary school Zhanatanskaya,  
Lebyazhye area, Pavlodar region, Kazakhstan

A.K. Alimov

Teacher of primary school, The 11st secondary school, Ekibastuz, Kazakhstan

K.M. Kozhabekova

Teacher of primary school, secondary school Zor-October,  
Lebyazhye area, Pavlodar region, Kazakhstan

B.M. Kusmanova

Teacher of primary school, secondary school Beskaragai,  
Lebyazhye area, Pavlodar region, Kazakhstan

Summary

This article refers to the use of new technologies. The features of the new technologies used in the classroom. It was noted great importance of using new technologies to improve the quality of students' knowledge.

Keywords: split-level jobs, strategy, critical thinking, organize tasks, innovative learning, cognitive abilities

ӨОЖ 372.881. 1 (= 512.122)

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА БИЛИНГВАЛДЫҚ  
КОМПОНЕНТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ*А.А. Иманмагзамова**Екібастұз ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Екібастұз қ., Төртүй ауылы, Павлодар облысы, Қазақстан**Аңдатпа**Аталмыш мақалада бастауыш мектептің ана тілі сабағында билингвалдық компонентті қолданудың маңызы баяндалды. Балаларға қажет қасиеттерді қалыптастыруға көңіл бөлінеді.**Тірек сөздер: компонент, билингвизм, тіл дамыту, байланыстырып сөйлеу, тарих, сөздік қор.*

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңында «ұлт тілінде жұмыс істейтін балалар мекемелерін құру қамтамасыз етіледі» деп, оқу-тәрбие жұмысын ана тілінде жүргізуді балабақшадан бастау керектігін атап көрсетті. «Білім туралы» Заңның 23-бабында үздіксіз білім беру саласының алғашқы бапалдағы, балабақшаның мақсаты мен міндеттері айқындалған.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында балабақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі ілім беруді қалыптастыруға кірісу, яғни мектепке дейінгі білім беруді мектептер аясында дамыту қажеттілігі нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құрайтын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі анық белгіленген.

Тіл дамыту әдістемесі мектеп жасына дейінгі бала тілін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қызметтің заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән.

Әдістеменің басты міндеті ғылыми педагогикалық негізде бала тілін дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін таңдай білу. Сондай-ақ, бұл курстың тағы бір міндеті балалардың ауызша сөйлеу тілін өзінің жолдастарымен, үлкендермен сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыру.

Бала тілін сәби кезінен бастап дамыту олардың ойын өрбіту, сол арқылы жеке басының қалыптасуына жағдай жасау – оқу-тәрбие мәселесіндегі негізгі

мақсаттардың бірі. Бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтын күрделі психологиялық процесс. Ол жүйелі жүргізетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асады.

Көне түркі халқының ғұлама ғалымы Жүсіп Баласағұни ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз дегеніндей, тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі, санасы үздіксіз дамып отыратындығын айқындаған.

Белгілі философтар Ә. Нысанбаев, Д. Кішібеков, Т. Әбжанов, т. б. қоршаған дүние, яғни табиғат құбылыстарының қарым-қатынасы, адамның рухани дамуы ана тілі негізінде жүргізілетінін қарастырады. Философтардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, біз баланың тілін дамытуы оны қоршаған дүниеге деген сезімін, ойын тәрбиелеуге ықпал жасайды деген тұжырымға келдік.

Баланың тілдік сезгіштік қасиеті балалардың мектепке дейінгі және мектептің бастауыш оқыту кезеңдерінде өз ана тілінің ерекшелігін айыра білу қабілетін дамытып отырады. Тіл арқылы ойды қабылдау және сезінудің жолдары әр түрлі екендігі белгілі. Яғни, күнделікті көру, есту, сөйлеу қабілеті практикалық жұмыстармен байланысты дамиды.

Осымен байланысты белгілі психолог В.Б. Богословскийдің тұжырымдауынша, қоршаған дүниенің біз қабылдаған заттар мен құбылыстары санамыздан ізсіз жоғалып кетпейді, ми қыртысында бейнелер түрінде сақталады, заттар мен құбылыстардың біздің көз алдымызда жоқ кезінде де оймен қайта жаңғыртып отырған олардың бейнесі елес (еске түсіру) болып табылады.

Психикалық процестерді бір-бірімен тығыз байланыстыра қарастырған С.Л. Рубинштейн заттар мен құбылыстарды адам санасында дерексіздендіру, қорыту, тұжырымдау, олардың қатыныстары мен байланыстарын анықтап, белгілеу ойлау процесі екендігін дәлелдейді.

Қазақ халқының белгілі психологі Ж. Аймауытов тіл үйретуде баланың өз тәжірибесі, көрген-білгенін, оны қоршаған орта, нәрсе, заттардың орнын ерекше бағалай келе, баланың алғашқы көріп-білетіні қоршаған орта екенін, сол қоршаған орта арқылы баланың ойы, қабылдауы, сезінуі қалыптасып, тіл байлығы жетілетіндігін көрсеткен.

Ана тілінің баға жетпес құдіреті мен қуаты туралы тұңғыш ұлттық педагогика пәнінің негізін қалаған М. Жұмабаев тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауы тиіс.

Ірі қоғам қайраткері, үлкен талант иесі, қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов өз ана тіліндегі сөз ақыл-ой дамуының асыл қазынасы дей ке-

ле, жас баланың лингвистикалық тәрбиесінің өмірге келген сәттен бастап өз ана тілінде жүргізілуі керектігін ерекше атап көрсеткен.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогі Ы. Алтынсарин балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде тіл сезімін дамыту оқушының мектеп қабырғасына келгендігі сөз қорын әрі қарай байыту, ол әбден ойланған жүйені талап ететінін көрсеткен.

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуды табиғат құбылыстарымен байланыстыру мәселесін зерттегендер қатарында көрнекті педагог, психолог ғалымдар С.П. Рубинштейн, А.М. Леушина, А.М. Деметьева, М.М. Кониная, И.Е. Тихеева, В.Г. Захарченко, Т.В. Земцова, Л.И. Мищик, А.С. Выготский, А.В. Запорожец, П.Я. Гальперин, А.А. Люблинская, т. б. атап айтуға болады. Бала психологиясын сан-салада зерттеп, оның ішінде тілдің, қарым-қатынастың алатын орны үлкен мән берген Қазақстан психологтері Х. Шерязданова, Г. Касымова, У. Ауталипова, Ж. Әубәкірова, т. б. жұмыстарын өз зерттеуімізде басшылыққа алдық.

ТМД елдерінің көрнекті психологтарының баланың ойлауы мен сөйлеуін дамытуға байланысты зерттеу еңбектері бізге тіл дамыту мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы ақыл-ойының дамуында маңызды орын алады деген тұжырым жасауымызға негіз болды.

Билингвизм «түрлі мәдениеттерді таныстыратын адамдармен қатынау» деп анықталатын мәдениет аралық коммуникациялардың ең жарқын құбылыстарының бірі болды.

Ы. Алтынсарин «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай тілде болса да еркін сөйлеу мүмкін емес» – деп көрсетеді.

Сондықтанда «Білім беру Заңының» 5 – бабына сәйкес балабақшада тәрбиеленушілердің тіліміздегі сөздердің айтылу нормаларын дұрыс меңгерулеріне, өз ойын жүйелі түрде байланыстырып айта білуіне тіліміздегі дыбыстарды қатесіз, анық меңгеру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Бақшада бала әрбір тіл дамыту сабағында үйренген жаңа сөздердің мағынасын толық түсінетіндей, ол сөздерді тәуелдеп, жіктеп, септеп айта білетіндей қарама-қарсы мағыналы, мағыналас, тенеу сөздер арқылы түсіндіретіндей дәрежеде жеткізілуі қажет. Бұл аталған бағдарламалық талаптар балабақшада әр топта өткізілетін тіл дамыту сабағы және сабақтан тыс кездегі ойын, еңбек жұмыстары арқылы іске асырылады. Тіл дамыту сабақтарында тәрбиешінің тағы бір ескеретін жағдайы әр топтағы балалардың өздерінің жас ерекшеліктеріне сай сөздік қорларын молайту болып табылады.

Ал баланың сөздік қорының дамуы оның қоршаған ортадан алған әсерімен тығыз байланысты. Олай болса, баланың тілін дамытуда адамдардың еңбек



процесін, табиғат құбылыстарын бақылату және белгілі бір объектілерде топ саяхатқа апаруда басты роль атқарады.

Тіл дамыту әдістемесі қазақ тілімен тығыз байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту қазақ тілінің лексика тарауының ережелеріне сүйенеді. Сонымен қатар балабақшада мектепке барғанға дейін бала ана тіліміздің барлық грамматикалық формаларын мысал түрінде меңгеріп беруі қажет. Сондықтан тіл дамыту әдістемесі қазақ тілінің грамматика тарауымен тығыз байланыста дамиды.

Тіл дамыту әдістемесі психологиямен тығыз байланыста дамиды. Психология – психикалық құбылыстарды атап айтқанда түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейді. Осы аталған психикалық құбылыстардың, мысалы, түйсік пен қабылдаудың, елес пен ойдың сөйлеу процесіне тікелей қатысы бар. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау, пікір алысу, басқаның сөзін ұғыну психологияның жәрдемі керек етеді. Өйткені тілдік жүйе адамның санасында сақталады. Заттың біздің санамызда сақталған атауымен байланысты психологияның байланысты болып табылады. Адам ауызекі тіл арқылы қарым-қатынас жасағанда да немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда да белгілі бір мазмұнды білдіріп қана қоймайды. Сонымен бірге сол мазмұнға өзінің қатынасын да білдіреді. Сонда тіл ойды білдірудің құралы ғана емес, көңіл-күйді білдіретін де құралы болып есептеледі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала тілін дамыту оның санасына, сезіміне, еркіне, есте сақтауына, қабылдауына байланысты жүргізіледі. Яғни тіл дамыту әдістемесі психологиямен тығыз бірлікте жүргізгенде ғана мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс жетілуіне ықпал етеді.

Тіл дамыту әдістемесі көркем әдебиетпен тығыз бірлікте дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлығы көркем әдебиет мысалдары арқылы жүргізіледі.

Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай дейді: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйынды екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр».

Сонымен, тіл – адам қоғамының рухани өмірінде объективті тіршілік ететін, қарым-қатынас қызметін атқаратын, ой қаруы болып саналатын аса құнды құбылыс. «Тіл – адамдық белгісі, жұмсайтын қаруының бірі».

Оқу-тәрбие процесінің міндеті балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі дағдылар қалыптастыру болып табылады. Дағды адам әрекетінің қай-

қайсысына да ерекше маңыз алады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді. Дағдының нәтижесінде адам санасы қызметті түпкілікті, шешуші кезеңдерінде жұмылдырылады. Бұл жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. Тіл дамытудың мазмұны мен салалары. Коммуникативтік (қарым-қатынастарды зерттейтін) лингвистика саласындағы қазіргі ғылыми зерттеулердің нәтижелері тіл дамытудың көптеген теориялық және практикалық мәселерін, оның ішінде ең алдымен тіл меңгерудің мазмұнын жаңаша құру қажеттілігін көрсетуде.

Қазіргі тіл білімі күні бүгінгі дейін лингвист зерттеушілердің назарынан қағыс қалып келген адамдардың тіл саласында қызметі. Тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі, коммуникативтік және танымдық мәні бар міндеттерді ойдағыдай шешуде, өзара түсінісуге септігін тигізетін тәсілдер мен құралдарға ерекше көңіл бөлуде.

Қазіргі лингводидактикада оқыту мазмұны проблемасы тіл игерудегі оқу-тәрбие процесінің барлық құрамдас бөліктерінің ішіндегі жетекші сала – оқыту мазмұнын басты орынға қоюмен шешіледі.

Мәнерлеп сөйлеу, дыбыстарының қырын сындырып айту ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, шешендік сөздерден келе жатқан заңдылық. Сөзді қандай қатесіз жазу қажет болса, оны құлаққа жағымды, әуенді, мәнерлі етіп айту да сондай қажет.

Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл – ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыстылық принципі де басты орын алады. Адам бірімен – бірі сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым-қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін есиді, тыңдайды, әрі оны – пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлесу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланады. Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі процесс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді.

*Әдебиеттер*

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа Жолдауы. – Астана, 2006.

2. Копыленко О.А. Мотивированность как человеческий «фактор» в функционировании языка / О.А. Копыленко // Лексика, грамматика, текст в свете антропологической лингвистики. – Екатеринбург, 2005.

3. Наурызбай Т. Ана тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесі / Т. Наурызбай. – Алматы, 2009.

*Значимость и приемлемость применения билингвального компонента на уроках родного языка в начальной школе*

А.А. Иманмагзамова

учитель начальных классов, Екибастузская СОШ

г. Екибастуз, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В данной статье рассмотрена приемлемость и важность применения билингвального компонента на уроках родного языка в начальной школе. Раскрывая сущность некоторых принципов билингвального обучения, уделяется внимание формированию нравственных качеств младших школьников.

Ключевые слова: компонент, билингвизм, развитие речи, история, связная речь, словарный запас.

*The importance and acceptability of the use of a bilingual component at lessons of the native language at primary school*

A. Imanmagzanova

Primary school teacher, Secondary school,

Ekibastuz, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

In this article, the acceptability and importance of the use of a bilingual component at lessons of the native language in primary school is considered. Disclosing the essence of some principles of bilingual training the attention to formation of moral qualities of younger school students is paid.

Keywords: component, bilingualism, development of the speech, history, speech, coherent speech, vocabulary.

ӘОЖ 372.851.004

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУ  
БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ  
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

*М.А. Кененбаева*

*ПМПИ профессоры, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қаласы, Қазақстан*

*Г.А. Аушахманова*

*Малайсары ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Малайсары ауылы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Мақалада заман ағымына қарай ақпараттық коммуникациялық технологияның оқушылардың дүниетанымын кеңейтетіндігі туралы жазылған. Жаңа ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану тиімділігі көрсетілген.*

*Тірек сөздер: ақпараттық технология, ақпараттық коммуникативтік технология, интерактивті әдіс-тәсілдер, ақпараттық мәдениет, сауатты адам, аудио қондырғылар мен видеолар, танымдық қабілет.*

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл бағыт оқу-тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне көтеруді көздейді.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық коммуникациялық құралдарды пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

Осы орайда Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауындағы: «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек», – деген [1].

Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа

ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық элементтерін қалыптастыру керек. А.В. Горячев, А.Л. Семенов, С.А. Бешенкова, Ж. Қараев, А. Байдабекова, К.З. Халықова т. б. бастауыш мектептің оқыту үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану туралы құнды зерттеулер жүргізген.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері барлық пәндерді оқытуда компьютерді жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

– мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

– зертханалық тәжірибелер;

– компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті такта);

– анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

– интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай сабақтар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты.

Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады.

Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Бастауыш мектепте компьютерді пайдалану арқылы ең алдымен оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.

Оқушылар теориялық білімін өздерін-өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады. Сабақта қолданылатын жаттығулар көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды.

Өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл бағыт оқу – тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне көтеруді көздейді.

*Компьютерді қолдану мұғалімге не береді? – деген сұрақ туындайды. Компьютерді сабақта қолдану мұғалім үшін тиімді.*

1. Оқушының білімін қысқа уақытта бағалай алады;
2. Білім сапасын арттыра алады;
3. Оқушының білімін кез келген уақытта бағалай алады.

*Ал, компьютермен жұмыс істеу қолдану оқушыға не береді?*

– оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады. Оқуға деген қызығушылығын арттырады;

- көрнекті түрде тапсырмаларды орындай алады;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі;
- уақытты үнемдейді;
- қайталау мүмкіндігін кеңейтеді;
- орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Білім беруді жаңарту құралы есебінде компьютердің рөлі ұдайы өсуде, ал ол өз кезегінде оқушыларды оның сауатты қолданушысы болуға мәжбүр етеді. Компьютерді сабақта орынды қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Компьютерлік технологияны қолдану барысында оқытушының әр оқушымен жеке жұмыс жасауға, әрқайсысына әр түрлі тапсырмалар беріп, барлық оқушының білімін бағалауға мүмкіндігі болады, кімнің қай тақырыпты меңгермегенін немесе қай жерде білімінің осал екенін байқап, соны жүйелі түрде жою үшін көмек көрсете алады.

Компьютерді пайдалану оқушыларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйретеді. Әр оқушы өзі еңбек етеді. Оқушымен оқытушы қызметінде ақпараттық мәдениет қалыптасады.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам – ақпараттың қажет екенін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтандырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат. Бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айна-

лып кетуі мүмкін. Бұл ақпараттың пассивті түрде пайдаланатын бөлігінің артуына байланысты болып отыр.

К. Халыкова: «Интернеттің кең таралуына орай ақпарат таратудың бақылауға көнбейтін кері үдеріске күннен – күнге артып бара жатқаны байқалады», – деген. Қазіргі таңда балалар үшін интернет – бұл қажетті ақпараттарға оңай қол жеткізу көзі болып отырғаны баршамызға мәлім. Интернетті пайдалана отырып, бала өзіне қажетті, терең зерттегісі келетін, қызығушылық танытқан мағлұматтарды таңдайды.

*Сонымен бірге, бастауыш мектепте компьютер оқушылардың іс-әрекетін жедел бақылауды ұйымдастыру құралы ретінде пайдалануға болады. Оның мынадай артықшылықтары бар:*

- әрбір оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді;
- тексерушіге жеке сынау беру мүмкіндігі бар;
- компьютер нәтижелерді бағалаудың шынайылығын қамтамасыз етеді;
- уақытты үнемдейді;
- қолайлы интерфейспен қамтамасыз етеді;
- ақпараттың аздығымен ерекшеленеді;
- сынау нәтижесін автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді;
- мұғалімнің жетекшілігі өзгереді, енді ол бақылаушыдан кеңес берушіге ауысады [5].

Бастауыш сыныптан бастап компьютерді оқыту тәрбиелеу ісінде қолдану мынандай міндеттерді қамтиды:

- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу;
- Оқыту тәрбиелеу үрдісіндегі информациялық алмасу сипатын айқындау;
- Дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;
- Қисынды ойлауын дамыту;
- ЭЕМ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беруді информатикаландыру.

*Сонымен компьютердің көмегімен оқытудың мынадай жақсы жақтарын атап өтуге болады:*

- компьютерді пайдалану сабаққа деген қызығушылықты арттырады;
- компьютерге арнап оқушылардың ойлану дәрежесі, материалды қабылдауы дамиды;
- логика, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- компьютерді сабаққа пайдалану оған жұмсалатын уақытты үнемдейді.
- оқушының компьютермен жұмыс жасау сауаттылығын қалыптастырады, ақпараттық ойлау қабілетін дамытады;
- оқушының өз бетінше жұмыс жасауы, шешім қабылдауы;

– оқушының көрнекі-әрекеттік (әріптерді жылдам теру кезінде), көрнекі-бейнелік (сенсорлық тапсырмаларды) өз жұмысын бағалауға көмектеседі [5].

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған.

Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Ол мүмкіншіліктер қатарында ақпараттанған қоғамның білім жүйесін ашық жүйе ретінде құрап, оңтайландырып, орталықтан алшақтандырылған өркениетті құралдар негізінде жасау міндеті де бар.

Соңғы жылдары ақпараттық технологияның дамуы мен қоғамның барлық салаларына қарқынды түрде енгізілуі баланың жеке тұлға ретінде дамып-жетілуіне елеулі іздерін қалдырды.

Ақпараттың үлкен ағымы, жарнамалар, телеарналарда ақпараттық технологияның қолданылуы, компьютерлік ойын орындарының, электрондық ойыншықтардың және автоматтандырылған техниканың көбеюі бала тәрбиесіне, оны қоршаған ортаны танып-білуіне әсер етеді.

Бастауыш мектептің оқушысы қазіргі заман талабына сай технологиямен жабдықталған сыныптарды оқуды аңсайды.

Бала компьютерде ойын ойнауды ғана емес, қызықты сурет салуды, жұмыс жасауды, сөздік (ағылшын, орыс, қазақ тілі) қорын молайтуды, электрондық оқулықпен жұмыс жасауды үйренгісі келеді, онымен етене жақындасуға, достасуға тырысады.

Ақпарат сөзі өте жиі кездеседі. Алайда ақпарат деген не екенін ешкім дәл айта алмайды. Өйткені ақпарат математикадағы нүкте ұғымы сияқты анықтама берілмейтін ұғым. Ақпарат-информатиканың негізгі ұғымы. Адам ақпаратты үздіксіз қабылдайды.

Біз түсінген және сақтаған ақпараттың бәрі білімге айналады. Табиғаттағы болып жатқан құбылыстардың барлығы біз үшін ақпарат. Мысалы, күннің салқындауы, жаңбырдың жаууы, құстардың ұшуы, уақыттың өтуі, су тасқыны, топырақтың маңызы, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі, шаруашылықтар мен қала, ауылдардағы өзгерістер. Қазіргі кезде қоршаған орта жөніндегі қандай да бір сигналдар, мағлұматтар, құбылыстар жиынтықтары ақпарат деп түсініледі.



Қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық-психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша, балалар өз білім деңгейлерін көтере алмайды. Сол себепті компьютермен сабақ өткізуді бастауыш сыныптан бастап енгізу қажеттілігі туындайды. Компьютер қоғамда балаларды жұмыс істеуге дайындау үшін алдымен логикалық ойлауға, талдай жасай білуге, өзара қарым-қатынасқа үйретуге керек. Психологтердің айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5–11 жаста қалыптасады.

Жаңа ақпараттық технологияның жылдан-жылға кең құлаш жайып дамуы адам қызметінің барлық салаларына енуіне орай, жас ұрпақты компьютерлік техниканы пайдалану үшін даярлауда, олардың компьютерлерге деген оң көзқарасын қалыптастыруымен қатар, оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс оқу қызметін компьютер арқылы ұйымдастыру.

Ғылым мен техниканың жылдан-жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы білімнің негізі болып табылатын – бастауыш мектепке де өз әсерін тигізуде.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы.

Бастауыш сыныптарда компьютер арқылы сабақ өткізудің мақсаты: Білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық әлемдік бейнесін қалыптастыру және жеке тұлғаның өзіне қоғамға қажет қабілеттерін қалыптастырып дамыту. Өз бетімен білім алу өзін-өзі дамытуға жағдай жасау.

#### *Әдебиеттер*

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа жолдауы. – Астана, 2006. – 78.
2. Горячев А.В. Исследование операций. Задачи, принципы, методология / А.В. Горячев. – М.: Наука, 2000.
3. Семенов А.Л. Основы исследования операций: в 3-х томах / А.Л. Семенов. – М.: Мир, 2003.
4. Бешенкова С.А. Введение в исследование операций. В 2-х томах. – Мир, 2005.
5. Караев Ж.А. Педагогикалық жүйені технологиялық тұрғыдан жаңартудың өзекті мәселелері / Ж.А. Караев. – Алматы, 2003. – 148 б.

*Использование информационно-коммуникативных технологий  
на уроках математики в начальных классах*

М.А. Кененбаева  
кандидат педагогических наук, доцент,  
Павлодарский государственный педагогический институт, Павлодар, Казахстан

Г.А. Аушахманова  
учитель начальных классов, Малайсаринская СОШ,  
с. Малайсары, Казахстан

Аннотация

В статье рассмотрены современные компьютерные технологии, предоставляющие огромные возможности для развития познавательной деятельности учащихся. Показана приемлемость использования данной технологии в образовательном процессе начальной школы.

Ключевые слова: информационные технологии, информационно-коммуникативные технологии, интерактивные методы, информационная культура, аудио-, видеотехника, познавательная деятельность.

*The use of information and communication technologies  
at mathematics lessons in primary school*

M.A. Kenenbaeva  
Ph.D., Associate Professor, Pavlodar state pedagogical institute, Pavlodar, Kazakhstan

G. Aushakhmanova  
Primary school teacher, Malaisarinsk Secondary school,  
Malai Sary village, Kazakhstan

Summary

In article, the modern computer technologies providing the huge possibilities for the development of cognitive activity of students are considered. The acceptability of use of the given technology in the educational process of primary school is shown.

Keywords: information technologies, information and communication technologies, interactive methods, information culture, audio, video equipment, cognitive activity.

ӨОЖ 372.881.1(=512.122)

## АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*А.А. Хожамбергенова**№28 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп,  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Екібастұз қаласы, Солнечный кенті, Қазақстан**Аңдатпа*

*Мақалада мектеп білімін жаңарту, білім берудегі жобалаудың стратегиялық түрлері, оқушылардың өз бетінше алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге бағытталған, жобалау әдісінің тиімділігі жазылған.*

*Жобалау әдісінің түрлеріне талдау жасалған.*

*Тірек сөздер: жобалау әдісі, стратегия түрлері, бағыттау, саралау.*

Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу-бүгінгі күннің мақсаты.

XX ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі – мектеп білімін жаңарту. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқан белгілі. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Сондай технологиялардың бірі жобалау оқыту технологиясы. Сондықтан да жобалау әдісінің тиімділігі күннен күнге артауда.

Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – бірге үйрену деген мағынаны білдіреді.

Түсіндірме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі: Жобалау әдісі – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі.

Білім беруді жаңарту білім беру жүйелерін жобалау, саралау әдіснамасына, әртүрлі білім мекемелері сипатын және олардың өзін-өзі дамыту әрекеттерін қолдайтын құндылықтар мен мақсаттарға негізделуі тиіс.

Р. Нұрғалиевтың анықтамасы бойынша: «Оқыту технологиясы – психология жетістіктерін педагогикалық практикада қолдану немесе оқытудың тиімділігін арттыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі» [2].

Білім технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеріне ерекше мән берілген. Зерттеу жұмысы кезінде көптеген ғалымдар мен әдіскерлердің еңбегіне сүйендік.

Педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Жобалау әдісі – оқылатын ақпараттың азаюы ғана емес оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқалы жүзеге асырылады», – деген анықтама берілген [3].

Білім беруді дамытудың бағыты ретіндегі жобалау идеяларын В.И. Слободников білім берудегі инновациялық әрекеттері тұрғысынан зерттейді. Ол инновациялық әрекеттерді:

- белгілі бір әлеуметтік тәжірибе кеңістігінде;
- дәстүрлі талаптардың жаңа әлеуметтік сұранысына сәйкес болмауынан пайда болған әрекеттер ретінде;
- жаңа инновациялық тәжірибені, оның мәдени рәсімделуі мен берілу механизмін түсіну және қабылдау әрекеті ретінде;
- қалыптасқан тәжірибені жаңартуға бағытталған әрекет ретінде қарастырады [4].

Мысалы, зерттеу әрекеттері мақсат-құрал-нәтиже кестесі бойынша бар нәрсені зерттеу түрінде болатын болса, басқару әрекеттері бағдар іс-әрекет-бақылау түрінде, ал жобалау әрекеттері логикасы идея-орындау-рефлексия түрінде жүзеге асырылады. Жобалаудың өзіне тән бағыттары бар, олар:

- интеллектуалдық, ерік-жігерлік;
- адами көзқарас;
- ұйымдастырушылық;
- басқару;
- кәсіби іс-әрекеттік.

Инновациялық жобалау төмендегі өзара байланысты қызметтерді қамтиды, олар:

- ғылыми-зерттеу әрекеттері немесе жаңа білім ашу, игеру;
- жобалау әрекеттері немесе жаңа білімді технологияда пайдалану арқылы тағы да жаңа білім құрастыру;
- білім беру әрекеттері немесе субъектілердің өз тәжірибесі негізінде өзіндік білімді игеруі;

Осылайша, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайлар ұлттық білімнің жаңа бейнесін қалыптастыра бастады, оның мәні мен белгілері-қоғамдық тәжірибенің өз бетіндік түрі, тарихи тәжірибенің мәнінің қалыптасуы мен күшеюінің жалпы тарихи-мәдени түрі.

Жобалау түрлерін классикалық сипаттағы инженерлік-техникалық жобалау, әлеуметтік жобалау деп қарастырсақ, білім берудегі жобалауды әлеуметтік

жобалаудың бір түрі ретінде гуманитарлық жобалау деуге болады. Оны дәлірек түсіндіру үшін гуманитарлық жобалардың мәнісін айқындап алу керек. Атынан белгілі болып тұрғандай, гуманитарлық жобалаудың мән-мақсаты адам табиғаты мен адами қатынастардың ерекшеліктеріне сай жаңғыртулар жасау болып табылады.

И.К. Колесникованың пікірінше: «Білім берудегі жобалаудың екі стратегиялық түрін белгілейді, олардың бірі, әлеуметтік ортаға және оның жағдайларына бейімделу, басқаша айтқанда, педагогтардың, білімнің әлеуметтік өзгерістерге жауап беру түрлері деуге болады, екіншісі, өз құндылықтарына, мақсаты мен құндылықтарына, мақсаты мен ұстанымдарына сәйкес жетілдіру немесе жаңарту, қайта құру.

Әлемдік педагогиканың, көбінесе жүгінетіні Л.С. Выготскийдің идеяларына негізделген В.В. Давыдов пен Д.В. Эльконин және Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйелері.

Сонымен, еліміздің болашағына сай адам – ол теориялық ілімен қаруланған, оны шығармашылықпен іс жүзіне асыратын белсенді қоғам қайраткері, жаңа қоғамдық өмір үшін күресуге қабілеті мол, жоғары мәдениетті, білімді, өз ісіне асқан шебер адам болуы керек.

Оқушылардың білім – білік дағдыларын жетілдіру үшін жобалау әдісі ерекшелігі өзгеше. Жобалаудың негізгі ұстанымы оқыту мазмұнын тарату емес, ол мұғалім тарапынан оқушыларға берілетін көмек болуы тиіс. Негізінен тәжірибеде жобалау әдісінің екі түрі кеңінен қолданылады:

- 1) деңгейлеп саралау;
- 2) бағдарлық саралау

Деңгейлік саралау – оқушылардың бір сыныпта бір бағдарлама және бір оқулықпен оқу материалын түрлі деңгейде меңгеруі.

Бағдарлық саралау – оқушылардың әртүрлі тобымен оқу материалын деңгейі жоғары мазмұны бағдарламамен оқып-үйренуі. Бұл технология дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлау, елестету мен еске сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытуға көмектеседі.

Деңгейлеп саралау технологиясы, оқушының да мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Оқушылардың даму деңгейінің біріңғай болмауына және қабілеттеріндегі айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты оқу үздіктері мен үлгермеушілердің пайда болатыны белгілі. Осыған орай, деңгейлеп жобалау әдісі технологиясы әр оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне, деңгейіне қарай оқытуды көздейді.

*Әдебиеттер*

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Нұрғалиев Р. Оқыту технологиясы / Р. Нұрғалиев. – Алматы, 2007.
3. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2005. – 185 б.
4. Танатаров К.А. Жаңа технологиялар / К.А. Танатаров. – Алматы, 1994.
5. Сатимбекова М.С. Жобалау технологиясы / М.С. Сатимбекова. – Алматы, 2002.

*Эффективные методы планирования на уроках родной речи*

А.А. Хожамбергенова  
преподаватель начальных классов СОШ №28 им. Абая,  
г. Экибастуз, п. Солнечный, Казакстан

## Аннотация

В данной статье рассматриваются инновационные методы обучения, стратегические виды проектирования, направленные на умение применять на практике и в жизни знания, полученные учениками в процессе обучения. Проведен анализ видов и методов проектирования.

Ключевые слова: методы проектирования, виды стратегий, анализ.

*The effective methods of planning at the lessons of native speech*

A. Khozhambergenova  
Primary school teacher, Secondary school №28 named after Abai  
Ekibastuz region, village Solnechny, Kazakhstan

## Abstract

In this article, the innovative methods of teaching, strategic types of design aimed at the ability to apply into practice and life the knowledge gained by students in the course of training are considered. The analysis of types and methods of design is carried out.

Keywords: design methods, types of strategies, analysis.

ӨОЖ 371.21

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР*****А.А. Хуаныш****Қалқаман селолық ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қазақстан****А.С. Еликбаева, Е.Д. Ерланова****№4 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Қазақстан**Аңдатпа*

*Мақалада оқытушылардың құзыреттілік тәжірибелік нәтижелілігі жоғары көтерілуінің қажеттілігінің алғы-шарттары олардың білімдерінің дамуы туралы берілген. Жастардың бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы туралы жазылған.*

*Тірек сөздер: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар.*

Қазіргі заман ағымына қарай білім берудегі мақсат – өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, қоғам мүддесіне үлес қосуда өзін – өзі белсенді етуге дайын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Құзыреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс-әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс-әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің

жан- жақты мінез – құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Бұл технологияны бастауыш сынып оқушыларыда дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

1. Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі. Бұрынғы білетінімен, жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады. Қызығушылықты оятудың екінші мақсаты үйренушінің белсенділігін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы тазарады.

2. Мағынаны тану. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды. Тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар. Олар INSERT және Түртіп алу жүйесі.

3. Үшінші кезең «Ой толғаныс» Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сабак беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын: Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру, жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу, ойлау қабілетін дамытатын есептер беру, қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру, оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру.

Есте сақтау қабілеттерін шыңдауға білімге қызығушылықтарын арттыруда, құзіреттіліктерін қалыптастыруда сыныптан тыс шаралар өткізудің маңызы зор. Оқушылардың танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай ойындар, сөзжұмбақтар шешу, ребус, крассворд құрастыру, логикалық сұрақтар арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту керек.

Б. Тұрғанбаева «Құзырлылыққа (құзіреттілікке) бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені,



құзырлылыққа (құзіреттілікке) бағытталған үлгіде білім алушылардың өз бетімен жұмысын ұйымдастыру – басты мақсаты», – деп көрсетеді. Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыруда оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Ал бұл өзгеріс бастауыш мектептен басталады.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да, қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамыту жолдарын қарастырамыз.

Бастауыш сынып оқушысының құзыреттілігін қалыптастыру өз бетінше жұмыс ұйымдастыру кезіндегі алған теориялық және практикалық біліктіліктерін меңгерудегі іс-әрекет.

Жаңа сабаққа кіріспе:

- Үй тапсырмасын мазмұндау;
- Жаңа сабақ;
- Білімді жан-жақты көрсету;
- Жаңа сабақты түсіндіру;
- Тапсырмалар орындау.

Ал бұл құзыреттіліктер (мұғалімнің құзіреттілігі және мұғалім мен оқушының құзіреттілігі) өз бетімен жұмысты ұйымдастыруда анық байқалады. Оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу – сол арқылы білім, білік, дағдының жоғары деңгейіне шығу. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып жеке тұлға ретінде дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

#### Әдебиеттер

1. Жұмабекова Н. *Инновациялық технология* / Н. Жұмабекова. – Алматы: Рауан, 1994. – 93 б.
2. Нысанбаев Ә. *Жеке тұлғаның өзіндік дамуы* / Ә. Нысанбаев // *Қазақ әдебиеті*. – 2004. – №4. – Б. 7-8.
3. Иманбаева Р. *Жаңа технологияның ұтымды жолдары* / Р. Иманбаева // *Отбасы және балабақша*. – 2006. – №9–10.

*Задания, направленные на формирование  
умений и компетенций на основе современных технологий*

А.А. Хуаныш

учитель начальных классов СОШ Калкаманского сельского округа,  
Павлодарская область, город Аксу, Казахстан

А.С. Еликбаева, Е.Д. Ерланова.

СОШ №4, учителя начальных классов,  
Павлодарская область, город Экибастуз, Казахстан

Аннотация

В статье говорится о необходимости повышения компетентности преподавателей, о формировании у молодежи знаний, навыков, умений, волевых качеств.

Ключевые слова: аудио-, видеоинструменты, компьютер, интерактивная доска, Интернет, мультимедийные средства, электронные учебники.

*The tasks directed on formation skills  
and competencies on the basis of modern*

A.A. Juanes

Kalkamansky rural district secondary school, primary school teacher,  
Pavlodar oblast, the city of Aksu, Kazakhstan.

A.S. Elikbaeva, E.D. Aslanova

Secondary school No. 4, elementary school teachers,  
Pavlodar region, Ekibastuz, Kazakhstan.

Summary

The article refers to the need to increase the competence of teachers. The formation of the youth the knowledge, skills, abilities, willpower in stock.

Keywords: audio, video, tools, computer, interactive whiteboard, Internet, multimedia, electronic textbooks.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ

*К.А. Ахмадеева*

*Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы ЖОББ мектебі  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Мақалада мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту, меңгерту, туралы мағлұмат беріледі. Сонымен қатар балалардың ұғымдарын кеңейту қарастырылған.*

*Тірек сөздер: балалардың рухани байлығы, адамгершілік, бірлікке, бауырластық, шынайы достыққа, адал еңбекке шақыру.*

Мектепке дейінгі шақ – балалардың сезімдік тәжірибиесінің орасан молайып, ретке келу, қабылдау мен ойлаудың балаға тән түрлерін игеру, қиялдың күшті дамуы, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының қалыптасу кезеңі болып табылады. Баланың сөйлеу тілін дамыту, меңгеруге бағытталған материалдарды жинақтай отырып, тілін дамытуды ұйымдастыру, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру тіл дамытуда әдіс тәсілді тиімді пайдаланып, оны түрлендіру болып табылады.

Мектепке дейінгі балаларды айналамен таныстыру – бұл олардың санасына қоршаған орта, табиғат туралы сезілетін тәжірибесіне негізделген шындық тұрғысындағы білім қалыптастыру және оған деген дұрыс қарым-қатынасқа тәрбиелеу әдісі. Балалар ересектердің әсері арқылы адамгершілік қарым-қатынаста бола отырып, қоршаған ортаны, ондағы табиғат құбылыстарын және басқа өмірді тани біледі. Айналамен таныстыру барысында кеңістік, уақыт, заттың пішіні, түсі, сапасы, салыстырмалы түрде үлкен-кіші, қатты, сұйық деген ұғымдар қалыптасады.

Қоршаған ортамен және оның түрлерімен таныстыра отырып, балалардың ұғымын кеңейтеміз. Әрбір бала өзінің қоршаған ортасын айналадағы құбылыстарды тану арқылы жетіледі.

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөніндерін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т. б. айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден

жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді.

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты болып табылады. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала – қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да серуен арқылы бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Серуен – тәрбиешінің көмегімен атқарылатын іс-әрекет. Серуен барысында балалардың табиғатқа қызығушылықтарын арттыра отырып, бақылау жұмыстарын өткізу.

Біріншіден, арнайы бағдарлама пайдалану оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық құзіреттілікті меңгеруі, бақылау нәтижесі тәрбиешінің қолданатын әдіс-тәсілдері мен бақылауды ұйымдастыруына тікелей байланысты болып келеді. Баланың жан-жақты дамуы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну-танып білу- жүзеге асыру» – осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

Табиғи нысанды қабылдау, зерттеу баланы шаршатпауы тиіс. Бала бақылауды жақсы көңіл-күймен бастап, сондай жақсы әсермен аяқталуы тиіс.

Бақылау барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару. Серуен кезінде әр түрлі ойындар арқылы жаңа ойын технологияларын әдіс-тәсілдердің қолдану қажет. Серуен барысында тек бақылап қана қоймай, еңбек шараларын қатар жүргізіп отыру керек. Серуенде ағаштарды, гүлдер мен шөптерді ажыратуға, оларға қамқорлықпен қарауға көңіл аудару керек.

Еңбек барысында – ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылықтарын дамыту қажет. Бала серуен барысында (еңбек, бақылау, ойын) – әрекеттері арқылы, не үйренді, неге қызығушылықтарының артқанын сұрай отырып, қортынды жасау. Бақылауға дайындық және оны ұйымдастыру.

Әр бақылаудың өз мазмұны, мақсаты бар, басқаларын қайталамайды, бірақ бір-бірімен байланысты болып келеді. Айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, тәрбиешімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Сондай-ақ 3–4 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады және тілі дами түседі. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Ойларын айтып жеткізгісі келеді. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланың дүниені тануына кері әсер етуі мүмкін.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл – ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды.

Мектепке дейінгі жас – естің және тілдің қарқынды даму жасы. Тәрбиеші-педагог баланы ертеңгі болашағына дұрыс көз қараспен қарай отырып, баланың мінез құлқын сана – сезімнің тілінің жетілу дәрежесін, таным үрдістеріні (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып дамуын қадағалап, әрі дұрыс бағдар беру керек. Балалардың тілдерінің дамуы, байланыстырып сөйлеу дағдылары (зейін, қабылдау, есту, ойлау, есте сақтау) қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Зейін дегеніміз – сананың қандай да болса да бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке шоғырлануы. Ойлау дегеніміз-фактілер мен құбылыстарды дерексіздендіру, қорыту, жанама түрде жүргізу, байланыстарын белгілеу және олардың арасындағы қатынастарды анықтау арқылы қол жететін таным процесі. Ес дегеніміз – есте сақтау және оны кейін жаңғырту болып табылады.

Балалардың ақыл-ойын, санасын дамыта отырып өздігінен жұмыс істей білуіне ерекше көңіл бөлеміз

Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі – жаңылпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін, болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай, жатықеркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді,

кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Балаларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Оқу әрекеті барысында сөздік жұмысы балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты.

Ойын-баланың жеке басын дамытуда, сөздік қорын молайтуда, қоршаған ортамен танып-білуінде, өздігінен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыруда, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Жаңа стандартқа сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларға арналған пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірі ретінде заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету, ойын іс-әрекеті жағдайымен қамтамасыз ету сұрақтары айқындалған.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын түрлері де әр түрлі болып келеді. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс әрекетіне айландырып, ойын түрін күрделендіре түсу керек. Ойын тек балалар ойнайтын болып емес, оқу әрекеті барысында қолданылатын ойын түрлері.

Қоршаған ортаны бақылау барысында да, ойындар қолдану арқылы оқу әрекеті жүргізіледі. Балалар тек ойнап қана қоймайды сонымен қатар, тілдері дамиды, қарым-қатынастары да жақсы дами түседі. Топпен бірге жұмыс жасау қабілеттері арта түседі.

#### *Әдебиеттер*

1. Қонақбаева Т. Балалардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізгі деңгейлері / Т. Қонақбаева // *Қазақстан орта мектебі.* – 2007. – №2.

2. Бейсенбекова А. Оқыту мазмұнын түрлендіру / А. Бейсенбекова // *Бастауыш мектеп.* – 2009. – №8–9.

#### *Развитие речи детей дошкольного возраста*

К.А. Ахмадеева  
учитель начальных классов,  
СОШ им. Машһур Жусуп Копеева

#### Аннотация

В статье рассматриваются особенности развития речи и умственных способностей детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: духовная ценность, человечность, единство, братство, искренняя дружба, нравственность.

*The development of the speech of preschool children*

K. Akhmadeyeva  
Primary school teacher,  
Secondary school named after Mashkhur Zhussup Kopeyev

## Summary

In article the features of development of the speech and mental abilities of preschool children are considered.

Keywords: spiritual value, humanity, unity, fraternity, sincere friendship, morality.

ӘОЖ 372.8

## ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*А.С. Козыбаева**И. Байзақов атындағы ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Үлгілі ауылы, Қазақстан**Ж.Т. Толегенова**№18 ЖОББ-КММ бастауыш сынып мұғалімі,  
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Қазақстан**Аңдатпа*

*Мақалада сабақ өту барысында, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырған сабақ кезінде топтық жұмыс жасай отырып, өздіктерінен жұмыс жасаудың ерекшелігін айта отырып, топ ережесін құру ұсынылады.*

*Тірек сөздер: 3 деңгейлік курстар, жаттығулар, «Джигсо» әдісі, сын тұрғысынан ойлау*

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. (Hattie, 2009) (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 4-бет). Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. «Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» оқып, білген осы анықтама маған көп ой салды. Шындығында да осы үшінші деңгейлі үш айлық курсқа келіп, мұғалімнің барлық жұмысының жүйесін, мақсатын түсінгендей болдым.

Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу үшін сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуына күш салуға бағыттайды. Сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы тәрбиелеу үшін сыни ойлайтын мұғалім қалыптастыру қажет. Міне, үш деңгейлі үш айлық курстардың идеясы осы екендігіне көзіміз жетті. Қалыптасып қалған «дәстүрлі» стильге жаңалық енгізу. Мұғалім заман талабына сай болуы үшін қоғам мұғалімнен үнемі ізденуді, білімін жетілдіруді, жан – жақты, білікті болуды талап етеді. Осы талапты мен де өзіме қоя отырып сындарлы оқыту теориясының «Бірінші бетпе – бет» кезеңіне тыңдаушы ретінде қабылдандым.

Мен курс барысында өзіме тиімді жаңа әдіс – тәсілдерді үйрене білдім. Бұл менің өзгерісімнің бірі деп есептеймін. Үйренгенімді «мектеп тәжірибесі» кезінде тиімді қолдануға тырыстым. Ең әуелі мен өзімнің курс барысында тыңдаушы болған кезді есіме алдым. Біз онда облыстың әр түкпірінен келген, бір – бірін мүлде танымайтын тыңдаушылар мәселені өзіміз талқылып, пікірлесу арқылы жұмыс жасадық. Білімді өздігімізден ақылдаса отырып, талдай отырып игеру ұнады. Сол сияқты оқушыларға да дәл сондай мүмкіндік беруге тырыстым. Ең бастысы оларға өз қалауларымен еңбектерін қолдану ұнады.

Тізбектелген сабаққа кіріспес бұрын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, топқа бөлінудің маңыздылығын түсіндірдім. Мақсат, міндеттерін өздері айқындаған сабақ өту барысында, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырған сабақ кезінде топтық жұмыс жасай отырып, өздіктерінен жұмыс жасаудың ерекшелігін айта отырып, топ ережесін құруды ұсындым. Өзара келісе отырып, топ ережесін құрып, әр сабақта осы ережеге бағыну керектігін ескертіп, баса айттым. Топқа бөліну үшін парталардың ерекше етіп қойылуының өзі оқушыларға әсер ете бастады.

Оқушылардың менің ұсынған жаттығулар мен әдіс – тәсілдерден өзгеше әсер алғаны маған қуат бергендей. Әр сабақта топқа бөлінудің әр түрлі тәсілдерін тақырыптың мазмұнына сай етіп қолданып отырдым. «Біздің ауыл» сабағында ауыл суреттері арқылы топқа бөлінген кезде, оқушылардың ауыл туралы не білетінін білдім, «Отан» сабағында «Мақалды тап» жаттығуы арқылы отан туралы мақалды құрастырып, сол мақалдың мағынасын ашу кезінде сын тұрғысынан ойлана отырып, әр сөздің мағынасы болатынын, сол мағынаға үңіле білуге үйреттім деп ойлаймын. Ойын сияқты ұйымдастырылған тапсырмалар бастауыш сынып оқушылары үшін алға жетелеуші, ынталандырушы құрал екендігін түсіндім.

Сонымен қатар «Кері байланыстың» оқушы мен мұғалімге тигізетін әсерлерін атап өттім. Әділ бағалаудың маңызын түсіндіріп, өзім де олардың әрбір іс-әрекетін қолдап, мадақтап, бағалап отырдым. Оқушыларым мұғалім тарапынан қолдауды қуана қабылдап, барынша сабаққа белсенді қатысумен болды.



С деңгейлі оқушыларымның өзгеше өзгерісі мені де қуантты. Оларды күннен күнге қызықтыруға бел будым. «Жарайсың, сен өте жақсы айттың, жалғастырып айтып көр», «Сен өзгеше ойлайсың», «Сенің қолыңнан келетінін білгенмін» сынды сөздердің оқушыны алға жетелейтініне көз жеткіздім. Оқушыға мейірім мен қолдаудың жеткілікті екендігін үнемі сездіріп отырсақ, үлкен нәтиже беретінін айтқым келеді. Тізбектелген сабақтар топтамасын өту барысында қандай жаңалық енгізсем, оқушыларды одан әрі қалай қызықтырсам деген ой мазалады. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда жаңа сабақты түсіндіріп беретінмін.

Тізбектелген сабақтар топтамасын өту барысында «Джигсо» әдісі арқылы мәтінді бөліктерге бөле отырып, тақырыпты толық оқып, меңгерді. Бұл кезде байқағаным, бұрынғы сабақтарда деңгейлі оқушылар ұзақ мәтінді оқудан тартынатын болса, жаңа тәсіл арқылы өзіне бөлінген бөлікті оқып шығып, топтық талқылауды өз ойын айтып, қорғау кезінде де белсенділік танытқаны болды.

Үшінші сабақ «Қала» тақырыбындағы С. Жиенбаевтың әңгімесі болатын. Дәстүрлі сабақта мәтінді оқып шығып, сұрақ – жауап әдісі арқылы түсінгендерін қорытындылып баға қоюшы едім, – деп ойладым. Ал бұл сабақ сәтті өткен сабақ болып оқушыларға да, маған да ұнады. Өйткені бұл сабақ барысында оқушылар мәтіндегі мазмұнды өмірмен салыстырып ойларын ортаға сала отырып, қала туралы үйрендік деп кері байланыс берді. Бұны да менің оқуды, оқушыларды өзгертудегі жетістігім деп айта аламын.

Төртінші сабақтың тақырыбы «Отан» атты мәтін болатын. Бұл сабақта алған кері байланыстарды ескере отырып, барынша түрлендіріп өтуге тырыстым. Әрбір тапсырманы оқушылар жаңалық ретінде қабылдап, қызығушылықпен орындады. Менің олардың әрқайсысының ішкі тілегін тыңдауға тырысқаным – оқушыларға оң өзгеріс әкелді. А деңгейлі оқушыларым өздерін көшбасшы етіп көрсете білді, В деңгейлі оқушылар өздерінің көп қырлы екендігін сезінді, С деңгейлі оқушылар ешқашан ойды іркіп, үлестен қалмау керектігін түсінді деп айта аламын. Тізбектелген сабақтар топтамасы төрт сабақтан тұрса да оқушыларға оқуда, өзінің оқуына өзі жауапты екендігін сездіруге ықпалы тиді.

Тізбектелген әр сабағымда оқушылардың кері байланысы арқылы өзіме тиімді жаңа әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, сиқырлы білім шексіздігін көре алдым деп айта аламын.

Әрине, еш нәрсе қиындықсыз болмайды. Қиындықтар мен кедергілер жайлы айтар болсам, маған алғашқы кезде уақыт жетіспеушілігі, А, В, С деңгейлерді бақылау барысында В деңгейлі оқушының сөздік қорының аздығы, С деңгейлі оқушының еркін қарым – қатынасқа түсе алмауы мені алғашқы кезде ойландырды. Осы қиындықтан шығудың жолын өзім іздеп табуым керек болғандықтан, оқушылардың жанында барынша ұзақтау болып, сабақтан тыс кезде де олардың

әрекетін бақылап, топтық жұмыстың маңыздылығын, топ мүшелері бір – біріне көмектесуі керек екендігін және көшбасшылар өз тобына жауапты екендігін сезіндіріп отырдым.

Осы бір ай тәжірибе кезінде барлық қиындықтар мен кедергілердің шешімін таптым деп айта алмаймын, алайда екінші бетпе – бет кезеңінде әріптестерден де көп нәрсе үйреніп, осы кедергілерді жеңу жолдары туралы көптеген пікірталастар арқылы мұндай кедергілерді жеңу жолдарын таба алдым.

Бағдарламаның негізгі мақсаты сол балаларды өздігінен білім алуға үйрету. Енді мен әр сабағымды жаңаша құрылымдап өткізуге тырыстым. Бұған мектептегі тәжірибе кезі жақсы мүмкіндік болды. Сондай-ақ сабақ өту дәстүрімізге өзгеріс енгізгенімді оқушылар да байқаса деп ойлады. Нені оқыту керек? Балалар қалай оқиды? Оқыту реттілігін қалай құрылымдау керек? Табысты бола білгендігіңізді қалай бағалау керек? деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасадым. Өзімнің сабақтағы мұғалім басқарушы рөлінен арылып, бағыттаушы рөліне енуім үшін осы модульдермен жұмыс жасау керек деп білдім.

Сабағымда қолданылған бағалаудың екі түрі – формативті және суммативті (жиынтықты) де оң әсерін берді. Оқушыларға мадақтау көп көмегін тигізеді. Оқушылар бірін-бірі бағалау, мұғалімнің формативті бағалауы арқылы сабаққа деген ынтасы арта түсті. Дегенмен алғашқы кездегі қиындықтар, бірте-бірте кейінгі сабақтарда жеңілдей бастады. Алғашында оқушылар түсініксіз, көптеген сұрақтар қойып шулағанын байқадым. Сабақта өте келе оқушылар қалыптасты.

*Кеше, бүгін, ертең*

*Мен қандай едім?*

*Мен қалай өзгердім?*

*Мен не істей аламын? деп ойландым.*

Мен тәжірибем барысында үйренгенім: дәстүрлі сабақта баланың ойлау мүмкіндігі шектеулі болатын. Дәстүрлі сабағымда оқушыларымды жиынтықты бағалап, дайын тапсырма бойынша дайындайтынмын. Тек нақты сұрақтар қойылып, нақты жауап айтатын. Ал жаңа бағдарламаның жеті модулінің сабақтарға кіріктіру барысында мынандай нәтижелерге жеттім:

Бала сын тұрғысынан ойлауды үйренді.

– Оқушының сабаққа деген ынтасы артты.

– Топпен жұмыс жасауды үйренді.

– АКТ – ны пайдалану арқылы білімін жетілдіреді.

– Өзін – өзі бағалай алу арқылы қай деңгейде екенін біледі.

– Менің сабағымда не өзгерді?

– Сын тұрғысынан ойлауды үйрене отырып, оқушылар өзін-өзі реттеп, топпен жұмыс жасай білді.

– Білім берудегі және білім алуға жаңа тәсілдерді меңгерді.

– Талантты және дарынды оқушыларды зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасадым.

– Оқушылардың қабілетін зерттей отырып, көшбасшылық танытқан оқушыны анықтадым.

– Оқушылар алған білімдерін өзіне бағалатуды үйреттім.

Сабақтар барысында әріптестер тарапынан қызығушылық танытып жаңа әдісті түсіндіруіме тілек білдіргендер де болды. Әр сабағыма қатысып көргеннен кейін өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Олардың айтуынша сабақтың барысында диалогтің жақсы орын алатындығы, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, өз бетінше ізденуіне жаңа әдіс жол ашады деп өз пікірлерін білдірді. Мұндай пікірлерден кейін әріптестер жаңашыл бастаманы құптап қолдау көрсететіндеріне менде сенімді болдым.

Мұғалім ретінде бағдарламадағы «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулін түсініп, қолдана білгеннің нәтижесінде балалар өздігінен жұмыс жасады. Соның нәтижесінде мен оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын бағалау керектігін де ұғындым. Осы курс арқылы бұрынғы сабақ берудің дәстүрінен жаңаша оқуға бет бұрдым.

Оқушылар берілген уақыт ішінде бір – бірімен жұптасып әңгіме өрбіту арқылы өздерінің маған беймәлім қырларын ашып таныстырып өтті. Мұғалім ретінде мен олардың пәнді оқу үдерісіндегі қажеттіліктерінен басқа, өзге де қызығушылықтарын қаншалықты жақсы біле бермейтініме көзім жетті. Сабақтардың бойында мен зерттеуге алған оқушыларым Сатан Барысхан өзінің дарындылығын көрсетіп, берілген тапсырмаларды жылдам орындады.

Мен енді сабақ барысында танымдық қабілетті дамытатын тапсырмалар құрастыруды қолға алдым. Себебі кейбір оқушылар сыныптағы өзге қатарласынан тапсырманы тез орындап болады. Сондай жағдайда уақытты бос жібермес үшін ондай балаларға жеке тапсырмалар дайындап әкеліп отырдым. Тіпті кей кездері мұндай оқушылар өздері ынталанып үлгірімі төмен сыныптастарына көмектесіп те жатты. Өзара әрекеттесу кезінде оқушылар бір-бірін оқытуға, тыңдауға үйренді. Сұрақ қоюдың сынақтан өткізу, түрткі сұрақтар сияқты түрлерін оқушылар өздері бір-біріне немесе топ мүшелері қарсы топқа сұрақтар қойғанда белсенді қолданып отырды.

Оқушылардың бір-біріне сұрақ қойып, оған жауап беруі өздеріне де ұнайтындықтарын аңғардым. Бұл маған сабақ барысында тақырыпты талдап ашуға, оқушылар өздерін еркін сезініп ойларын білдіруіне көмектесті. Сондай-ақ

сабақ барысында сұрақ қою мен жауап беру әдістерін меңгерту кезінде белсенділігі төмен оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қайта бағыттау сұрақтарын қойдым. Топ басшысы алдын ала берілген бағалау парақшасына балдық жүйемен топ мүшелерінің жинаған ұпайына сәйкес бағалап шықты. Критерийлер арқылы бағалау әділ болғандықтан оқушылар бағалауға риза болып, жақсы баға алу үшін топтық жұмыста белсенділік таныту керектігін ұғынды.

*Әдебиеттер*

1. Дуниетану 1-сынып. – Алматы: Атамұра, 2012.

*Новое исследование – задача*

А.С. Козыбаева  
учитель начальных классов, СОШ им. Исы Байзакова,  
Павлодарская область, Иртышский район, село Ульгули, Казахстан

Ж.Т. Толегенова  
учитель начальных классов, СОШ №18,  
Павлодарская область, город Экибастуз, Казахстан

*Аннотация*

В данной статье говорится о работе в группе в атмосфере сотрудничества, показана специфика самостоятельной занятости каждого ученика, определены правила работы в группе.

Ключевые слова: курсы 3 уровня, тренинги, метод «Мозаика», критическое мышление.

*New research – a task*

A.S. Kozybayeva  
the elementary school teacher, SOSH of Iza Bayzacova,  
Pavlodar region, Irtysh area, the village of Ulguli, Kazakhstan

Zh.T. Tolegenova  
Elementary school teacher, No. 18 SOSH,  
Pavlodar region, city of Ekibastuz, Kazakhstan

*Summary*

This article refers to the work of the group in an atmosphere of cooperation, shows the specifics of each student's self-employment, defined rules of the group.

Keywords: 3-level courses, training method «Mosaic», critical thinking.

ӨОЖ 811.512.122

## САН-МӨЛШЕР МӘНДІ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**Қ.А. Ертаев***жаратылыстану факультетінің 1 курс студенті, география мамандығы,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан***Ә.Қ. Қаппасова***оқытушы, магистр,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан**Аңдатпа*

*Бұл мақалада қазақ тіліндегі сан-мөлшер мәндегі тілдік бірліктер қарастырылған. Олардың сипаты мен мағыналары айтылған. Мақалада сол сөздердің сөйлемдегі қолданысы талданған.*

*Тірек сөздер: шақырым, адым, бір уыс, шөкім, шынашақтай.*

Қазақтың өлшем бірліктері туралы елеулі еңбектер, ғылыми жобалар, мақалалар жазылып жүр. Солардың ішінде қазақтың өлшемдік бірліктерін ауқымды қарастырған ғалым Сейіт Кенжеахметұлы «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» еңбегін атаймыз [1, 306 б.]. Бұл сөздердің саны жағынан аз болғанымен, қолданылу аясы нақтылықты қажет етеді. Және оның сипатын білмейінше, яғни сол өлшем бірліктің мағынасын білмесең, оны көзге елестетіп, шамасын аңдау мүмкін емес. Жалпы мағынасы жағынан сөздер сан-салалы. Олар: ұзындықты, арақашықтықты, салмақты, сұйық заттарды, дене бітімді, межелікті. Жобалы өлшемді т.с.с. білдіреді. Салмақ пен ұзындықты әркез адам бойымен, адымымен, қолымен, саусақ аралығымен, уысымен, кеудесімен өлшеген.

Қазақтың өлшем бірліктерін білдіретін сөздер барлық жанр үлгісінде көрініс табады. Солардың бірнешеуін қарастырайық:

**Бір уыс** шөп бір ділдаға да жоқ [2, 196 б.]. Бұл жерде «бір уыс» – ол адамның бір қолының сиымдылық мөлшерін білдіріп тұр.

Ортаға келіп, **бес етек** тезекті үйді. Отты маздатып жақты [2, 209 б.]. Бұл жерде тезектің мөлшерін әйел адамдардың киген көйлектерінің ұзындығы мен оның көлемін ескеріп шамалауға болады. Тезек – ұсақ малдан қалған қалдығының



Бір уыс


нығыздалған түрінің бөлінгендегі кесегі. Ауыл тұрғындары оны кесектеп кесіп, яғни ойып алып желге кептіргендегі түрін «тезек» деп аталынған. Сонда тезекті бір емес бірнеше рет, бес рет әкелгені туралы және «үйді» деген етістігі арқылы оның көптігінен хабар беріп тұр.

Ұзын бойлы, **аршын** төсті ақсұр жігіт шекпенінің бір жеңін беліне қыстырып, жерден шөп жұлып алып, алақанын үйкеп жіберді де, ақпандағы бұраша шабынып шыға келді [2, 218 б.]. Бұл туралы Сейіт Кенжеахметов жоғарыда атап өткен еңбегінде анықтаманы былай деп берген: «**Аршын** – метрге тең өлшем, кез. Аршын – заттың көлемін аршынмен өлшеу, мөлшерлеу. Аршын – ерте кездерде қолданылған ұзындық өлшемі. Ол қазір қолданылып жүрген «метр» өлшеміне жуық. Аршын сөзінің төркіні парсы тілі. Олардағы «әрш» сөзі бізде «шынтак» деген мағына береді. Кейде шынтак пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайды. Міне, осылардың түбірлерінің біріне «ын» жұрнағы қосылып, ұзындық өлшемін білдіретін «аршын» атауы пайда болған». Демек, «Аршын» деген егер ересек адамның саусақ пен шынтактың аралығы деп шамаласақ, ол 75–85 см аралығын қамтитынын ұзындық өлшемі болады.

Осы сықылды елдің ортасындағы үкіметі де, қожасы да, ұйтқысы да Баянның түбіндегі бір **шөкім** казак-орыс еді [2, 260 б.].

Жалпы түсіндірмелі сөздікте аралықты «қарыс» сөзі туралы: **Қарыс** – бас бармақ пен шынашақтың керіп ұстаған арасы. қарыс  $\approx$  23 см ұзындық өлшемі деп берген. Қарыс сөзі шығармаларды кере қарыс деп тіркесіп те қолданылады. Мысалы: «Суретіңнен айналайыным, әскер формасын киіп түскен екен, сондай жарасымды, шашын артына қайырыпты, маңдайы кере **қарыс**, қабағы сәл кірбіңдеу» [3, 271 б.].

Сондай-ақ азуы алты қарыс деп те жиі қолданылады. Бұл – кере қарыстың мағынасынан өзгеше мағынасын білдіріп тұр. Бұл жерде біріншіден, бұл тұрақты тіркес, екіншіден, адамдардың беделі туралы ауыспалы мағынаны білдіріп тұр. «Тоғжан, Сақау, Көтеш, Жаяу Мұса, Жамшырбай, Мұстапа, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт сынды ақындар, әншілер, серілер де туған, кешегі патшаға білікті дуан басы Шорманның Мұсасы да, паң қазысы Серкебай да Сүйіндіктен шыққан, Құсайын, Төнті сықылды азуы **алты қарыс** көкжал болыстар да сүйіндікте болған [4, 260 б.].



Шөкім

Жүргенде сербеңдей басып, он шақты **қадамды** бір-ақ басып отырады [4, 16 б.].

Енді бір 20–30 **қадам** асуға өрмелей бергенде, Қартқожа: «Алла!» деп, атынан ұшып түсті [2, 247 б.]. Мұнда да жоғарыда атап өткеніміздей ұзындықты не аралықты адам

адымымен өлшеген. Адым – ересек адамның қалыпты жағдайдағы аттаған бір қадамы. Ол кейде адым-қадам, қадым деп қолданылады. Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады... Түн ортасы әлетінде әлдекім жолшының үйшігіне қарай **қасарыса қадымдап** келе жатты. Әуелі шпалдармен жүрді, қарсы алдынан пойыз шыққанын көріп, жолдан шығып қапталға түсті [3, 8 б.].

Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден **оқ бойы алда** отырған [5, 3 б.]. Оқ жететін жердей деген шамалы аралық.

**Көз ұшына** кетіп ұзап алып, ылғи **жапа жалғыз** шауып отырған [5, 4 б.]. Тым алыс деген мағынада қолданылған.

Айнала төңіректе не бір түп тал, не бір ағып жатқан **бір қасық** жылға да жоқ [3, 119 б.]. Қасық сөзі арқылы аздықты білдірсе, жоқ сөзімен сөйлемді аяқтап «мүлдем» деген мағынаны айқындаған.


Түлкі **қас қағым сәтке** ғана көз жазуы мүмкін екен, кенет 8 тұмсық бұлым тасасына қосарланған локомотивтердің ұзынды – қысқалы оттары жарқ ете қалдыда, қуатты прожекторлар алдында жатқан жердің бәрін көз қарықтыра жарқыратып, бір сәтке даланың өлі денесін тұп-тұтас жалаңаштап, ақ сәулеге малып жіберді де, аш мақұлық от үстінде шырқ айналған жынды көбелектей апалақтап алас ұрды да қалды [3, 7–8 б.]. Лезде деген ұғымда.

Разъезден жеті **шақырым** жерде темір жол төбешікті тіліп өтеді [3, 16 б.]. Нақты километр шамысын беріп тұр.

Дәл қазір Қазанғап түйені бұйдасынан алып, алға түсіп, **аршындай** басып келе жатпаса, Сарыөзектің қойнына сүңги түскен сайын Едіге мен Үкібаланың халі қалай боларын болжаудың өзі қиын [3, 74 б.]. Бұл жерде «аршындай» сөзі түліктің жүрісінің жылдамдығы мен адамның ішкі толғанысының қарама-қарсылығын аңғартып тұр. Түйе адымдап жылдам келе жатса, Үкібала алдағы болатын оқиғаларға тіптен де асықпайтыны, тіпті тоқтап қалғанын да қалайтындығын білдірген.

Иірмойынды асқақтаған басы толқын үстінде бір қалыпты қалықтап келе жатқан сияқты: тарамысты **аршын** аяқтары жер танабын талмай сыдыртып, ауаны қайшылап бара жатқандай [3, 91 б.]. Бұл жерде де жүріс қалпы туралы.

Сөйткен Пошта Жәшік құрылыстанып, **құлашын жайып**, өзінің шебіне бейсеубет адамдарды кіргізбейтін болып алды [3, 128 б.] «Құлаш» деген адамның екі қолын екі жаққа созғандағы аралық, яғни шамамен – 1,80 м.



Ана-Бейіттің өз тарихы барды. Атадан қалған аңыз бойынша, әңгіме өткен **ғасырларда** жуан-жуандардың Сарыөзек даласын басып алуынан басталады [3, 128 б.]. Ғасыр сөзі 100 жылдан тұратын уақыт мөлшері.

Бұрын зіңгіттей жігіт білетін оқуды бұлар **шынашақтайынан** игеріп алмаса болмайды [3, 113 б.]. Бұл «кішкетайынан» деген мағынада. Одан төмен, шидің ішіне таяу **кішкене** қара саба тұр [4, 81 б.]. Қалыпты саба жылқы ерісінен тігілген ыдыстың мөлшері 18–20 литр [6,85 б.]. Осымен салыстырғандағы мөлшері жағынан кішілеу сабаның шамаланған жағдайы.

Өңкей **көк өрім**, көген көз, жанмен жан асырап жүрген сорлылар [2, 248 б.]. Мұндағы «көк өрім» – жастар мағынасында тұр.

Жігіттер Дорменнің күресін мадақтап, **лек-легімен** түтін жаққа тарай бастады [2, 254 б.]. Бір сөздің қайталанып «лек-легімен» деп қолданылуы шұбырған топ мағынасын берген.

Сонда да болса ол мына **зіл батпан** сордың алғашқы соққысынан есін жиып алғанша Зәрипаныжұбатудың, қуат берудің ешқандай амалы жоқ екенін түсінді [3, 220 б.]. Бұл сөзді Танабаева Сапаркүл Рақымқызының жетекшілігімен жазған «Қазақ халқының байырғы өлшем бірліктері» деген ғылыми жобада Мейрам Аягөз «батпан» сөзін тиянақты талдаған. Автордың пікірінше: «Батпан» сөзі орыс патшаларының Ресейдің бұратаналар мекендейтін бөлігінде пайдалануға рұқсат берген көне азиялық салмақ өлшемі» деп жазады И.Е. Андреевскийдің басшылығымен шыққан «Энциклопедиялық сөздіктегі» «Батпан» мақаласында. Батпан туралы орыс әдебиетіндегі алғашқы дерек А. Никитиннің «Үш теңіздің ар жағына саяхат» атты кітабынан бастап кездеседі, Қазақтарда батпан өлшемі өте ерте заманнан бастап – ақ белгілі болған. Ол салмақ өлшемінің ең ауыр түрінде қолданылған. Бұхарада бір батпан 7 пұт 32 фунтқа тең болса, Талас өңірінде 12 пұтқа тең болған» деп тарқатқан [7, 3 б.].

Бүгін ол алғаш ұшып келгенде де, екінші рет ұшып келгенде де космодромның **атшаптырым** бетондалған алқабына адамдар мен машиналардың құжынап жүргенін байқады [3, 313 б.]. Жалпы ат шаптырым деген аттардың шауып өтетін арақашықтығы 25–30 километр болатынын ескеріп осы аралықты қамтыған жер болса, «құжынап» сөзімен адамдардың көптігін білдірген.

Қап-қара шойын машина түтінін будақтатып, **дағарадай** доңғалақтарымен жерді жаншып, бірте-бірте көшеге жақындап, дүрілдеп келе берді [3, 349 б.]. «Дағарадай» деген сөз пойыз доңғалақтарының үлкендігін білдірсе, ал «жерді шаншып» сөзі арқылы оның ауырлығын білдірген. Жалпы «дағар» деген 100–130 кг салмақты білдіреді екен.

Дәулеткерей XIX ғасырдың орта кезіндегі атақты күйші, барлығы елуге



**тарта** күй шығарған [4, 10 б.]. «Тарта» деген сөз елу санымен тіркесіп адамдардың болжалды сан-мөлшерін білдіріп тұр.

Дәурен сал Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің ұзындығы **сонша**, оның бір ұшы судың арғы қабағында **шұбатылып** жатады [4, 13 б.].

Тер шығып, қызынып алған бура, адымы **аршындап**, аузынан буы **бұрқ-бұрқ** етіп келеді [3, 263 б.]. «Сонша» мен «шұбатылған» сөзімен созылып жатқан ұзындық мөлшерін білдірген.

*Сере, сере, сере қар,  
Асты кілең, үсті мұз,  
Күн-түн қатса жібімес.  
Мен көлікке қосымды артқанмын,  
Көмбідей ару жаларға  
Күректтей мұзды тондырып,  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын! [8, 18–19 б.]*

Бұл өлең жолдарында біздің ойымызша Доспанбет жырау «сере» деген сөзбен қардың қалыңдығын, тығыздығын, ауқымдылығын білдіру үшін қолданған, шамамен «сере» 10–12 см білдірген және де «күректтей» сөзін қолдану арқылы сол қардың мұзға айналған түрі екендігін және ол мұздың қалыңдығын күректің аумағына теңеп тұр.

*Естеміспен екеуі  
Қонып жатса бір тауда,  
Намазшамнан өткенде,  
Құтпан мезгіл жеткенде,  
Құлағына батырдың  
Бір дауыс кеп шулайды [9, 6 б.]*

Намазшам мұсылман оқитын 5 уақыт парыз намаздың төртіншісіне сәйкес келеді, күннің толық батуымен басталып, шапақтың жоғалуымен аяқталады. Әбу Ханифа бойынша, шапақ – ақшам уақытында батыстың көкжиегіндегі қызылдан кейінгі бозамық. «Құтпан» деген сөз ретімен бесінші намаз уақытына сәйкес. Намаз уақыты – қызыл шапақтың жоғалған сәтінен екінші таңның атуына дейінгі мезгіл. Екінші таң атқан сәтте құптанның уақыты шығады.

**Талма тал түс** шағында, Шатырыма келдің кез [9, 147 б.]. «Талма тал түс» – ол күн ортасы, сағат бір шамасындағы кез.

Келіп ек **шалқар түсте** үлкен суға, Жұбай айтты: «Жатпайық, тағы өтелік» [10, 148 б.]. Бұл жерде «шалқар түс» деген сағат 12 шамасына сәйкес келетін уақыт.

**Ақшамнан**, дөкүментімнен айырылып, сорлы болып қалдым... [2, 289 б.]. «Ақшам» – мұсылман оқитын бес уақыт парыз намаздың төртіншісіне сәйкес келеді.

Сонымен, халықтық өлшем бірліктерінің қатарын толтырып жүрген сөздер мұнымен бітпейді. Олар ұлт мәдениеті мен тарихы жағынан қызықты да сан салады. Мағынасы жағынан бір-біріне кейбіреулері қрама-қарсы мағынада қолданылса, кейбіреулері тек дара қалыпта кездеседі, ал бірсыпырасы мағыналас болады. Сөйлемде қолданылуына қарай бастапты мағыналары кейде алшақтап, кейде кеңейе түскен. Бір аңғарғанымыз, мағынасы шамалап берілді десек те түсінігі нақты. Және әрбір өлшемнің өлшемі мен шегі және атқаратын қызметі мен аясы бар. Бұл сөйлемдердің қолданылу аясы бар болғандықтан, ол сөздер қатары көбеймесе, азаймас, тіпті мағынасы да кеңейе түсер.

#### Әдебиеттер

1. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті / Сейіт Кенжеахметұлы. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – Б. 306-309.

2. Аймауытов Ж. Шығармалары 2 том. Қартқожа / Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Жібек жолы, 2003. – 312 бет.

3. Айтматов Ш. Боранды бекет. Ғасырдан да ұзақ жыл Құс жолы / Шыңғыс Айтматов. – Астана: Аударма, 2011. – 456 бет.

4. Марғұлан Ә. Қазақтың сал серілік дәстүрі. «WikiBilim» қоғамдық қоры / Әлкей Марғұлан. [http://kitap.kz/index.php/catalog/book/2316-qazaqtyng\\_sal\\_serilik\\_dasturi](http://kitap.kz/index.php/catalog/book/2316-qazaqtyng_sal_serilik_dasturi)

5. Әуезов М. Абай жолы : 1 том / Мұхтар Әуезов. Қазақстан республикасы. – Алматы: Жазушы баспасы, 2004. – 591 бет.

6. Төлебаев Т.Ә. Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. Қосалқы тарихи пәндер. II бөлі: оқу құралы / Т.Ә. Төлебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 19 бет.

7. Дереккөз : <http://5fan.info/yfspolrnamerrnamer.html>

8. Асанқайғыдан Кердері Әбубәкірге дейін / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. Нар заман зар заман поэзиясы. Жыр толғаулар. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б

9. Батырлар жыры: 1 том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 256 бет.

10. Батырлар жыры: 2 том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 260 бет.

11. Әбу Ханифа бойынша намаз уақыты түсіндірмелері.

[http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D0%B7\\_%D1%83%D0%B0%D2%9B%D1%8B%D1%82%D1%8B](http://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D0%B7_%D1%83%D0%B0%D2%9B%D1%8B%D1%82%D1%8B)

*Использование измерительных единиц на уроках казахского языка*

К.А. Ертаев  
студент 1 курса факультета естествознания,  
Павлодарский государственный педагогический институт,  
Павлодар, Казахстан

А.К. Каппасова  
преподаватель, магистр Павлодарского государственного  
педагогического института, Павлодар, Казахстан

## Аннотация

В этой статье рассматриваются измерительные единицы казахского языка. Разбираются описание и значения. В данной статье анализируется их использование в предложениях.

Ключевые слова: километр, шаг, горстка, щепотка, с мизинец.

*Using the measurement units on the lessons of the Kazakh language*

K.A. Yertayev  
1st year students of Pavlodar State Pedagogical Institute,  
Faculty of Natural Sciences, a specialty-geography,  
Pavlodar, Kazakhstan

A.K. Kappasova  
Teacher, Master of Pavlodar State Pedagogical Institute,  
Pavlodar, Kazakhstan

## Summary

In the article examined measuring units of kazakh language. Considered their description and meaning. In this article analyze their using in the sentences

Keywords: kilometre, step, pinch, handful, as a little finger

ӨОЖ 398.1(574)

## ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ҚАРА ӨЛЕҢДЕР

***А.А. Сембаева****Комсомол ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Шиқылдақ ауылы****А.К. Мухамеджанова****Комсомол ЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі  
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Шиқылдақ ауылы****Ж.А. Темирханова****№3 УЖОББМ Бастауыш сынып мұғалімі Успен ауданы,  
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Успен ауылы**Аңдатпа**Ұсынылын отырған мақалада ел аузындағы қара өлең туралы жазылған. Ауыз әдебиетінің бір түрі қара өлеңнің тәрбиелік мәні туралы айтылған.**Тірек сөздер: қазақ халқының фольклоры, халық мәдениеті.*

Қазақ әдебиеті сан ғасырлардан бері өзінің құндылығын жоймай, жас ұрпаққа үлкен үлгі өнеге көрсетіп келеді. Оның бастауы қазақ ауыз әдебиетінен бері сарқылмас қазына болып жалғасын тауып келеді. Қазақ ауыз әдебиеті қазақ әдебиетінің түп тамыры. Сонау ықылым заманнан бері ауызша таралып, осы заманға дейін ұмытылмай жетуінің өзі, оның құндылығында. Ол – көне тас дәуірінде пайда болып, түркілік тұтастықты бастан кешірген, одан бері де қазақ халқының қалыптасу тарихымен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан теңдесі жоқ рухани мұра.

Байырғы ата-бабаларымыздың наным-сенімдерінен, тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, жақсы мен жаман туралы түсініктерінен, асыл арманы, биік мұратынан жан-жақты мағлұмат береді.

Қазақтың шырылдап дүниеге келгеннен бастап, өмірден озғанға дейінгі ғұмыр сапарында қазақтың төл мәдениеті, әдебиеті көрініс табады. Ұлы Абай айтпақшы: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» – деген сөзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Міне, осы қазақтың салт-дәстүрімен бірге жасап келе жатқан қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі – қара өлеңге тоқталмақпын.

Қара өлең – қазақтың ежелгі өлең түрі. Туысқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, түрікмен, башқұрт поэзияларында кездеседі. Қара өлең 11 буын, 4 тармақ, а-а-б-а түрінде келеді. Мысалы:

*«Қағаздың қасың сұлу сиясындай,  
Тоғайдың мойның ұзын миясындай,  
Қолымды саған қайтсем жеткіземін,  
Сұңқардың жатқан жерік ұясындай».*

Қара өлең әнге салып айтуға ыңғайлы. Әннің ырғақ ерекшеліктеріне қарай өлең жолдарындағы бунақтар орнын ауыстырып отырады. Әр шумақта жеке ой жатады. Мұндай ой жеңіл әзіл-оспақтан бастап, өмірдің мәні мен сәнін, ел қамы мен халық тағдырын қамтиды. Өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой соңғы жолдардағы негізгі ойға қызмет етеді. Қара өлең көне заманнан бастау алып, тереңге тамыр байлаған. Оның үлгілері «Оғызнамада» (9 ғ.), Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігінде» (11 ғ.), М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркіnde» (11 ғ.), А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйында» (12 ғ.) кездеседі. Сипаты жағынан орыстың «частушкасына», өзбектің «қошығына» ұқсас.

Қара өлең айту салты деген ұғымды ұмытпауымыз керек сияқты. Себебі, ертеде қазақтың жиын-тойында әйелдер де, ерлер де қара өлең айтуды дағдыға айналдырған. Міне, осы ежелден келе жатқан қара өлең айту салты біздің Жаңақала өңірінде сирек те болса бар екені көңіл қуантады. Бірақ, «Уақыт өтеді, керуен көшеді» – демекші, осы асыл мұрамызды сақтай алып жатырмыз ба?! Ұмыт қалып бара жатқан жоқ па? – деген көкейде сұрақтар пайда болады.

Қазіргі заман поэзиясында осы қара өлең ұйқасын кеңінен пайдаланады. Демек, қазақ поэзиясының түп тамыры қара өлеңнен бастау алады.

Қара өлеңді ақындар да өздерінің шығармаларына арқау еткен. Ақындар қара өлеңді қасиет тұтады, пір тұтады. Мысалы, күйшіні домбырасыз елестету мүмкін емес. Сол сықылды ақын өлеңсіз өмір сүре алмайды. Ал поэзияның атасы қара өлең екенін төмендегі ақындар өлеңінен көреміз.

*Ақынмын деп қалай мен айта аламын,  
Халқымның өз айтқанын қайталадым.  
Шекпен жауып өзіне қайтарамын –*

деп ақиық ақын Мұқағали жырлап кеткен.

*Қара өлеңнің мекені – Қарауылға келемін,  
Қара өлеңнің қамы еді, қарап жүрмей жегенім.  
Қарағанның ішіне көп тығылып ойнайтын,  
Қара өлеңге құмартқан қара бала мен едім, –*

деген Қалқаман Сарин да өз өмірін қара өлеңмен тығыз байланыстырады. Міне, қара өлеңнің құдіреттілігі, қара өлеңнің құндылығы осындай биік тұлғаларды қалыптастырды. Жан-жақты талдаудың нәтижесінде қара өлеңдердің тәрбиелік мәні мен танымдық қырлары ашыла түсті: Қара өлең ауыз әдебиетінің көне түрі. Қара өлеңдерде қазақ халқының тарихы, тіршілігі, тынысы сезіледі.

Қара өлеңдер арқылы әлеуметтік мәселелер көтеріліп, ұнамсыз қылықтар сыналады. Ата-бабаларымыздың өмір тәжірбиесінен алған тәлімін жастарға ақыл-өнеге ретінде бағыттайды. Бірлік, ынтымақ игі өмірдің кепілі екенін айтады. Жас ұрпақты ұлтжандылыққа, адамгершілікке, өнер-білімге үйретеді.

#### *Әдебиеттер*

1. Қасқабасов С. Алтын жылға зерттеулерімен мақалалары / С. Қасқабасов. – Алматы: Жібек жолы, 2010.
2. Қазбек Г.Қ. Қазақ халық әдебиетінің үлгілері / Г.Қ. Қазбек. – Алматы, 2008.
3. Ғабдулин М. Халық ауыз әдебиеті / М. Ғабдулин, Б. Ысқақов. – Алматы: Алматы баспасы, 1974.

#### *Стих – один из видов народного устного творчества*

А.А. Сембаева, А.К. Мухамеджанова  
учителя начальных классов, Комсомольская СОШ,  
Павлодарская область, г. Экибастуз, с. Шикылдақ

Ж.А. Темирханова  
учитель начальных классов №3 УЖОББМ,  
Павлодарская область, Успенский район, с. Успенка

#### *Аннотация*

В данной статье говорится о всех видах фольклора казахского народа. Рассмотрены пути воспитания учащихся на основе произведений казахского устного народного творчества.

Ключевые слова: фольклор казахского народа, национальная культура.

#### *Verses the mouth of the black country*

A.A. Sembaeva, A.K. Mukhamedzhanov  
Komsomolskaya school Elementary school teachers,  
Pavlodar region, the city of Ekibastuz village Shield

ZH. A. Temirkhanov  
№3 SOSh Elementary school teachers  
Pavlodar region, Uspensky district, village Uspenka

Summary

This article refers to all kinds of folklore of Kazakh people. The ways of educating pupils on the basis of works of Kazakh folklore.

Keywords: folklore of Kazakh people, national culture.

ӘОЖ 372.412

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ  
ОҚУ-ТАНЫМ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

*М. Хабев*

*бастауыш сынып мұғалімі, Ақсу қаласы Үштерек ЖОББ мектебі  
Павлодар облысы, Қазақстан*

*Аңдатпа*

*Аталмыш мақалада кіші мектеп жасындағы оқушыларының ұжымдық оқу-таным іс-әрекетінің педагогикалық ұйымдастырылуының тәсілдері баяндалды.*

*Тірек сөздер: ұжымдық, іс-әрекет, оқу-таным, ұйымдастыру, кірістіру.*

Ұжымдық танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық мағынасы әрбір оқушының іс-әрекет субъектісі тәртібімен қамтамасыз етуде, оның өзін-өзі көрсетуіне көмектесуде. Әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған ұжымдық сипаттағы іс-әрекеттері арқылы психологиялық-педагогикалық қарама-қайшылықтарын шешуге, яғни әрбір оқушыны тұлға ретінде қалыптастырып дамытуға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі педагогикалық психологиялық зерттеулерде балалардың бастауыш сыныптағы ерекшеліктерін атап көрсететін Л. Божовичтің, Р. Буренің, Л. Венгердің, Я. Коломинскийдің, Е. Панько және т. б. ғалымдар еңбектерінің маңызы зор. Ұжымдық танымдық әрекеттің үрдісінде мынадай мақсаттар жүзеге асырылады:

- 1) Символикалық бейнелерге психикалық әрекеттің құралы ретінде (есте сақтау) саналы қатынасты қалыптастыру;
- 2) Қисынды ойлауды және көрнекі-бейнелі операцияларды меңгеру;
- 3) Қиялды, әр түрлі қабылдауды жетілдіру.

Кіші мектепте ұжымдық танымдық іс-әрекеттерді дамуы ол әрбір мұғалімнің, басшының, тіпті ата-ананың да негізгі міндеті болып саналады. Егер де бала мұғалімдердің ұйымдастырғысы, дамытқысы келген іс-әрекеттерін қабылдауға ынталанбаса, мұғалім қанша тырысқанымен, оны оқушылар меңгере алмайды. Ол үшін мұғалім баланы ең алдымен белсендіруі қажет. Баланың белсенділігі – оның танымдық дамуындағы қажетті фактор. Баланың белсенділігін, қызығушылығын оятатын басты тұлға, ол – мұғалім. Мұғалім баланы танымдық іс-әрекеттерге оятатын, оның мүддесін, бағдарлылығын, оның іс-әрекет себептерін қалыптастыратын құралдарды білуі керек.

Мұғалім оқушылардың белсенділігін, күш қуатын, танымдық іс-әрекеттерге бағыттағанда, яғни мектепшілік мейрамдарға дайындалу, олимпиадаларға қатысу, интеллектуалдық ойындарға қатысу т.б. Оқушының белсенділігі дамып, танымдық іс-әрекеттерге деген қызығушылықты оянады.

Танымдық іс-әрекеттердің дамуының тағы бір шарты – балалардың ақыл-ой Сонымен қатар, баланың қабылдауын дамыту қажет. Себебі бала берген білімді қабылдамаса, оны ұйымдастырылған ұжымдық танымдық іс-әрекет жүзеге аспайды. Баланың қабылдауын дамыту ол ең алдымен байқағыштықты дамытудың негізгі шарттарымен байланысты болады. Баланы байқағыштыққа үйрету оның жеке басының бақылағыштық, терең қабылдай білушілік, белгілерді көре және айыра білу, танымдық әрекеттерді терең меңгеруге, табиғат объектісі өміріндегі, адамдар іс-әрекеттердегі қасиеттерін көріп-білуге, тануға үйретеді.

Байқағыштық көптеген мамандықтар саласында жемісті қызмет ету үшін, танымдық іс-әрекетті дамытудағы аса қажетті бағалы қасиет.

Кіші мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасына тән белгі – олардың достығы, әдетте өмірдің сыртқы мақсаттары мен кездейсоқ мүдделер ортақтастығына негізделеді. Кіші мектеп оқушылары үшін мұғалімінің пікірі мейлінше елеулі болып табылады.

Психологиялық көзқарас тұрғысынан ұжым – баланың қоғамдық байланысы қалыптасатын, оның психикалық дамуы жүретін қоғамдық организм. Кез келген ұжымның оны әлеуметтік орта ретінде, тәрбие шарты ретінде сипаттайтын белгілермен бірге балалар ұжымында біз кемелденіп бітпеген, қалыптасып келе жатқан жеке адамдармен істес боламыз.

Балалар ұжымының айрықша ерекшелігі – ересектердің балаларды бірік-



тірген кезде, олардың қатынастарын құрған кезде көздеген мақсаттарының бағыттылығында.

Балалар ұжымын ұйымдастыруда балалардың өздерінің қарым-қатынасқа деген қажетсінуі мен үлкендер алға қойған міндеттердің арақатынасы ерекше маңызды балаларды қоғамдық маңызды міндеттерді шешуге белсенді қатыстыра отырып, ұжым жеке адамды дамыту үшін кең мүмкіндік ашатын қарым-қатынастардың сан түрлі формаларына өріс жаюын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда балалардың ұжымды тек сырттай лайықты деп қабылдамауының психологиялық маңызы зор.

Балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі мынады: үлкендер ұйымдастырған балалар бірлестіктері қоғамның осы типке тән қарым-қатынастардың үлгісін жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұжым ішіндегі балалардың өзара қарым-қатынасының олардың жеке басын қалыптастыру үшін шешуші маңызы бар. Ұжым – мектеп оқушысының жеке басының тұрақты адамгершілік қасиеті неғұрлым белсенді, мақсатты түрде қалыптастырудың шарты.

Дамыған ұжымға баланың қарым-қатынасының өріс алған жүйесі, оның басқа адамға ерекше қарым-қатынасы іс-әрекет пен балалардың қарым-қатынасының сипатын сапалы өзгертуге негізделген ұзақ үрдіс.

1–2 сыныптардағы мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынасты, әдетте балалардың ұжымдық оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыратын, қоғамдық тапсырманы бөлетін мұғалімдер болып табылады.

3–4 сыныптарда оқушылардың өз жолдастары арысында белгілі орын алуға қажеттілігі өседі, қызығушылықтары артады, осы кезде оқушылардың ұжымының құрылуы басталады.

Дамыған ұжым өзінен-өзі дүниеге келмейді. Оның қалыптасуы, дамуы кіші мектептік шақта басталады, ал түп тамыры одан да гөрі ертерек неғұрлым сәбилік шақта болады. оқушылар ұжымын дамыту дәрежесі оқушылардың өзара қарым-қатынастарының дамыту деңгейлерімен және сипатымен анықталады. Оқушылардың қарым-қатынасының өріс алған жүйесін құрудың негізі-танымдық іс-әрекетін мақсатты бағытта ұйымдастыру болып табылады.

Оқушылар ұжымының тәрбиелеу мүмкіндіктері мыналармен байланысты:

- оқушылар әрекетінің мазмұнымен;
- бұл ұжым қаншалықты таным іс-әрекетінің субъектісі ретінде болатындығымен;
- танымдық іс-әрекет процесінде ұйымдастырылатын барлық қарым-қатынастардың жүйесімен айқындалады.

Барлық ұжым мүшелеріне әрбір оқушы үшін орнықты жағдай туғызатын қамқорлық қарым-қатынас ұйымдастыру аса маңызды іс.

Оқушыларды ұжымдық оқу-танымдық іс-әрекеттерде ұйымдастыру – ол аса маңызды мақсаттардың бірі. Мұны жүзеге асыру оқушыларды қарым-қатынастыққа, еркіндікке, шығармашылыққа, жинақылыққа, танымдық-шығармашылық деңгейін көтеруге, қабілеттерін дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, толыққанды ұжымның құрылуына үйретеді, бейімдейді. Осының барлығының негізінде әрбір оқушының мініз-құлқы өзгеріп, ерік-жігер мен ақыл-ой қабілетінің даму дәрежесі жоғарлап, шығармашылығы артып, қабілеті көтеріледі. Ұжымдық оқу-танымдық іс-әрекеттер балаларды ізденімпаздыққа, саналы түрде мақсат қоюына, өздерінің іс-әрекеттерін бағыттап отыруға тәрбиелейді.

Ж. Қоянбаевтың еңбегінде: «Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер – танымдық белсенділікпен тығыз байланыста болады. Танымдық белсенділік деп мотивациялық – тұлғалық, мазмұндық-амалдық, жігерлік бөліктерінен тұратын тұлғаның интегралдық құрылымын, сипаттамасын айтамыз», – деген [4]. Осы үш бөлік диалектикалық тұрғыда бір-бірімен өте тығыз байланыста болады. Танымдық белсенділіктің негізгі бөлігін мынадай белгілі шарттар мен көрсеткіштердің жиыны арқылы көрсетуге болады.

Сонымен танымдық белсенділік балаға бірден-бір әсер ететін түрткі, яғни баланың ұжымда жұмыс істей алуына өзіндік үлесі зор.

Ұжымдық таным теориясының психологиялық негізінде жеке адамның жан-жақтылығы, қызығушылығы, қарым-қатынас деңгейі, ес, сөйлеу, ұйымдастырушылық қабілеті, өз ойын еркін жеткізе алуы, жігерлігі, белсенділігі, іс-әрекеті, сондай-ақ психикалық процестеріне, таным процестеріне ерекше көңіл бөлініп қарастырылды. Оқушылар ұжымы – мектептің ұйымдасқан бір формасы. Әрбір оқушы осы ұжымның мүшесі, сондықтанда кіші мектеп оқушысына ұжымдық іс-әрекеттің мақсатын таңдауға нақтылы қатысып, оны өмірде іске асырып, көпшіліктің пікіріне ұйымдастырып оқыту қажет.

Адамдар топтасуының ұйымдасқан түрі – ұжым. Психологияда ұжым дегеніміз – топтың ең жоғары деңгейде ұйымдасқан түрі, мұнда топ ішіндегі қарым-қатынас жалпы мақсатты іс-әрекеттер арқылы жүзеге асып отырады. Ұжымдық қарым-қатынас жасаудың негізгі объектісі-адамдардың ұйымшылдығы мен бірлігі, топтағы психологиялық ахуал, әрбір ұжым мүшесінің көңіл-күйі, сергектігі т.б.

Таным теориясы (гносология) – айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатынасын, қоғамдық тәжірибе негізінде жүзеге асатын таным үрдісінің заңдылықтарын, оның негізгі түрлерін, әдістерін, жорамалдар мен теориялар құру және дамытудың жолдарын зерттейтін психология ғылымының саласы.

Оқушылардың ұжымдық таным қызметін іске асыру үшін, оған оқушының оқуға деген қабілетін білген жөн. Ж. Аймауытов: «Қабілет – баланың бір нәрсеге

деген құштарлығы арқылы ашылады. Қабілетсіз бала жоқ. Қабілеттілік нышан арқылы білінеді», – деген [7].

Баланы ұжымда сыныпта оқытудың ерекшеліктері:

- тұрақты оқушылар тобы;
- әр оқушының оқуын қадағалап бақылау, оған көмек көрсету;
- сабақтың мазмұнын сыныпта қабылдау.

Міне, осы ерекшеліктер оқушының ұжымда білім алып, таным қызметінің дамуына мүмкіндік береді.

Ұжымдарды ұйымдастыруда мына мәселелерді басшылыққа алған жөн:

– әрбір пән бойынша бөлек топтар құрылатындығы, бір пәннің шеңберінде топтық – құрамы жеке оқушылардың ілгері басуын ескере отырып анықталуының қажеттігі;

– ана тілі, қазақ тілі пәндері бойынша ұғымдар оқушылардың білімдерінің және дағдыларының деңгейіне қарай құрылғаны орынды;

– оқу ұғымдарын жинақтауда оқушылардың өзара қарым-қатынастары да ескерілуі тиіс.

Әр түрлі құрама ұжымдарда жұмыс істеу тиімділігін ғалымдар зерделеп, 5 оқушыдан құралған ұжым тиімді болатындығы жөнінде тұжырым жасады. Өйткені 3 оқушының талқылау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті пікірлері мен ұсыныстары жеткіліксіз, 4 және 6 адамнан құралған адамдарда жіктілеу пайда болады, ал 7 адамнан құралған топта әрбір оқушының өз пікірін айтуына, өз ұсыныстарын және көзқарастарын жеткізуіне мүмкіндік болмайды.

Ұжыммен орындалатын жұмысты ұйымдастыру үшін топтарды орналастыру да маңызды мәселелердің бірі.

*Ұжымға педагогикалық жетекшілік орыны ерекше.* Оқушыны ұжымдық қатынас процесіне енгізу қиын әрі күрделі шаруа.

Ең алдымен баланың жекелей мәнді екенін ескеру керек. Оқушыларды – болашақ ұжым мүшелерін бір-бірінен денсаулықтарына, сыртқы көріністеріне, мінез бітістеріне, қатысу деңгейіне, біліміне, біліктілігіне т.б. қасиеттеріне қарап ажыратамыз. Сондықтан, олар ұжымдық қатынас жүйесіне әртүрлі болып енеді, жас жағынан әртүрлі реакциялар туындатады, кейде ұжымға кері әсерін тигізуі де мүмкін.

Ұжымдық қатынас жүйесіндегі тұлғаның жеке әлеуметтік тәжірибесінде маңызды келеді. Ол арқылы оқушының сана-сезім ерекшеліктері, құнды бағдарлау жүйесі, жүріс-тұрысы белгіленеді. Ал бұлар осы ұжымның дәстүр-тәртіптеріне, құндылықтарына сай келуі не сай келмеуі де мүмкін. Оқушы тәжірибесі басқадай болған жағдайда тәжірибе ауқымы мен сапасына сәйкес өз құрдастарымен қарым-қатынас қиындыққа соқтырады.

Әрбір адам аз немесе көп күш жұмсау арқылы ұжымдағы өз орнын табуға талпынады. Бірақ кейбір объективті немесе субъективті себептердің әсерінен тұлғаның барлығы бірдей табысқа қол жеткізе бермейді. Табиғи мүмкіндіктері бойынша жеке адам ұжымдағы кейбір құндылықтардың өзіне сәйкес келмеуінен өз жасқаншақтығын жеңе алмай, табыстарға қолын жеткізе бермейді. Әсіресе, ұжымның, достарының өзіне деген қатынасын бағалай алмайтын, өзін-өзі тануы мен бағалауы сияқты қасиеттері толық дамымаған кіші мектеп оқушыларына мұның қиын соғуы мүмкін.

Бұл педагогикалық жағдайдың объективті себептері бар: іс-әрекеттердің бірсарындылығы, ұжым мүшелері арасындағы оқушының атқаратын рөлінің тарлығы, ұжым мүшелері арасындағы қатынастың ұйымдастыру формаларының біртараптылығы мен мазмұнының жұтаңдығы, бірін-бірі қабылдау мәдениетінің кемшілігі, жолдасының ескеруге тұрарлық бағалы да қызықты қасиеттерін елей алмауы және т.б.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде тұлға мен ұжым арасындағы қатынас дамуының кең тараған үш түрі анықталған:

- 1) Тұлға ұжымға бағынады;
- 2) Тұлға мен ұжым бір-бірімен үйлесімді қатынаста болады.
- 3) Тұлға ұжымды өзіне бағындырады.

Бірінші түрі бойынша тұлға ұжым талаптарына өз еркімен бағынады, ал кейде ұжымға сырттай бағынып, әрі қарай өзінің жекелігін және тәуелсіздігін сақтауы мүмкін. Егер тұлға ұжымға кіргісі келсе, онда ұжымның құндылықтарын, нормаларын және дәстүрлерін қабылдайды.

Екінші түрі бойынша жағдай әртүрлі жолмен дамуы мүмкін:

1) Тұлға өз тәуелсіздігін барынша сақтап ұжым талаптарына сырттай бағынады;

2) Тұлғаның кейбір өзіндік іс-қимылы ұжым талаптарына сай келмейді. Мектеп ұжымдарында көп кездесетін мотив немесе себеп-салдарынан тұлға кейбір қиын іс-қимылдарға бой ұрады. Мұндай жағдайда оқушы ұжым нормалары мен құндылықтарын сырттай қабылдайды, талқылау кезінде ұжымның одан күтетінін айтады, әртүрлі жағдайларды ұжымдағы қалыптасқан қасиеттерді ұстанады, бірақ мектеп ұжымнан тыс жерде бұрынғы қалыптасқан тәжірибесі бойынша өзін басқадай ұстайды, өзгеше ойлайды, басқаша бағалайды. Бұл жағдай кейде уақытша болса, кейде тұрақты болып отырады. Соңғысы тұлғаның бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі ұжым тарапынан қолдау көрмей, өз ұжымның тәжірибесімен ұштаспайтын жайларда жиі кездеседі.

Адам танымы бақылаудан, нақты аңғарудан заңды теория жүзінде ашуға, ал сонан кейін ол заңды, теорияны, практикада қолдануға қарай жүріп отырады. Та-

ным заттардың адаммен практикалық байланысының мәні мен қасиеттерін ғана көрсетіп қоймай, заттардың өзара объективтік байланыстарын және заңдылықтарын қоса анықтайды .

*Тұлға мен ұжым арасындағы қатынастың қазіргі мектепке сай типі – бұл бірлікті өмір сүру талпынысы. Тұлға мен ұжым ұдайы қарым-қатынаста болуы тиіс.*

*Үшінші модельде тұлға ұжымды бағындырады, бірақ бұл сирек кездесетін құбылыс. Нағыз лидер еңбектері, іс-әрекеттері ескерілуімен, бұл модельде тиісті бағасын алады. Жарқын тұлға, оның өзіндік жеке тәжірибесі ұжым мүшелеріне тартымды болуы міндетті.*

Психологтар мен педагогтар жекелік қасиеттердің жасырын түрде дамитын мектеп ұжымы мүшелерінің арасында кең тараған бағыт-бағдарын бөліп қарастырады. Берілген жұмыстарды, әсіресе жауапты тапсырмаларды бар ынтасымен орындайтын оқушылар аз емес. Баршаның көзіне түсу, басқаның үстінен өз билігін жүргізу – олардың талпынысына күш-қуат береді. Олар ұжымның қиын жағдайына қайғырмайды, жұмысына көп мән бермейді, басты мақсаты – өз беделін ғана таныту.

Ұжым үнемі өзгеріп отырады, себебі оны құрайтын адамдар ауысады. Бірақ ұжымның даму процесі кездейсоқ емес, оған педагогтар жетекшілік етеді. Ұжымға жетекшілік етудің нәтижелігі, оның даму заңдылығын қандай мөлшерде зерттегеніне, тәрбие жағдайының қаншалықты дұрыс анықталанына, педагогтың әсер ету тәсілдеріне байланысты.

Мұндай әсердің маңызды шарты – үздіксіз болып келетін, ұжымға әсер ететін тәрбиелік шаралардың бір жүйеге бірігуі. Ал мұндай иньеграцияға келесі жолдар арқылы қол жеткізуге болады.

- 1) Ұжымға болар педагогикалық әсерлерді бірлікті (комплекті) пайдалану;
- 2) Күнделікті өмірде ұжым мүшелерінің бір-біріне үнемі және жан-жақты көмегі;
- 3) Ұжым өміріне және оның жеке мүшелеріне жағымды әсер ететін жағдайлар тудыру;
- 4) Оқушылардың өзін-өзі басқаруы ісін кеңейту;
- 5) Ұжыммен жұмыс істейтін барлық ұйымдардың талпыныстарын біріктіру.

Мектеп ұжымын басқарудың педагогикалық тәжірибесінде келесі маңызды ережелерді сақтау керек:

1. Педагогикалық жетекшілікті оқушының өз қызығушылығына, ынтасына, тәуелсіздігіне орайластыру, дербес қарапайым талпынысымен саналы байланыстыру;

2. Ұжым – динамикалық жүйе болғандықтан, ол үнемі өзгеріп, дамып отырады және кемелденеді. Сол үшін педагогикалық жетекшілер қарым-қатынас және әсер ету жобаларын жиі өзгертіп отыруы міндет.

3. Сынып жетекшісі ұжым тәрбиесінде мұғалімдер тобына, сынып ұйымына сүйеніп, отбасыларымен үнемі байланыста бола отырып, жоғары жетістіктерді көздеуі لازم.

4. Жүйесіз – тәрбиенің сапасы болмайды;

5. Жетекшіліктің жақсы көрсеткіші – сынып өміріндегі маңызды мәселелерге ортақ ұжымдық пікірдің болуы;

6. Ұжым мүшелерінің өз міндеттерін орындауын дұрыс қадағалау негізінде тәрбиені дамыту;

7. Тәрбиені ұйымдағы қарым-қатынас құрылымының көп деңгейлігін ескере жүргізу:

1) Жекеше қарым-қатынас жасау;

2) Бірлескен іс-әрекет қатынастарын дамыту;

3) Әлеуметтік мәні бар ұжым іс-әрекетіне байланысты қатынас жасау;

8. Ұжым мүшелерінің атқарып жүрген рөлдері мен олардың шын мәніндегі мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану;

9. Ұжымдағы қатынастың өтіп жатқан жағдайына белсене араласу;

10. Уақытша ұжымдар құру, нашар оқушыларды жоғары мүмкіндіктерге жеткізе алатын ұжымға ауыстыру;

11. Ұжымдағы оқушыларды жаңаша қатынасқа кірістіретін ұжымдық іс-әрекет түрлерімен олардың қалпын өзгертуді әр кез естен шығармау. Оқу үрдісінде іске асырып, көпшіліктің пікіріне ұйымдастырып оқыту қажет.

Қ. Бержановтың пікірінше: «Белсенділік – адамның өз бетінше әрекет етуге дайын болуға ұмтылысынан, алға қойған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады».

Белсенділік – танымдық іс-әрекеттің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды [16].

Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыруды оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажет. Мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесіне педагогтар, психологтар, әдіскерлер ерекше көңіл бөледі. Зерттеулерде танымдық белсенділік туралы әр түрлі пікірлер айтылған. Біреулері танымдық белсенділікті іс-әрекет ретінде қарастырса, екіншілері жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде түсіндіреді.

Адам белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

*Әдебиеттер*

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 / Н.Ә. Назарбаев. – Алматы: Білім, 2007. – 256 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім берудің дамытудың 2005–2010 жылға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.
3. Әбиев Ж. Педагогика / Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова. – Алматы, 2008.
4. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаяев. – Алматы, 2000.
5. Махмудов М. Мектепке проблемалы оқытуды ұйымдастыру / М. Махмудов. – Алматы, 2001.
6. Өнербеков Б. Алтын санды / Б. Өнербеков. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 253 б.
7. Аймауытов Ж. Психология жан жүйесі өнер таңдау / Ж. Аймауытов. – Алматы: Ататек, 2005. – 210 б.

*Педагогические возможности организации коллективной формы обучения учащихся младшего школьного возраста*

М. Хабеv  
учитель начальных классов, Уштерекская СОШ,  
г. Аксу, Павлодарская область, Казахстан

*Аннотация*

В статье рассматриваются методы и приемы организации коллективной формы обучения детей младшего школьного возраста.

Ключевые слова: коллективный, деятельность, умения и навыки, организация.

*Pedagogical opportunities of the organization of collective form of education of younger school age students*

M. Khabev  
Primary school teacher Ushtereksk Secondary school,  
Aksu, Pavlodar region, Kazakhstan

*Summary*

In the article, the methods and techniques of the organization of collective form of education of younger school age children are considered.

Keywords: collective, activities, skills, organization.

1. Жұрналға педагогика ғылымдарының барлық салалары бойынша 2 данамен компьютерде терілген, бір жарым жоғарылық жиілікпен беттің бір жағына барлық шетінен 3 см орын қалдырып басылған мақалалардың қолжазбалары және «OpenOffice.org 3.0 Writer үшін» мәтін редакторындағы толық материалдарының дискеті қабылданады (кегль –12 пункт, гарнитура – Times New Roman/KZ Times New Roman).

2. Мақалаға барлық авторлардың қолы қойылады. Аңдатпаны, әдебиеттерді, кестелер мен суреттерді қоса есептегенде қолжазбаның жалпы көлемі 8–10 беттен аспауы керек.

3. Ғылыми дәрежелері жоқ авторлардың мақалалары ғылым докторының не ғылым кандидатының пікірімен бірге берілуі керек.

4. Мақалалар төмендегі ерекше талаптарды қатаң сақтауды қажет етеді:

– ОӘК – ондық әмбебап кестесі бойынша;

– мақаланың аты: кегль – 14, гарнитура Times New Roman (орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтін үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін тақырыптың аты ерекше жазу арқылы, тақырып аты ортасында болуы керек;

– мақаланың атауы, автордың ата тегі, авторлар туралы мәлімет, мақаланың аңдатпасы және кілтті сөздер қазақ, орыс және ағылшын тілдерде беріледі;

– автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, мекеменің толық аты: кегль – 12, гарнитура Arial (орыс ағылшын және неміс тілінде), KZ Arial (қазақша мәтіндерге), азат жол ортасында болуы керек;

– Аңдатпа: кегль – 12 пункт, гарнитура Times New Roman / KZ Times New Roman қазақ және ағылшын тілдерінде (ағылшынша және немісше мәтіндер үшін), орыс және ағылшын тілдерінде (қазақша мәтіндер үшін), қазақ және орыс тілдерінде (ағылшынша мәтіндер үшін);

– мақала мәтіні: кегль – 12 пункті, гарнитура Times New Roman (орысша, ағылшынша және немісше мәтіндер үшін), KZ Times New Roman (қазақша мәтіндер үшін), бір жарым жоғарылық интервал;

– қолданылған әдебиеттер тізімі (сілтеме мен ескертулер қолжазбадағы нөмірлерімен және квадрат жақшада беріледі) әдебиеттер тізімі МемСТ 7.1–84 талаптарына сәйкес жасалуы керек.

Мысалы:

Әдебиеттер:

1. Автор. Мақаланың аты. // Жұрнал аты. Басылған жылы. Том (мысалы, 26–том) – нөмірі (мысалы, №3) – беттері (мысалы, 34–бет немесе 15–24 беттер).

2. Андреева С.А. Кітаптың аты. Басылған жылы (Мысалы, – М:) Баспа (мысалы, Ғылым) басылған жылы. Кітаптың жалпы бет саны (мысалы, 239 б.) немесе нақты беті (мысалы, 67-б.)

3. Петров И.И. Диссертация аты: пед. ғыл-ның канд. дисс. – М: Институттың аты, жылы. Бет саны.

4. С. Christopoulos, The transmission – Line Modelling (ТМЬ) Method, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

Бөлек бетте автор жөнінде (қағазға басылған және электронды түрде) мәліметтер беріледі:

– аты-жөні толығымен, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы, жұмыс орны, («Біздің авторларымыз» бөлімінде жариялау үшін) мақала тілінде терілуі керек;

– толық пошталық мекенжайлары, қызмет және үй телефондары, E-mail (редакцияның авторлармен байланыс жасауы үшін, жарияланбайды);

4. Иллюстрациялар. Суреттер мен сурет жазбалары бөлек беріледі және мақала мәтініне енгізілмейді. Әр суреттің артында оның нөмірі, аты, автордың тегі, мақаланың аты болуы керек.



Дискетте суреттер мен иллюстрациялардың TIF немесе JPG (жерек форматында кемінде файл 600 dpi рұқсатымен беріледі (файлдар атаулары «1-сурет», «2-сурет», «3-сурет» және т.б.).

5. Математикалық формулалар Microsoft Word Equation 3 немесе MathType формуласы сияқты (әр формула – бір объект) тіркелуі керек. Сілтемелері бар формулалар ғана нөмірленеді.

6. Автор мақалаға қатысты шектеулерді ескереді, сондай-ақ мақала мазмұны үшін жауап береді.

7. Редакция әдеби стильдік өңдеумен айналыспайды. Қолжазба мен дискеттер қайтарылмайды. Талапқа сай келмейтін мақалалар басуға жіберілмейді және авторға қайтарылады.

8. Материалдар, қолжазба және диск мына мекенжайға жіберілуі керек:

140002, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Мир көшесі, 60 үй.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

Ғылыми-баспа орталығы

Тел. (7182) 32-48-04

факс: (7182) 34-42-22

e-mail [gio@ppkkz](mailto:gio@ppkkz).

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ109260501163654000

АО «Казкоммерцбанк»

БИК KZKOKZKX

ОКПО 40200973

КБЕ 16

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК

БИН 040340005741

РНН 451500220232

ИИК KZ609650000061536309

АО «Альянсбанк»

БИК IRTYKZKA

ОКПО 40200973

КБЕ 16

1. В журнал принимаются рукописи статей по всем направлениям педагогических наук в двух экземплярах, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа, и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе «OpenOffice.org 3.0 Writer» (кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman / KZ Times New Roman).

2. Статья подписывается всеми авторами. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 8–10 страниц. Минимальный объем рукописи должен составлять 5–6 стр.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

– УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

– название статьи: кегель – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman Cyr (для русских, английских и немецких текстов), KZ Times New Roman (для казахских текстов), абзац центрованный;

– в сведениях об авторах следует указывать фамилию, имя, отчество полностью, полное название учреждения, кафедры, звание, должность: кегель – 12 пунктов, гарнитура – Arial (для русских, английских и немецких текстов), KZ Arial (для казахских текстов), абзац центрованный;

– аннотация статьи и ключевые слова: кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman /KZ Times New Roman;

– название статьи, фамилия автора, сведения о нем, аннотация статьи и ключевые слова предоставляются на казахском, русском и английском языках;

– текст статьи; кегель – 12 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русских, английских и немецких текстов), KZ Times New Roman (для казахских текстов), полуторный межстрочный интервал;

– таблицы и схемы должны сопровождаться названиями и нумерацией;

– литература в литературных источниках печатается по мере употребления в рукописи;

– изречения авторов должны сопровождаться сносками [1, 38], где 38 – страница, источник 1; количество сносок должно соответствовать количеству литературных источников;

– список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1–84. Например:

#### Список литературы

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т. 26). – номер (например, №3). – страница (например, С. 34 или С. 15–24).

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, – М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

3. Петров И.И. Название диссертации: дис. канд. пед. наук. М.: Название института, год. Число страниц.

4. С.Christopoulos, The transmission Line Modelling (TML) Metod, Piscataway, NJ: IEEE Press, 1995.

На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

– Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы, набранные на языке статьи;

– полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют отдельно и в общий текст статьи не включают. На обратной стороне каждого рисунка следует указать его номер, название рисунка, фамилию автора, название статьи. На дискете рисунки и иллюстрации в формате TIF или JPG с разрешением не менее 600 dpi (файлы с названием «Рис. 1», «Рис. 2», «Рис. 3» и т.д.).

5. Математические формулы должны быть набраны как MicrosoftWord Equation 3 или MathType (каждая формула – один объект). Нумеровать следует лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и диски не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и диск с материалами следует направлять по адресу:

140002, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Мира, 60  
Павлодарский государственный педагогический институт  
Научно-издательский центр.  
Тел. (7182) 32–48–04  
факс: (7182) 34–42–22  
e-mail [rio@ppkkz](mailto:rio@ppkkz).

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК  
БИН 040340005741  
РНН 451500220232  
ИИК KZ109260501163654000  
АО «Казкоммерцбанк»  
БИК KZKOKZKX  
ОКПО 40200973  
КБЕ 16

РГП на ПХВ «Павлодарский государственный педагогический институт» МОН РК  
БИН 040340005741  
РНН 451500220232  
ИИК KZ609650000061536309  
АО «Альянсбанк»  
БИК IRTYKZKA  
ОКПО 40200973  
КБЕ 16

Компьютерде терген: С. Пилипенко  
Корректорлар: Р. Кайсарина, С. Абдуалиева  
Теруге 25.05.2015 ж. жіберілді. Басуға 15.06.2015 ж, қол қойылды.  
Форматы 70×100 1/16. Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі 10,6 шартты б.т. Таралымы 300 дана.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тапсырыс №0908

Компьютерная верстка: С. Пилипенко  
Корректоры: Р. Кайсарина, С. Абдуалиева  
Сдано в набор 25.05.2015 г. Подписано в печать 15.06.2015 г.  
Формат 70×100 1/16. Бумага книжно-журнальная.  
Объем 10,6 уч.-изд. л. Тираж 300 экз.  
Цена договорная.  
Заказ №0908

Научно-издательский центр  
Павлодарского государственного педагогического института  
140002, г. Павлодар, ул. Мира, 60.  
E-mail: rio@ppi.kz